

Адамға екі нәрсе тірек тегі:

Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.

Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

**«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы**

**Казахский язык и литература
в русской школе**

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
БАСЫЛЫМ**

**2001 жылдың
қаңтар айынан
бастап шығады**

3/2012 НАУРЫЗ

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ**

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

***Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Айша ӘЛІМЖАНОВА, Шәмша
БЕРКІМБАЕВА, Роза БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК,
Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА, Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар
ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия
ОРАЗБАЕВА, Күлнәш САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.***

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Педагог пайымы

Батырбек АЛТЫНБАЙҰЛЫ.	Мемлекеттік тілді дамыту және тіл мәдениеті кәсіби бағдар беру ісінде.....	3
Жамбығұл ТӨКЕНҚЫЗЫ.	Қазақ тілін оқытудың негізгі қасиеттері.....	11

Мерейтой – 75

Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ.	Ігілік пен ізгілік иірімі.....	18
--------------------	--------------------------------	----

Туімді әдіс – баршаға ортақ

Әлмира ШЫРАЙЫНБЕКОВА.	Қазақ тілі сабағында жаңа технологияны қолдана отырып оқушылардың сөйлеу тілін дамыту.....	23
-----------------------	--	----

Мұнаш ӘНУАРБЕКҚЫЗЫ.	Ақпараттық және компьютерлік технология арқылы оқушылардың қабілетін дамыту....	30
---------------------	---	----

Сәуле ЛӘЗЗАТҚЫЗЫ.	Тіл дамыту – сөздік қорды байыту.....	36
-------------------	---------------------------------------	----

В мире педагогики

Сауле БЕГАЛИЕВА, Флора БРУЛЕВА.	Современные подходы к обучению в учебниках нового поколения.....	40
------------------------------------	--	----

Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті

Әлия БЕКЕНҚЫЗЫ.	Зәки Ахметовтың «Абайдың ақындық әлемі» атты еңбегін сабақта пайдалану.....	45
-----------------	---	----

Орал МЫРЗАҒОЖИНА.	Абай Құнанбаев. «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы».....	49
-------------------	--	----

Қарлығаш ТЕҢЕСҚЫЗЫ.	Қазақтың ұлы ғалымы – Шоқан Уәлиханов.....	53
---------------------	--	----

Әдістеме әлемінде: қазақ тілі

Ләззат ҮЛЖЕБАЕВА.	Жаңа технологияны меңгерудегі мұғалімнің кәсіби шеберлігі.....	62
-------------------	--	----

Алмагүл БУЛАТБАЕВА.	Бірыңғай мүшелердің тыныс белгілері.....	70
---------------------	--	----

Лаура ҚАҺАРМАНҚЫЗЫ.	Мақал-мәтелдер.....	77
---------------------	---------------------	----

Мәдина КӘКІМҚЫЗЫ.	Табиғатты қалай қорғаймыз?.....	83
-------------------	---------------------------------	----

Күлзира СЕРІКҚЫЗЫ.	Арал теңізінің мәселелері.....	87
--------------------	--------------------------------	----

Дария САМЕТҚЫЗЫ.	Қазақстанның қорықтары.....	93
------------------	-----------------------------	----

Роза СЕЙІЛХАНҚЫЗЫ.	Домбыра – асыл мұра.....	97
--------------------	--------------------------	----

Ақсұлу БОЛАТҚЫЗЫ.	Отан деген – атамекен, Отан деген – туған жер!.....	100
-------------------	---	-----

Жанна СҮЛЕЙМЕНОВА.	Ежелгі баспана – киіз үй.....	105
--------------------	-------------------------------	-----

Гүлжиян БАЙЗОЛЛАҚЫЗЫ.	Бірлік бар жерде – тірлік бар.....	110
-----------------------	------------------------------------	-----

Гүлнар ТУРАЛИНОВА.	Күн тәртібінде: тіл ұстарту.....	113
--------------------	----------------------------------	-----

Бақыт МҰҚАТАЕВА.	Қаратпа сөз.....	118
------------------	------------------	-----

Гүлназ БОЛАТҚЫЗЫ.	Зат есімді оқыту.....	122
-------------------	-----------------------	-----

Махаббат ТОҚТАРБЕКҚЫЗЫ.	Тірек-сызбалар арқылы оқушының тілін дамытып, сауаттылыққа баулу.....	126
-------------------------	---	-----

Колледж кеңістігінде

Разия БЕКТАС.	Етістіктің шақтарын сөйлеткен – тігіншілер.....	128
---------------	---	-----

Білім негізі – бастауышта

Жанар КЕРЕЙБАЙҚЫЗЫ.	Байланыстыра сөйлеуге жаттықтырған – менің досым.....	133
---------------------	---	-----

Әдеби кеш

Болат МЕКЕМБАЙҰЛЫ.	Бауыржан – ұлы тұлға.....	137
--------------------	---------------------------	-----

Батырбек АЛТЫНБАЙҰЛЫ,
Қызылорда қаласындағы
№11 орта мектептің директоры.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДАМУ ЖӘНЕ ТІЛ МӘДЕНИЕТІ – КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ ІСІНДЕ

Тіл тарихын халықтың тарихынан бөле қарау мүмкін емес. Ата-бабамыздың сара жолы, өсиеті мен өнегесі, шежіресі бүгінгі ұрпаққа ана тіліміз арқылы жетті емес пе? Қазақ тілі – қазақ халқының мемлекеттік тілі. Ал сол мемлекетте тек қана қазақ па тіршілік етіп жатқан? Әрине, қазақ халқы – талай ұлттың баласын бауырына басқан ел. Оны баяндау үшін тарихтың басқа парағын алуға тура келеді. Ол – сара бөлек әңгіме.

Мемлекеттік тіл – өзге ұлт пен ұлысты, қандас бауырларымызды бір шаңырақ астына қалай жұмылдырып келеді? Бұл бағытта мемлекет қаншама игі шараларды жүзеге асырды, нәтижесін сабырлықпен күтті. Жемісін де көріп келеді.

Бүгінде мемлекеттік тіл – көп диаспоралы елдің барлық халқын саяси-мәдени бірлікке ұйымдастырудың басты құралы дәрежесіне ие болған тіл.

Қазіргі таңда мемлекеттік тілді дамытуға байланысты көптеген шаралар жүзеге асырылып, көптеген еңбектер жарық көруде. Барлық аймақтарда қазақ тілін үйрену курстары жұмыс істеуде. Бұл – Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев пен үкіметіміздің мемлекеттік тілді дамытуға қатысты ұстанған саясатының нәтижесі екені анық.

Қазақстанның білім саласындағы стратегиялық саясатын анықтайтын «Қазақстан Республикасының 2005-2010 жылдарда білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы», сондай-ақ «Білім туралы Заң» әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру мәселесін жүзеге асыруды міндеттейді.

Қоғамның саяси-экономикалық даму құрылымына сай бүгінгі таңда білім берудің сан қырлы парадигмалары ұсынылуда. Олардың қатарында ақпараттың технологиялық, экономикалық, әлеуметтік, тұлғалық, кәсіби, бейімді білім берудің кейбір алғы шарттары анықталуда. Кәсіби бағдарлы білім беру – белгілі бір мамандыққа байланысты оқытуды жүзеге асыру. Осы тұрғыдан алғанда, сөйлеу, сөйлесу әрекеттерінің түрлерін сабақтастыра оқытумен қатар іс қағаздарын сауатты жүргізу мәселелеріне айырықша назар аударылып келеді. Бұл дегеніңіз – осы мақсаттағы оқытудың барлығы, сайып келгенде, тіл мәдениеті мен тіл дамыту ісіне барып тоқайласады деген сөз. Осыған орай, сөйлеу әрекетінде жазылымды меңгеруге баса назар аударылады. Бізде қазір осы бағыттағы кей жұмыстардың талап деңгейінде бола бермейтіні де жасырын емес. Оның басты себебі – тіл үйрену курстарында не жазуға, не тек мемлекеттік тілде іс жүргізуге айырықша назар аударылуы, яғни, біржақтылық деп білемін. Сол курстардан өткен кей азаматтардың, оның ішінде қазақтардың да орфоэпиялық нормадан, яки, дұрыс сөйлеу заңдылықтарынан хабарсыздығы еріксіз қынжылтады.

Қазіргі таңда қоғамдағы сан алуан ақпарат алмасу, халықаралық қарым-қатынастардағы коммуникативтік қатынастардың барлығы дерлік ресми стильдік тұрғыдан кәсіби терминологияны қолдану тарапынан аса сауаттылықты қажет етеді. Оқыту тәжірибелері байқатып отырғандай, мемлекеттік қызметкерлерге іс қағаздарын рәсімдеуді барлық талаптарға сай жүргізу мәселелері көзделіп отыр.

Іс қағаздары – басқару қызметіндегі негізгі саланың бірі болатындықтан, оны меңгерту барысында тіл үйренушінің тілдік білім деңгейі ескеріледі. Бұл тұста да кейде тіл үйренушінің тек қазақша түсініп, жаза алатындығы не тілді білмейтіндігі есепке алынады да, тіл үйренудегі деңгейлеп оқыту ісі назардан тыс қалады. Тіл үйрету ісі тілдік тұлғаны қалыптастыратын болғандықтан, ең алдымен, қазақ тіліндегі сөздердің, сөз тіркестерінің жазылуы мен айтылуын, емле ережелерінің дұрыс меңгерілуін, сөздердің ұлттық тіл нормаларына сай айтылуын, сөз тіркестерінің мәні мен мағыналық реңктерін айқын ажырата алатындай мүмкіндік болуы қажет.

Бүгінгі таңдағы алдыңғы қатарлы, озық дидактикалық ұсынымдар негізінде іс қағаздарын оқыту бағыттары деңгейлік әдістермен ұштастырылады. Мұнда топтың тілді меңгеру деңгейі анықталғаннан кейін бөлінген сағат көлеміне байланысты ауқымды тақырыптар жүйесі іріктелініп алынады. Ресми қарым-қатынаста қарқынды жиілікпен игерілетін қазақ әдеби тілінің лексикалық-грамматикалық тапсырмалары ресми үлгіде құрылған «Қазақстан – әлемдік қауымдастығы» атты ауқымды тақырыптар төңірегіндегі «Қазақстан – Ресей», «Қазақстан – ТМД мемлекеттері», «Қазақстан – өркениеттер тоғысында», «Қазақ тілі – мәдениеттер диалогында», т.б. мәтіндерді қамтып, сатылай байланыстағы кешенді жұмыс түрлері жүргізіледі.

Іс қағаздарына байланысты жүргізілетін шаралардың барлығында дерлік мемлекеттік тілдің рөлі мен атқаратын қызметінің ерекшелігіне байланысты ресми стильдің қызметі айырықша болып келеді. Ресми стиль кітабы стиль шеңберінде өзінің нақтылығымен, арнайы лексикалық қорымен, сондай-ақ тұрақты сөз тіркестерімен және фразеологиялық орамдар қатарымен сипатталады. Сондай-ақ, осы тұста әр мекемедегі анықтама, мәлімдеме және т.с.с.

құжаттар толтырылуында бірізділік жоқ екенін, яғни, әркім өзінше жазуда екенін де айта өткен жөн.

Жалпы, тіл үйрету курстарында ресми стиль мен іс қағаздар стилінің өзіндік ерекшеліктері бар екеніне де назар аударылғаны жөн деп есептейміз. Өйткені ресми стильдің негізгі қызметі – ішкі және саяси бағыттардағы қарым-қатынастарда, дипломатиялық байланыстар және келісімшарт жасау, құқықтық қатынастар саласында, бұйрық беру, өтініш жазу, заң, қаулы, қарар, жарлық қабылдау, жолдау жариялау, түрлі ресми құжаттарды қабылдаулар мен әкімшілік басқару ұйымдарында жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, іс қағаздар стилі белгілі бір стандартқа сәйкес тұрақтылық белгісімен ерекшеленіп, қандай құжатта болмасын тілі жағынан ресмилік мазмұнымен сипатталады. Осыған орай, ғылыми-зерттеу еңбектерде ресми стильді бірнеше жүйеленген төмендегідей белгілері ұсынылған:

- сөйлемнің үшінші жақтан айтылуы;
- айтылатын ойдағы нақтылық;
- сөйлемдердің стандартқа сай құрылуы;
- сөйлемнің жинақтылығы мен ықшамдылығы.

Жоғарыда айтылған ресми қатынасқа тән белгілер біздің оқыту тәжірибемізде ресми грамматикалық тұлғаларды оқытуда кәсіби бағыт негізінде алынып, нақты тапсырмалар орындатумен сабақтастырылады. Мысалы: Ф.Оразбаева, Б.Шалабай, С.Қоянбекова авторлық ұжымымен дайындалған «Қазақ тілі» құқық қорғау ұйымдары мен халықаралық қатынастар факультетінің жалғастырушысы деңгейіне арналған оқу құралында I бөлім – «Қазақстанның ішкі саясаты», II бөлім – «Қазақстанның сыртқы саясаты», III бөлім – «Қазақстандағы тіл саясаты», IV бөлім – «Қазақстан және халықаралық ұйымдар» бойынша берілген тақырыптар жүйесіндегі тапсырма, жаттығулар қатары кәсіби бағытқа негізделген. Тапсырмалар қатары:

- Мәтінді оқып, мазмұнын ресми стиль үлгісінде баяндаңыздар;

- Сөздер мен сөз тіркестерінің синонимдерін тауып, ресми қолданыстағы баламасын анықтаңыздар;

- Етіс түрлерін (ортақ, өздік, өзгелік, т.б.) табыңыздар;

- Тұрақты тіркестердің ресми қолданылу үлгісін анықтаңыздар;

- Етістіктің шақ түрлерін анықтаңыздар;

- Етістіктердің ресми стиль түрінде қолданылуының нұсқасын табыңыздар.

Қызметі – айқындау, анықтау, нақтылау.

Қызметке – тағайындау, қою.

Қызметтен – шығару, босату.

Жарлық – шығару, жариялау.

- Мәтіндегі ресми қолданыстағы сөйлемдерді табыңыздар;

- Сөз тіркестерінің тура және ауыспалы мағынасын анықтаңыздар, ресми қолданылу аясын анықтаңыздар;

- Мәтінге қатысты негізгі сөздік түзуде дипломатиялық сөздікпен жұмыс істеуді ұйымдастыру;

- Номенклатуралық атауларды жазуда ілік септігі қандай жағдайда түсіріледі?

- Қазақ тіліне аударыңыздар;

- Ресми іс қағаздары атауларын атаңыздар, т.б. тапсырмалармен ұштастырып, кәсіби терминологияны меңгерту мәселелеріне баса назар аудартылады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, болашақ мемлекеттік қызметкерлерге іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізудің қыр-сырын кәсіби бағытта жетік меңгерту үшін, ең алдымен, қазақ тілінің тілдік жүйесін, лексикалық-грамматикалық, орфографиялық нормаларын жетік меңгертуді қажет етеді. Өйткені жаңа технология жүйесінде болашақ кәсіби мамандардың іс қағаздарын сауатты жүргізуі, мемлекеттік

стандарттарын игеруі кәсіби біліктілік талаптарын қамтиды. Мұнда, негізінен, негізгі ұғымдар, терминдер нақты өз мағынасында қолданылуымен қатар, қазақ тіліндегі емле ережелердің сақталуы қатаң қадағаланып, мазмұнның қысқа, тұжырымды, нақты баяндалуына баса назар аударылуы тиіс. Әсіресе, бас әріппен жазылатын атауларға, алғашқы сөзі бас әріппен жазылатын басқару ұйымдары, ведомстволар, мекемелер, ұйымдар, дүниежүзілік қоғамдық атаулар, әскери, ғылыми атақтар, лауазым атаулары, тырнақшаға алынатын сөздер, күрделі атаулар, қысқарған сөздер, халықаралық стандарт сипатындағы қысқартылған сөздер, қабылданған шартты қысқартуларды жазуда қазақ тілін жетік білумен қатар кәсіби біліктілікке айырықша мән берілуі маңызды.

Қолданыста көбірек ұштастыратын грамматикалық тұлғалардың қатарында *-атын, -етін, -итын, -итін* қосымшасына бітетін есімше тұлғалары жиі кездеседі. Оқыту барысында аталған есімше тұлғаларының септелуімен тәуелденуіне назар аударылуы тиіс.

Кәсіби бағдарлы оқытуда іс қағаздарын жүргізу мәселелерін жүзеге асыруда тіл үйренуінің негізгі мамандығы міндетті түрде ескеріле отырып, тығыз сабақтастықпен жалғастырылуы қажет. Мысалы, іс қағаздарының негізгі түрлерін мақсат-мазмұнына, формасына, т.б. байланысты топтастыра келе, сатылай жіктеуге болады. Бастапқы деңгейде өтініш, баянат, мінездеме, ұсынысхат, сенімхат, қолхат, хабарландыру, хаттама, кепілхат, хат, келісімшарт, т.б. оқылым, жазылым, тыңдалым дағдылары арқылы меңгертуге болады.

Мінездеме қандай құжат? Мінездеме-белгілі бір мекемеде, ұйымда, т.б. жұмыс істейтін адам туралы әкімшілік немесе ұжым тарапынан берілетін ресми құжат. Онда мінездеме

берілетін адамның кәсіби біліктілігі, іскерлігі, т.б. қасиеттері объективті, нақты, дәл, жүйелі сипатталады.

Мінездемеде көрсетілетін негізгі мәліметтер:

- Аты-жөні, туған жылы, күні, айы, туған жері, ұлты, әскери қызметке қатысы, отбасы жағдайы, білімі, лауазымы;
- Қызмет істеген орны, қызмет атқарған жылдары;
- Жеке басының қасиеттері: өз міндетіне, қоғамдық тапсырмаларға қарым-қатынасы;
- Мінездеме қайда берілетіні туралы мәселелер тіл үйренушілерге кәсіби бағдарлы лексиканы меңгеруді қалыптастырады.

Іс қағаздарын кәсіби бағдарлы оқыту мәселесіне орай «Қазақстан Республикасының сот және прокуратура», «Қарулы Күштер», «Кеден қызметі», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес», «Терроризмге қарсы», т.б. тақырыптармен тікелей мамандыққа байланысты үйрету көзделеді. Мұнда кәсіби терминологияны іс қағаздарын жүргізумен тығыз сабақтастықта байланыстырып, өтініш, анықтама, резюме (түйіндеме), хаттама, кепілхат, сенімхат, келісімшарт, шарт, тапсырыс және т.б. сауатты жазу, сауатты толтыру, құжаттауда, сондай-ақ басқару қызметіндегі жарлық, қаулы, ереже, заң және т.б. ресми түрдегі жеке үлгілердің мазмұны мен нысанына құрылымдық жағынан айырықша назар аударту қажеттілігі туындайды.

Мысалы: «Сот және прокуратура» тақырыбына байланысты хаттама жазу, толтыруда тіл үйренушілерге: хаттама – мекеменің, ұйымның отырыстары мен мәжілістерінде қаралып, талқыланған, шешім шығарылып, қорытындыланған жағдайларды тіркейтін өкімшіл ресми құжат;

- белгілі бір фактіні куәландыратын құжат;

- қоғамдық тәртіптің бұзылғаны туралы факт тіркелетін ресми құжат екендігі негізге алынып, құрылымдық жүйесі түсіндіріледі. Сонымен қатар тақырыптық негізгі сөздермен сөз тіркестеріне, төмендегідей тірек сөздерге: хаттама, мәселе, күн тәртібі, жарыссөз, бірлескен, мақұлдау, шешім қабылдау, хаттаманың көшірмесі, қорытындысы, талқылау, қаулы етеді, қол қою, төралқа, қатысқандар, қатыспағандар, тізім, кеңейтілген мәжіліс, дауыс беру сияқты мәселелерге ерекше назар аударылады.

Мұны мектепке байланысты да жүйелеуге болады. Тіпті, мен облыс және қала мектептеріне арнап мемлекеттік тілде іс жүргізу курстарын ұйымдастыру қажет және онда мектеп ерекшелігі, яғни, кәсіби бағыт ерекше назарда болуы керек дер едім. Өйткені, мемлекеттік терминком бекіткенмен, «отбасы» сөзін «жанұя», «медбике» сөзін «мейірбикеш», «аяжан» және т.с.с. деп қолдану азаймай отыр. Біреулер «заседание» сөзін «мәжіліс» деп қолданса, екінші біреулер «отырыс» деп қолдануда. Қалай десек те, бірізділікке көшетін уақыт жетті. Бұл, қорыта айтқанда, тіл мәдениеті үшін ғана күрес емес, мемлекеттік тілді дамыту ісіндегі талап, тіл тазалығы үшін атқарылар іс деп санаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» жолдауы.
2. Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңы, 1997.11.07.
3. Ф.Оразбаева, Б.Шалабай, С.Қоянбекова. Қазақ тілі. А., 2007.
4. Н.Уәлиев. Сөз мәдениеті. А., 1989.
5. «Айқын» газеті. 2010-2011 ж.ж.

Жамбығұл ТӨКЕНҚЫЗЫ,
Төле би атындағы
орта мектептің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.
Жамбыл облысы,
Шу ауданы,
Д.Қонаев ауылы.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Бүгінгі таңда қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқыту педагогика ғылымының бір саласына еніп кеткені белгілі. Дегенмен, бұған дейін оқыту әдістемесі қалыптаспағандықтан, әр жерде әр түрлі қиындықтар туындағаны рас. Сонымен қатар, жоғарыда аталған мәселеге қоса, оқулықтардың, әдістемелік кітапшалардың, тәжірибеден өткен белгілі бір бағдарламалардың болмауы да қолбайлау болып келді. Әдістеме қай кезде де озат, озық тәжірибелермен толығып отырады. Ал, республикада бұл салаға арнап, тіліміз мемлекеттік мәртебе алғанға дейін арнайы мамандар болмағаны белгілі. Сондықтан да бұл салада еңбек ету – көп ізденуді, терең ойлауды, үлкен жауапкершілікті қажет етеді.

XXI ғасырда білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту- алдымыздағы үлкен мақсаттың бірі болып табылады. Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды. Жас ұрпаққа сапалы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы. Оқушыларды қазіргі қоғам үрдісіне сай инновациялық технологиялармен білім беру негізінде меңгерту қажет.

«Мен қазақ тілін білемін, таза сөйлеймін» деген сөз «ол тілді басқа ұлт өкілдеріне үйрете аламын» деген сөз емес. Тілді үйрету- сол тілде сөйлеуді үйрету. Тілді үйретудің алғашқы кезеңі – ең күрделі, ең жауапты кезең. Басқа кезеңдердегі сияқты, алғашқы кезеңде оқушыларға немесе тіл үйренушілерге оқыту бағыты жан-жақты қамтылған және инновациялық кешенді түрде болуы керек.

Мен тіл үйретудің бастапқы кезеңін былай бастағанды жөн көремін. Ең алғашқы сабақта танысқан соң, баяндау әдісімен қазақ халқының тарихы, әдебиеті, мәдениеті және тілдің ерекшелігі, қай топқа жататындығы қысқаша айтып түсіндірілуі тиіс. Бұл қысқаша түсіндірулерді әр сабақ сайын даталы күндерге, жерге, жыл атауларына байланысты өрбітіп отырған дұрыс. Оқытудың алғашқы кезеңінде фонетикалық-интонациялық ерекшелікке баса назар аударылуы керек. Әрбір дыбыстың, әрбір сөздің дұрыс айтылуы, жазылуы келешекте сол тілде дұрыс сөйлеу, түсінісу үшін керек. Сондықтан қолымыздағы алғашқы кезеңдерде басылып шыққан («Қазақ тілін үйренеміз» Н.Оралбаева, Х.Есенов., С.К.Хайруллаев, «40 уроков казахского языка» Х.Қожахметова.) осы басылымдар алғашқы фонетикадан бастағанда үлкен рөл атқарады. Міне, сол оқулықтардың алғашқы беттерінде «сауат ашуға апарар жол» секілді «Қазақ әліпбиі» берілген. Қазақ әліпбиі орыс грамматикасының негізінде жасалғандықтан, қырық екі әріпті түгел өтіп жатпаймыз. Орыс әліпбиінде жоқ 9 ерекше дыбысты (специфические звуки) жеке-жеке өтеміз. Тілімізді үйрету кезінде осы ерекше дыбыстарды айтқызудың мәні зор. Көп жағдайда дыбыстарды дұрыс айтпау, дұрыс жазбау – сөздің мағынасын өзгертеді.

Мысалы: «ұлы» адам сөзін алатын болсақ «ұ» дыбысын «у» етіп айтса, «улы» адам болып сөз мағынасы мүлде өзгеріп кетеді. Өз ана тілінің құрылымында тәрбиеленгендіктен, есейген адамдарға тіліміздегі ерекше дыбыстарды бір-екі қайталап айтқызып, үйрете салу мүмкін емес. Мұғалім оқушыға немесе тіл үйренушіге, ең алдымен, сол әріпті тақтаға баспа түрін, жазба түрін жазып көрсеткен дұрыс. Сонан соң әріптің қалай дыбысталатынын анық әрі түсінікті етіп, магнитофоннан бірнеше рет қайталап тыңдатқызу керек. Сыныптағы әр оқушыға жеке-жеке айтқызып, сөзбен мысал келтіре отырып айтқызу, хормен айтқыздыру әдістерін қолданған жөн. Қазіргі қазақ тілін оқытуға арналған оқулықтардың барлығында дерлік қосымша аудио үнтаспалар бар. Сабақ барысында әріптің сөздегі орнын (сөз басында, сөз ортасында, сөз аяғында немесе алғашқы буында, ортаңғы буында, соңғы буында кездесетін мысалдарды) интерактивті тақтаның көмегімен көрсетіп қою керек.

Дұрыс айтқызудың тағы бір жолы – басқа тілдердегі дыбысталуы ұқсас дыбыстармен, сөздермен салыстыру.

Мысалы **ң** дыбысын француз тіліндегі «бонжур» сөзіндегі дыбысталуы **ң** әрпіне ұқсас **н** әрпімен салыстыруға болады. Осы ерекше дыбыстарды өту кезінде әр сабақта 4-5 минут студенттерге «фонетикалық жаттығулар» ойынын ұйымдастыруға болады. Ол үшін топтағы оқушыларды екі топқа бөлеміз:

- а) ерекше дыбысы бар сөздерді атаңыз;
- ә) ерекше дыбысты адам аттарын;
- б) қала аттарын;
- в) аңдар, құстар;
- г) жеміс-жидектер, гүлдер, т.б.

Мұғалім әр топтың атаған сөздерін есепке алып отырады. Қай топ көп сөз тапса, сол топ «жеңімпаз» атанады. Бұл ойын оқушыларды өте қызықтырады және жалықтырмайды. Оған қоса, дыбысты, сөзді дұрыс айтуға дағдыландырады. Ал, енді сауатты жазуға үйрену үшін өзім қолданып жүрген тағы бір жаттығу үлгісін ұсынайын.

Мұғалім бір сөзді айтады. Оқушының біреуіне сол сөзді тақтаға жаздырады. Қалғандары дәптерлеріне жазады. Тақтадағы жазу оқушылардың көмегімен тексеріледі, қатесі болса түзетіледі. Сонан соң орыс тіліне аударылады. Осылайша әр сабақта бұрын өтілген сөздерді немесе жаңа сөздерді қолданып, сауатты жазуға үйретуге болады. Сонымен қатар, әрбір сабақта өтілген сөздер көмегімен сөз тіркестерін, сөйлем құратып үйрете берген дұрыс.

Кішкентай баланың тілі шыға бастағанда ол сөйлем құрап сөйлей алмайды. Алғашқы «мә», «әпер», «мен жеймін», т.б. сөздерді айта бастайды. Ешбір ата-ана баланың тілі «былдырлай» бастағанда грамматиканы үйретпейді. Сөзді дұрыс айтуды, дұрыс сөйлеуді үйретеді. Бұл жерде «грамматика мүлде керек емес» деген пікір емес. Қазақ тілін үйренетін оқушы да жас бала сияқты. Сондықтан алғашқы сабақтардың өзінде-ақ оқушылар: «Как будет, например: я читаю, я сижу?», т.б. сұрақтардың астына ала бастайды. Сөз тіркесін жасауға, сөйлем құрауға, сөйлеуге тырысады. Көптеген сөздердің аудармасын сұрай бастайды. Сол үшін алғашқы сабақтарда-ақ есімдіктерді, кейбір етістіктерді және сөздердің орын тәртібін, әсіресе, баяндауыш сөйлемнің соңында тұратындығын айтып кеткеніміз дұрыс. Өйткені оларға тірек сөздер беріп, сөйлем құра дейтін болсаңыз, немесе «Я сижу в школе» деген сөйлемді аудартып көрсеңіз; «Мен отырым мектепте» деп аударып береді. Осындай

кателік әр сабақта қайталанбас үшін 3-4 сабақтың өзінде-ақ осыларды айтып кеткен жөн.

Күнделікті сабақта оқушыларға жаңа сөздер беріледі. Осы жаңа сөздерді өтуде, ең алдымен, оларға күнделікті ауызекі тілде, үйде жиі қолданылатын сөздер берілуі керек. Мысалы: ерекше дыбыстарды өткен кезде «Ә» дыбысына байланысты әріп, әйел, әдемі, дәрі, дәріхана, әкет, әкел, дәптер, әке-шеше, жәрдемдес, дәрісхана, әңгіме, т.б. «Ө» дыбысына қатысты қазақ тіліндегі барынша көп сөздерді атап, аудармасын қолма-қол жасау керек. Осы әріпке байланысты сөз тіркестерін, жеңіл сөйлемдер құрастыруға болады.

«Қ» дыбысына байланысты: қала, қалай? қанша, қарыз, қаржы, оқулық, тақта, қоғам, қымбат, ақ, қате, қатты, т.б.

«Ғ» дыбысына байланысты: аға, баға, тығыз, ғылым, ғалым, тоғыз, маған, саған, шағын, тағам, т.б.

«Ұ» дыбысына байланысты ұл, ұн, тұз, ұста, ұялу, ұғыну, ұғымды, ұмыту, ұя, тұр, ұлт, дұрыс, бұрын, ұшу, т.б.

«Ү» дыбысына қатысты: бүгін, гүл, күн, үй, үш, үндеме, үндемеу, үнем, жүр, түн, сүйеді, күз, дүкен, т.б.

«І» дыбысына байланысты: тіл, бір, екі, ілгіш, кір, кіріс, кітап, сіз, біз, іні, іс, іскер істеу, кісі, түсі, тегіс, көрінді, т.б.

«Ң» дыбысына байланысты: таңертең, таң, шаң, шаңғы, кең, оң, соңғы, ертең, мың, маңызды, жаңа, соңғы, т.б.

«Һ» дыбысына қатысты: жиһаз, айдаһар, қаһарман, шаһар, гауһар, т.б.

«Ө» дыбысына байланысты: өнер, өмір, өлке, сөз, сөздік, өндіріс, өндіру, төрт, көктем, көмір, өсім, көру, көше, сөйлесу, төр, сөре, төре, төбе, көтер, көңіл, т.б.

Әрине, бұл қатарды басқа сөздермен толықтыруға, сыныптың ыңғайына қарай беруге болады. Ерекше

дыбыстарды өткенде «ү-ү» дыбыстарын «у» етіп, «Ө» дыбысын «О» етіп, «Қ» дыбысын «К» етіп, «Ң» дыбысын «Н» етіп жазуға және дыбыстауға болмайтындығын, одан сөз мағынасының өзгеретіндігін айтуымыз керек.

Әр мұғалім қазіргі инновациялық технологияларды пайдалана отырып, мектепте қазақ тілін орыс сыныптарында оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерімен өз тәжірибелерін толықтыра түсуі керек.

Бүгінгі күні білім беру мекемелерінде теориялық және практикалық жұмыстардың әр түрлі педагогикалық-инновациялық технологияларының нұсқалары қолданылуда. Ауқымды инновациялық технология нақтылы жүйемен жіктеуді керек етеді. Осы мәселемен А.Я.Савельев, В.А.Максимов, Г.К.Селенко және т.б. ғалымдар айналысты.

В.М.Максимов өзінің зерттеулері бойынша келесі жіктеулерді ұсынады: құрылымдық логикалық технология (қазақ тілі сабағында логикалық тапсырма беру арқылы), интеграциялық технология (әр түрлі пәндік білімдердің бір-бірімен байланысы – қазақ тілі мен басқа пәнді), ойындар технологиясы (сабақта ойын ойнату арқылы), тренингтік технология (психологиялық тренингтер), ақпараттық технология (оқушыларға қазақ тілінде жаңалықтар дайындату немесе сабақ үстінде топпен жұмыс жасату), диалогтық технология.

Осы жіктеулерді қазақ тілі сабағында кең қолдану керек. Себебі, қазақ тілінде білім берудің негізгі жолы – оқыту. Әрбір педагогикалық технологияны қазақ тілінде қолдану жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік шығармашылық қабілеттерін арттыруға қолайлы жағдай жасауға қажетті объективті әдістемелік мүмкіндіктерді қамтиды.

XVIII ғасырдың аяғында өмір сүрген шведтік педагог

Йоганн Генрих Песталоцци «оқыту кезінде бас, жүрек, қол бірге қарастырылуы керек» деп айтып кеткен. Сол үшін білімгерлер баспен ойлап, жүрекпен түсініп, қолдарымен істеуі керек. Бұл үшін әр ұстаз төмендегі қағидаларды ескеруі қажет:

- Баланың қазақ тіліне деген бойындағы құмарлығын, қызығушылығын жойып алмай, оны үнемі алға жылжытуға деген табиғи талап-тілектерін, сұраныс пен мұқтаждықтарын ескеру, шығармашылықпен жетілдіру;

- Білімді өз бетінше іздену арқылы алуға жағдай жасау;

- Өз-өзін дамытатын тұлға қалыптастыру.

Қазақ тілін дамыта оқыту әдістемесін тақырыпты меңгеруде оқушының сабақпен жан-жақты танысу деңгейі, зейін тұрақтылығы, есте сақтау деңгейі, ұғыну деңгейі, репродуктивті, алған білімін пайдалана білу деңгейіне маңызды көңіл бөлінеді.

Қорыта келгенде, әлемнің білім беру бағытынан орнын алу үшін, біріншіден, білім беру, оқыту, тәрбиелеу бағыттарын инновациялық технологиямен жетілдіру; екіншіден, қазақ тілі пәнінің материалдық базасының байлығы мен үйлесімділігі; үшіншіден, оқушылардың өзіндік жұмыстарының орындалу барысын қадағалау және бағалау, төртіншіден, білікті, білімді, тәжірибелі мамандардың шеберлігіне үлкен көңіл бөліп және басқа білім беру мекемелерімен тәжірибе алмасу қажет; бесіншіден, ақпараттық технология бойынша теледидар бағдарламаларын арнайы жүргізу; алтыншыдан, жастардың тілге деген жауапкершілігі мен сүйіспеншілігін қалыптастыру жолдарын нақтылау; жетіншіден, елімізге болашаққа құлаш сермейтін білім берудің жаңа мемлекеттік бағдарламасын баланың жас ерекшеліктерін және қызығушылықтары мен талғамдарын ескере отырып жасау.

Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ,
Әл Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің доценті.

ИГІЛІК ПЕН ІЗГІЛІК ИІРІМІ

Ғылыми мұрасы мен ұстаздық ұлағаты шәкірттеріне өнеге болған, ана тіліміздің өркендеуіне саналы ғұмырын сарп еткен белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Сайрамбаев Талғат Сайрамбайұлы биыл 75 жасқа толушы еді...

1977 жылдың желтоқсан айы. Қазақ университетінің ескі ғимаратындағы шағын бөлме – дайындық бөлімінің деканатында құжаттарымды өткізе алмай қиналып тұрмын. Төр жақтағы үстелде қағазға үніле бірдеңелерді жазып отырған аққұбаша жігіт ағасы назар аударар емес. Оң жақ босағаға орналасқан қабағы қатулы қыз тарих факультетіне тыңдаушылар қабылдамайтынын айтып, менен құтылғанша асық. Бар себебі – коммунист емеспін. Әскерден енді келген екпінім басыла қоймағандықтан болар, құжаттарымды қолыма алып, есіктен шыға бергенім сол еді, - *Қайда барасың, інішегім!* деген дауыстан кілт тоқтап, артыма қарадым. – *Құжатыңды филология факультетіне тапсырсаңшы, алғашында тарих пен филология факультеті бір болған,* - деп сөзін жалғастырды жігіт ағасы. Еш ойланбастан, «бола ма?» деппін. Талғат ағаймен алғаш рет осылай кездесіп едім. Бүкіл өмірімнің қызметтік жолы сол күнгі жаны ізгі жанның бір ауыз жылы сөзінен өзгерген мамандыққа байланысты жылжып келеді. Өмірден көргені мен түйгені ізгілікке тоғысқан ағайымыз ол кезде қырықтың қырқасына енді ғана

шыққан екен ғой. «Кіші университет» аталған дайындық бөліміндегі барлық факультеттің оқу үдерісі деканның орынбасары қызметіндегі Талғат Сайрамбайұлының ұйымдастыруымен жүргізілетін. Әсіресе, қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика бөліміндегі тыңдаушыларын өзінің бауырларындай көріп, жеңіл әзілімен, зілсіз жекуімен ағалық мейірімімен сауатты оқытты. Кейін бес жыл оқып меңгерген мамандығымыздың негізі қазақ тілінің барлық саласынан мағлұмат берген Талғат ағайдың сабағы мен қазақ әдебиетінің барлық кезеңінен хабардар еткен Алма апай Қыраубаеваның дәрістерінен бастау алған болатын. Университетті бітіргенше ағайымыздың «еркесі» болып жүрдік. Араға жылдар салып университетке қайта оралдым. Талғат ағайымыз биліктің теперішімен басқа оқу орнында қызмет атқарады екен. Келесі, 1990 жылы өз университетіне оралып, жаңадан ашылған Қазақ тілі кафедрасына меңгеруші болды. Күзде жұмысқа келсем, мені өз кафедрасына ауыстырып алыпты. Университеттің барлық факультетіне қазақ тілінен сабақ жүргізетін кафедраны басқару, оның оқу жүйесіндегі бағдарламасын қалыптастыру Талғат Сайрамбайұлының ғана қолынан келетін іс екенін басшылық мойындаса керек. Бастапқыда өзінен басқа ешбір оқытушысында ғылыми атақ болмаған кафедра ағай басқарған он шақты жылдың көлемінде Республиканың бірнеше университетіне кафедра меңгерушілерін жіберетін дәрежеге жетті. Елудің еңселі биігіне шығып, ел ағасы атанған ағайдың ізгілікті ниеттері игілікті іске айналған кезең осы тұста ерекшелене түсті. Тікелей жетекшілігімен шәкірттері бірінен соң бірі кандидаттық диссертацияларын қорғап, ғылыми атақтарын иеленіп жатты. Кафедрасы оқытушы кадрларды даярлайтын лабораторияға айналды. Басқа кафедрадан жұмыс орны қысқарғандар, аспирантураны

бітіріп, қорғауға шыққандар Талғат ағайдың қамқорлығына жүгінетін. Бірде аспирантураны бітіріп, қыстың көзі қырауда отбасымен жатақханадан шығуға мәжбүр болған Төлеубек деген азаматымыз ағайға жолықтыруға өтініш жасады. Өтінішін орындадым. Сондағы ағайдың айтқаны: « - *өзіңнен бастап, 0,25 жүктемені артық алып жүргендерден сағат тауып бер*», - деді. Деді де, өтінішіне қол қойып берді. Жаны ізгі адамның ісі үнемі мәрттікпен өлшенетіндей көрінді. Ізгілік иірімдерінің тағы бір көрінісі - өзіңе пікірі қайшы келетін тұлғалардың тұжырымдарынан қажетті әрі пайдалы тұстарды тани білуге бейімдеу еді. Кафедрада жиі талқыланып жататын диссертациялық жұмыстардың кезекті нұсқасына пікір жазуды бірде маған тапсырды. Әлгі жұмыстың кемшін тұстарына көбірек үңіліп, белгіленген мерзімінде жазған пікірімді әкеліп бердім. Бір шолып өтті де: - *Немене, бұған сенен басқа пікір жазатын адам таба алмады дейсің бе?! -* деп, жазғанымды қайтарып берді. Қателігімді түсіндім. Келесі күні ізденушінің өзіндік ұсыныстарының ұтымды тұстарын ерекшелеп, тақырыбын толық меңгергендігін дәлелдейтін тұжырымдарына баса назар аударылған пікірімді айттым. Біреудің кемшілігінен гөрі жетістігін көре білуге осылай бағыттайтын. Біреуді аяғынан шалғаннан гөрі қолтығынан демегенді тәрбие тұтатын. Ізгілік иірімі дегеніміз – осы.

Жайсандықпен, мұқалмас жігерлілікпен жүрген ағамыздың игілікті істеріне қиянат жасамақ болған қатарластарын да көрдік. Көрген соң ағамызға жанашырлық ниетпен қорғаушы болу әрекетімізді білдірдік. Ағамыздың шыдамдылығы сондай, көрген қиянатын жасаған жақсылықтарының жеңіп шығатынына сенімінің мол екенін танытатын. Осы жылдары ағайдың ғылымға деген екінші тынысы ашылғандай болды. Көкейінде

жылдар бойы қорытылып, шешімін тапқан ойлары бір-бір диссертациялық тақырып болып, шәкірттерінің ізденістерін ширатып жатты. Әсіресе, сөйлемнің тұрлаусыз мүшелеріне қатысты тың ұсыныстар мен қағидалы пікірлер синтаксис саласының жаңа қырларын бедерлендірді. Ал университетке оралғаннан кейінгі «Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері» атты монографиясы /1991 ж./ ұзақ жылдар зерттеу нысанына айналған сөз тіркесі синтаксисінен сөйлем синтаксисіне ден қойғанын айшықтады. Ұстазы М.Балақаевтың әдісімен, яғни, межелеген нысанына өзіне дейін зерттеген ғалымдардың еңбектерін бағалай /сынай емес / отырып, ғылыми сараптама жасау – ағайдың игілікті ісі болатын. Тіл ғылымының жаратылыстану ғылымдары секілді тәжірибелік сынақтардан өткеннен кейін ғана жаңа тұжырымдарды қабылдайтыны – заңдылық. Талғат ағайдың тұрлаулы мүшелер туралы тың ойлары бізді оқытқан 70-ші жылдардың соңында-ақ талай пікірталастың өзегіне айналған еді. «Сөйлемнің де сөйлем мүшесі болатындығын» сол кезде дәлелдеген-ді. Ғалымның басты принципі – «ғылым- ғылым үшін емес, халық үшін» болатын. Сондықтан, **...бастауыштың сұраулары көбіне мектеп, училищеге арналған еңбектерде қаралады да, ал жоғары оқу орындарына арналған еңбектерде онша елене бермейді,-** деп қынжылады (Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері,57-бет). Күні ертең сол мектепке барып, қазақ тілінен сабақ беретін жоғары оқу орнының түлегі екенін ескермегеніміз ғой. Ғалымдардың тіл білімі саласындағы жаңалықтары білім беру жүйесінде назардан тыс қала береді. Өйткені, оқулықтың келесі басылымының кезегі келгенде ол жаңалық ескерусіз қалады. Мектеп мұғалімдерінің әлі күнге дейін оқушысына төл сөзді сөйлем мүшелерінің түріне талдататынын жыл сайын университетке түсетін студенттер дәлелдеп жүр. Яғни, «Сөйлемнің тұрлаулы

мүшелері» еңбегін қолына түсіре алмаған мұғалімнің ісі-бұл. Талғат ағамыздың әдетке айналған істерінің бірі — мерзімді баспасөз беттерінен тілге қатысты жаңалық сипаты бар мысалдар іздеу еді. Солардың бәрін қағаз бетіне көшіріп жазып, жинақталған кезінде шәкірттеріне талдауға ұсынатын. Синтаксиске қатысты еңбектерінің бәрінде өзіне тән ұтқырлықпен ұсынған тың пікірлер жетіп артылатын. Мақсаты — зерттеген тақырыбында күмәнді тұс болмау. Кез келген тосын сұрақтың өзіне тұщымды жауап беруді талап ететін. Ол кісі үшін аудиториядағы шәкірттер алдында өз пәні бойынша жауаптан тосылған оқытушы келесі сабаққа келмеуге тиіс болатын. Күрделі сөз тіркесі мен сөйлем синтаксисіне қатысты тосын ғана емес, ықтимал сұрақтардың жауабын табуға әрекеттер жасап, нәтижесіне қол жеткізді. Ешбір зерттеу еңбектерінде көрсетілмеген, бірақ тілдік қолданыста жиі кездесетін құбылыстарды жіті бақылап, шешімін дабыра қылмай-ақ, қажетті тұсқа енгізе қоятын. Бастауыштың **Кімге дейін? Неге дейін? Кімге шейін? Неге шейін?** сұрақтары да (Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері, 57-бет) - ғалымның осындай ұтқырлығының бір көрінісі. Осы тәріздес ойларының басым бөлігін шәкірттеріне ұсынып, әрі қарай толықтыра зерттеуді тапсыратын. Нәтижесін көргенде бір марқайып қалатын еді. Тіл білімінің қай саласында болмасын тұжырымды пікірі бар санаулы профессорлардың қатарынан орын алатын Талғат ағамыздың ғылыми мұрасы ана тіліміздің даму үдерісінің заңдылығында өнегелі биіктен көрініп келеді. Талай ғылыми зерттеулерге негіз әрі үлгі болғандығы іс жүзінде дәлелденген. Игілікті істің иірімі терең болады.



Элмира ШЫРАЙЫНБЕКОВА,
Шығыс Қазақстан облысының
Бородулиха ауданындағы
«Комаров атындағы орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУЫ


Мектепте оқытылатын барлық пәндердің маңызы зор, оның ішінде қазақ тілінің орны аса ерекше. Орыс тілінде оқытылатын мектептерде қазақ тілінен сабақ беруде оқушының ойлауы мен тілін дамытуда, дүниетанымын қалыптастыруда алдымызда үлкен міндеттердің тұрғанын ұмытпағанымыз жөн. Оның ішінде әрбір грамматикалық тақырыптардың да қосатын үлес салмағы бары анық. Сонда қазақ тілі грамматикасы оқытылуының нақты тәрбиелік мүмкіндіктері қандай? Грамматиканың қай деңгейі, қай бірлігі оқушының ойлау мен тілі дамуында үлкен орын ала алады? Жалпы, білім негізі бастауыштан басталатыны барлығымызға мәлім. Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың өзіндік дүниетанымдық позицияларын қалыптастыруда тәрбие теориясымен тығыз бірлікте қарастырылады. Шығыс халқының «Мың рет естігеннен гөрі бір көрген артық» деген даналық сөзі сабақта көрнекілік құралдарды тиімді пайдалана білуге айтылған тәрізді. Тірек-сызба дегеніміз

көрнекіліктің бір түрі. Көрнекілікті XVII ғасырда чехтың прогресшіл ұлы педагогы Ян Амос Коменский енгізді. Шетел педагогтары Ж.Ж.Руссо, И.Г.Песталоцци «көрнекілікті тек арифметика, геометрия сабақтарында қолдану мүмкін» десе, Я.А.Коменский мен оның идеясын қолданушы неміс педагогы Ф.В.Дистерверг пен орыстың ұлы педагогы К.Д.Ушинский «көрнекілікті барлық пәндерде қолдану мүмкін және қажет» деген. Білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлға тәрбиелеу ісіне ерекше мән беруде. Демек, мектептегі оқу үрдісі оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық әрекетін дамытуына жол ашуы қажет. Танымдылық белсенділік – оқушының оқуға, білімге деген ынта-ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Танымдық белсенділік проблемалық сұрақтың жауабын іздестіруде, өзіндік жұмыс орындауда жүзеге асады. Қазіргі кезде 80-нен астам педагогикалық технология қолданылып жүр. Оқытудың жаңа технологиясы дегенде, ең алдымен, педагогикалық технология деген ұғымды түсінуіміз керек. Бүгінгі күні мектептегі оқу пәндерінің мазмұны мен мақсаты, оқыту мен тәрбиелеудің жұмыс түрлерін ұштастыра отырып, одан әрі жетілдіруді, өмірмен байланыстыруды міндеттеп отыр. Бұл міндет сабақ барысында тиімді әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдануды талап етеді. Сондай әдістердің бірі – оқушының байқау, көру, қабілетінің ерекшеліктерін ескеріп, дамытатын көрнекілік әдісі. Осы тұрғыдан келгенде, бұл мәселені терең зерттеген Е.И.Пассов: «Коммуникативный метод обучения иностранному говорению» еңбегінде сабақтың мына ерекшеліктерін көрсетеді:

- Уәждемелік: сөйлеу әрекеті ішкі қажеттіліктен туындау керек. Бұл үшін оқу материалы, мазмұны жаңа, танымдық жағынан қызық болуы шарт;
 - Мақсаттылық: оқушы сөйлеу әрекетін орындағанда, не үшін оқитынын, жазатынын, тыңдайтынын, айтатынын, сөйлейтінін білуі шарт;
 - Жекелік маңыздылығы: үйренуші оқу мақсатын саналы түсініп, оның қажеттілігін сезінуі тиіс;
 - Қарым-қатынастық даралық сипаты: оқушы өзінің индивид екенін, соған орай өзіндік көзқарасын білдіріп отыруы шарт;
 - Ойлау белсенділігі: шығармашылық тұрғыдан ойлауды қажет ететін белсенділік болуы шарт (фраза сөздерді, мәтінді қайталау, баяндау емес);
 - Өзара әрекет: оқытушы мен оқушы арасындағы ынтымақтастық, үйлесімді оқу әрекетінің болуы;
 - Ситуативтілік: сөйлеу жағдаяттарын (ситуацияларды) ескерту;
 - Ақпараттылық: оқушының жас, интеллектуалдық мүмкіндіктеріне сәйкес қызықты оқу материалдарын іріктеу;
 - Жаңалық деңгейі: мәтін мазмұны ғана емес, оқыту процесінің барлық элементтеріне қатысты болуы;
 - Эвристикалық сипаты: шығармашылық тұрғыдан сұрақ-жауапқа құрылуы;
 - Функционалдық сипаты: тілдесімде тілдік бірліктерді атқаратын қызметі тұрғысынан іріктеу;
 - Проблемалық сипаты: оқу материалы проблемалық, яғни, оқушының өз бетінше ойланып, орындап, шешуіне; сыни ойлауын дамытуға бағытталуы тиіс.
- Ғылыми стиль терминдерін білу, қолдана білу.
Сөз құрамын білу, түбірлес сөздерді табу.
Сөзжасамның негізгі түрлерін білу.

Таныс емес сөздерді сөз тудырушы, сөз түрлендіруші жұрнақтар арқылы ажырата білу. Қазіргі мұғалімдерге ұсынылып отырған қазақ тілі пәні бойынша тірек-сызбалары теориялық материалды игеруге практикалық тұрғыдан үлкен көмек береді. Көптеген психологтардың пікірі бойынша, оқыған материалды есте сақтаудың тиімді әдістерінің бірі – оны шартты белгілер бойынша танып-білу арқылы есте сақталатынын мойындайды. Орыс тілді аудиторияда қазақ тілінен сабақ жүргізудің негізгі міндеті – бұл ауызекі сөйлеу дағдысын қалыптастыру, сөздік қорды есте сақтау, коммуникативтік аспект – қарым-қатынасты қалыптастырумен қатар, негізгі теориялық материалдарды кесте мен сызба түрінде түсіндіріп отырса, ол, әрине, есте сақтау қабілетін арттырады. Сызба арқылы оқыту тәсілдері қажетті грамматикалық тақырыпты жылдам әрі тиімді меңгертуге көп көмегін тигізеді. Мұғалімнің міндеті осыдайын тірек-сызба, кестелерді өзінің жеке іс-тәжірибесінде қолдана отырып, әр тақырыпты іріктеп, талдап, сызбаларды барынша түсінікті етіп оқушыға жеткізе білу. Мысалы: фонетика бойынша и, у дыбыстарының жуан, жіңішке болып келуіне байланысты сабақта міндетті түрде салыстырмалы кестені қолданамын. Сонымен қатар, қазақ тілі сабағында қолданылатын тағы бір көрнекіліктердің түрі – дидактикалық кәртішкелер. Дидактикалық кәртішкелер таратылып берілгенде, тақтада оқушылардың алдында сол тақырыпқа сәйкес, тірек-сызба ілінеді. Көбінесе, грамматикалық ұғымдарды оқушыларға жеткізерде практикалық жолмен іске асырамын. Олар тақырып ерекшелігіне бөлініп отырады.

Мысалы, етістіктің шақтары.



отыр	а	ды	ж.ж.	тұр	+
ж.ж	Негіз + е + ж.ж.	Негіз + ді + ж.ж		жатыр	
й	ты				
жүр		ді			

Әрине, оқулықтағы барлық материалдарды сызба немесе көрнекілікке айналдыруға болмайды. Педагогикалық талап – білім беру жолында қолданылатын теория мен практиканы басшылыққа ала отырып, мұғалім оқушылардың тілден алған теориялық білімін практика жүзінде меңгерту мақсатталады. Қазақ тілінде әр септіктің формасы біркелкі жүйеде қалыптасқан. Бірақ оны жаттап алу оқушылардың қазақ тілін сапалы түрде тиянақты меңгеруінде дұрыс нәтиже бермейді.

Тиісті затты көзбен көру, қолмен ұстау арқылы жүргізілетін сабақ ұзақ есте қалады. Осындай тірек материалдарын, сигналды кәртішкелерді, символдарды мол пайдалану педагогикалық технологияның бір тармағы – жеделдетіп оқытуға жатады. Ол күштеусіз оқытуға жеке тұлғаның мүмкіндігін ашуға септігін тигізеді. Сөйлем мүшелері арқылы сөйлем құрамында шартты сызық белгілерін немесе сұрауларды көрсетіп, осыларды қажетті сөздермен алмастыру керек деген тапсырма беріледі. Ал, сөз құрамын меңгерткенде «Орнын тап!» атты ойынды ойнату арқылы, оқушылардың ойын шақыртып, ойлантуға мәжбүрлеймін.

Осы әдісті қолдану арқылы проблема шешіледі: оқушылар ойлап тауып, сөйлем құрастырады немесе байланыстырады. Нәтижесінде ойларын жазады, салыстырады, табады, талқылайды. Алған білімін жіктейді, саралай біледі, ең негізгі түйінін түсіне біледі.

Мұғалім мен бала бірігіп жұмыс істейді, яғни, тікелей қарым-қатынас қалыптасады, оқушының ықыласы артады. Тірек-сызбалармен жұмыс істеу – оқушылардың логикалық ойлау әдісін кеңейтіп, өз бетінше жұмыс істеу қабілетін

арттырады. Жұмысты, көбіне, оқушылар өздері ойлан- ойындай алатындай етіп ойландыра берген жөн. Ем- лелік шарттарды нақтылап, түсінікті етіп жасау керек. Тірек- сызбалар тек көрнекілік ретінде ғана емес, деңгейлік тапсырмалар, жеке кәсіпкерлер ретінде топпен немесе жұппен жұмыс есептеу- беріледі. Мысалы: Мен өзімнің сабағымда етістікті қайталау кезінде тақтаға ілінген тірек- сызба арқылы етістіктің үш жағын үш топқа бөліп беремін. Тірек-сызба бойынша тапсырмалар, көбінесе, сызбаны тол-тыр немесе шартты белгілер бойынша грамматикалық атауларын табуға беріледі. Сонымен бірге жетелеуші сұрақтар беруге болады. Тірек-сызбаларды сапалы түрде меңгерту үшін қабылданатын затпен құбылысты дұрыс байқау, талдау жасау керек. Әрбір сабағымды ерекше оқушылардың есінде ұзақ сақталып қалуы үшін және оқушылардың қазақ тілі пәніне деген қызығушылығын одан әрі арттыру мақсатында әрқашан көрнекі құралдарды сапалы әзірлеп, жаңа технологияға сай жабдықталған кабинеттерде өткізуге тырысамын. Тірек-сызбаларды сабақта қолдана отырып оқыту оқушының оқу материалдарын тез меңгеріп, жеке тұлғаның қалыптасуына әсерін тигізеді. Тірек-сызбаларды, көбінесе, бекіту, қайталау сабақтарында қолданамын. Жеке тұлғаның бойында өзіндік әрекетінің нәтижесінде мынадай қасиеттер қалыптасады:

1. Өз бетінше ойлау біліктері мен ізденімпаздығы.
2. Оқуға деген қабілетінің артуы.
3. Өз ойының дербестігі.

Жалпы айтқанда, тірек-сызбамен оқыту – заттар мен құбылыстардың өзіне тән жаратылыс бітімін, сыр-сипаттарын сезім мүшелері арқылы көзбен көріп, қолмен ұстап, құлақпен естіп қабылдауға баулитын дидактикалық үрдіс. Дидактиканың, тәрбие теориясының, психологияның, таным теориясының барлығының түйіскен нүктесінде қарастырылатын мәселе.

Қорыта айтқанда, орыс мектебінде қазақ тілі пәнін оқытуда жаңа технологияларды пайдалану мұғалім үшін қандай маңызды болса, оқушы үшін мәнділігі бұдан кем емес. Жаңа технологиялар оқушылардың білім сапасын арттыруға, өздігінен жұмыс істеу мүмкіндігін молайтуға, қазақ тілі пәніне деген қызығушылығын арттыруға көп көмегін тигізеді.

Қазіргі кезде қазақ тілін оқытатын мамандарға қойылатын талап – жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалы және терең білім беру, оқушылардың ойлау, есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру. Орыс мектептерінде қазақ тілін оқытуда грамматикалық және лексикалық тақырыптарды меңгерту – күрделі жұмыс, сондықтан тірек-сызбаларды пайдалану арқылы оқушыларға жеткізу әлдеқайда тиімді. Сабақтың барысында тірек-сызбалар, біріншіден, көзбен көріп, оқушылардың есте сақтау қабілеттерін арттырады, екіншіден, білімге деген құштарлықтарын одан әрі дамыта түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» журналы. 2009, №12.
2. Т.М.Артықова. «Қазақ тілі бойынша тірек-сызбалар».
3. В.Ф.Шаталов. «Тірек-сызба нұсқасы».
4. Ж.Адамбаева. «Орыс мектептерінде қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері». 1993.
5. Е.И.Пассов. «Коммуникативный метод обучения иностранному говорению».
6. М.А.Аманбаева. «Қазақ тілі сабағында жаңа технологияларды пайдалану».



Мұнаш ӘНУАРБЕКҚЫЗЫ,

Өскемен қаласындағы

№34 дарынды балалар үшін

мамандандырылған мектеп-лицейдің

қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

Заманымызға сай қазіргі қоғамды ақпараттандыруда педагогтардың біліктілігін ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану арқылы көтеру негізгі міндеттерінің біріне айналды.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек», - деп көрсетілген. Солардың бірі – компьютер білім беруді ақпараттандыру барысында дидактикалық және оқыту құралы болып саналады. Сондықтан кез келген білім беру саласында мультимедиялық электрондық оқыту құралдарын барлық пәндерді оқытуға пайдаланады. Бұл бағытта ақпараттық технологияны оқыту үрдісіне екпінді түрде енгізу бағытында және қолданылатын жаңа құралдардың бірі – бағдарламалық – техникалық кешен болып саналатын «Активті экран» болып табылады.

Бағдарламалық-техникалық кешеннің құрамына кіретін интерактивті тақтаны оқытушыға сабақты қызықты және динамикалық түрде мультимедиялық құралдар көмегімен оқушылардың қызығушылықтарын тудыратындай оқуға мүмкіндік беретін визуалды қор деп те атауға болады.

Сабақты түсіндіру барысында мұғалім тақта алдында тұрып, бір мезетте мәтіндік, аудио, бейне құжаттарды DVD, CD-ROM және Интернет ресурстарын қолдана алады. Бұл кезде мұғалім қосымшаны іске қосу, CD-ROM, Web- түйін мазмұнын қарастыру, ақпарат сақтау, белгі жасау, тышқан түймені ауыстыратын арнайы қалам арқылы жазулар жазу және т. б. әрекеттерді жеңіл орындай алады.

Интерактивті құралдарды сабаққа пайдаланғанда дидактикалық бірнеше мәселелерді шешуге көмектеседі: пән бойынша базалық білімді меңгеру; алған білімді жүйелеу; өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру; жалпы оқуға деген ынтасын арттыру; оқушыларға оқу материалдарымен өздік жұмыс істегенде әдістемелік көмек беру.

Бұл технологияны оқу материалын хабарлау және оқушылардың ақпаратты меңгеруін ұйымдастыру арқылы көзбен көру жадын іске қосқанда арта түсетін қабылдау мүмкіндіктерімен қамтамасыз ететін әдіс деп қарауға болады.

Оқушылардың көпшілігі естігенінің 5 % және көргенінің 20% есте сақтайтыны белгілі. Аудио және видеоақпаратты бір мезгілде қолдану есте сақтауды 40-50 % дейін арттырады.

Қазіргі кезде сабаққа дайындалу барысында мұғалім сабақ мазмұны оқушылар үшін танымдылығы жағынан қызықты әрі жаңаша өтуі үшін өзінің бағалы уақытын қажетті материалды іздеу мен жүйелеуге жұмсайды. Ал, жекелеген курс бойынша мәселелік – бағдарлы оқу бағдарламалары пакетінің болуы мұғалімге «мұғалім – оқушы» жүйесінде ақпаратты беруді, өңдеуді және қайталауды жаңаша ұйымдастыруына мүмкіндік береді. Бірақ мұның барлығы жүзеге асуы үшін мұғалім компьютерлік оқыту технологиясы бойынша білімдер мен іскерліктерді игеруі қажет. Бұл дайындық дифференциалды болуы тиіс. Себебі, әрбір пән мұғалімдері үшін компьютерді оқыту үрдісінде пайдалану

әр түрлі сипатқа ие.

Ғылым ғасырының табалдырығынан аттағалы тұрған қазіргі таңда компьютер өмірдің барлық саласына кеңінен енуде.

Сабақта уақытты үнемдеу, демонстрациялық материалдар даярлау мақсатында интерактивті тақтаны пайдаланған тиімді. Интерактивті тақтаның үш режимінде де жұмыс жасауға болады.

Ақ тақта режимі – ең қарапайым режим. Ақ тақта режимін қолданғанда оны ақ бет қағазбен жұмыс жасағандай және тақырыпқа қажетті жерін белгілеулермен, негізгі ұғымдарын ерекшелеу үшін түрлі-түсті қаламды қолдануға болады. Ақ беттің артына фон ретінде мазмұнды суретті пайдалануға болады. Тақтаның бұл қасиеті мысалы, географиядан, физика, биологиядан және т.б. пәндерден сабақ жүргізгенде ыңғайлы. Фон ретінде географиялық картаны, физикалық аспаптардың суреттерін алуға болады және сабақ барысында қажет болса картаға белгі салуға, жазуға мүмкіншілік бар.

Екінші режим – Office режимі. Бұл режим сабаққа қажетті дайындық жұмыстарын, яғни, материалдар даярлауға ыңғайлы. Сабаққа дайындық жұмыстары Word мәтіндік редакторының, Excel электрондық кестесінің құжаттары, Power Point презентациясы болуы мүмкін. Мысалы, Microsoft Word құралдарымен төрт түрлі мәтіндік тапсырмаларды қамтитын құжат әзірлеуге болады. Осы құжатта тапсырмаларды қайталап, жауаптарының дұрыс нұсқаларын немесе амалдардың дұрыс тізбегін көрсету керек. Қайталанған тапсырмаларды сурет салу панелінің «төртбұрыш » объектілерімен жасырамыз. Сабақта қажет кезде бұл құжатты интерактивті тақтаның Office режимінде ашу қажет. Бұл режим Microsoft Office-нің барлық мүмкіндігін ұсынады. Сондай мүмкіншіліктерінің бірі – құрылған құжатқа мәтінді қосуға болады, яғни, экраннан түсірілген

суретпен емес, құжатпен тікелей жұмыс жасаймыз. Сонымен, мұғалім оқушыны тестілік тапсырмаға жазбаша жауап беруге тақтаға шығарып, оқушының жауабын дұрыс жауаптарымен салыстыра алады («тік төртбұрыш» объектісін жылжыту немесе жою арқылы) және дайындалған материалды шаблон ретінде келесі сабақтарды пайдалану үшін сақтап қоюға болады.

Үшінші режим – тақтаның интерактивті режимдегі жұмысы.

Сабақтарды жүргізуде өткен материалды қайталау қажет, сондай жағдайда интерактивті тақтаның сілтеме жасауға арналған компонентін қолдануға болады. Бұл компонент арқылы Microsoft Office құралдары арқылы құрылған құжаттарға, графикалық редакторлардың немесе бағдарлама-лау ортасының көмегімен құрылған файлдарға, интернет беттеріне сілтемелерді ұйымдастыруға мүмкіншілік береді.

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Олай болса, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік – ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы.

Ақпараттық бірлікті қалыптастыру: мектептің материалдық-техникалық базасына; ақпараттық қоғам саясатының мақсаты мен міндеттеріне; оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру жүйесіне; оқушылардың жас ерекшеліктері мен меңгеру қабілеттеріне, педагог мамандардың информатикадан білім деңгейлерінің сапасы

мен шеберліктеріне, оқу-тәрбие бағытының ақпараттық қоғам бағытымен өзара байланысына тәуелді.

Қазіргі уақытта барлық сабақтарда ғылыми білім беруде сабақ барысында интерактивті құралдарды қолдануда. Интерактивті құралдардың көмегімен мұғалімнің, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр.

Білім берудегі интерактивті технология – мұндағы интерактивті сөзі- inter (бірлесу), act (әрекет жасау) ұғымын білдіреді, сабақ барысында оқушының топпен жұмыс жасауға қатыспауы мүмкін емес, бірін-бір толықтыратын, сабақ барысында барлық оқушылардың қатысуын ұйымдастыратын оқыту барысы.

Ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың кеңінен етек жайып, қоғам өмірінің барлық салаларына енуі соңғы онжылдық ішінде әлем дамуының жаһандық үрдісіне айналды.

Жан дүниесі азат еркін тұлғаны тәрбиелеу, балалардың бойында өз бетінше ойлау, іздену және білім дағдыларын қолдана білу, жан-жақты тыңғылықты ойланып барып шешім қабылдау, іс әрекеттерін нақты жоспарлау, құрамы бойынша және кәсіби бағдары жағынан әрқилы жұмыс топтарымен тиімді ынтымақтастықта болу, жаңа әлемдік қатынастар мен мәдени байланыстар үшін ашық болу қабілетін тәрбиелеу – міне, бүгінгі күн талабы осындай. Білім беру мекемелерінің алдына қойылған маңызды міндеттерінің бірі – оқушылардың өмір шындығына және ертеңгі жоғары технологиялы қоғамда еңбек етуге дайындау. Шынайы өмірде бұл – табысқа, әлеуметтік өзін-өзі билеуге қол жеткізу деген сөз. Тек қана ашық әлемде шын мәніндегі іс-әрекеттің барысында ғана оқыту мен тәрбиелеудің мұндай сатысына қол жеткізуге болады.

Алға қойылған мақсатқа жетудің тиімді құралдарының бірі – нәтижеге қол жеткізуге бағытталған қызметті

ұйымдастыруда ұстанған жобалық әдіс болып табылады. Оның барысында жаңа білім іс-әрекеттері игерілімек.

Соңғы жылдары да қазақ тілінен көптеген компьютерлік бағдарламалар құрастырылып жатыр. Компьютерлік оқыту бағдармаларының қазіргі кездегі қолданысына қарай бірнеше түрге бөлуге болады:

1. Қолданбалы компьютерлік бағдарламалар. Бұл бағдарламалар мақсаты – оқу үрдісіндегі ақпаратты ұсыну арқылы білім алушының жеке қабілетіне қарай белгілі бір білімділік пен дағдыны қалыптастыру.

2. Жаттықтырушы компьютерлік бағдарламалар. Олар бұрынғы материалды бекіту үшін қолданылады.

3. Тестілік диагностикалық материалдар. Олардың мақсаты – білім, дағды, іскерлікті бағалау. Білімділіктің, зияткерліктің деңгейін айқындау.

4. Ақпараттық-ізвестіру бағдарламалары. Олар қолданушыға қажет ақпаратты таңдауға және оны анықтауға бағытталады.

5. Ойын арқылы оқу бағдарламалары. Білім алуда жағдаяттарды ойын түрінде ұсыну арқылы дұрыс шешім, әрекетті таңдауға үйрететін бағдарламалар.

6. Аудармашы-сөздік бағдарламалар. Олар тек сөздерді аудару ғана емес, сөз тіркестерін, мәтіндерді аударуға арналған бағдаламалар.

Біз бейбіт елде, мемлекеттік білімді жетілдіруге аса мән берген елде тұрамыз. Жалпы, білім берудің мақсаты – терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі дамытуға, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдерді қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру, яғни, жеке тұлғаны қалыптастыруға негізделген, ақпараттық технологияны терең меңгерген, жылдам өзгеріп жататын бүгінгі заманға лайықты, жаңашыл тұлғаны қалыптастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. И.Г.Захарова. Информационные технологии в образовании / И.Г.Захарова. - 4-е изд. М., «Academia», 2008, 192-с.
2. Е.С.Полат, М.Ю.Бухаркина. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. М., «Академия», 2005.
3. А.Абайдуллаева. Компьютерді қолдану тиімділігі /Қазақ тілі мен әдебиеті. А., 2004.



Сауле ЛӘЗЗАТҚЫЗЫ,
Павлодар қаласындағы
№43 жалпы орта білім беру
мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ТІЛ ДАМУ – СӨЗДІК ҚОРДЫ БАЙЫТУ

Әдіссіз оқыту үдерісінің жүзеге асуы мүмкін емес. Оқыту әдісі дегеніміз не? Оқыту әдісі – дидактиканың ең басты құрамды бөлігінің бірі. Оқыту әдістері білім берудің мазмұны сияқты оқытудың жалпы мақсаттары және міндеттерімен анықталады. Оқыту үдерісінің нәтижелі және сапалы болуы оқыту әдістемесінің тиімді шығармашылықпен жүзеге асырылуына байланысты. Ол – мұғалім мен оқушының бірігіп жұмыс атқаруы. Оның арқасында білім, іскерлік, дағдының қалыптасып, оқушының дүниетанымы мен қабілеттілігінің артуы кәдік.

Жалпы, педагогиканың әдістерінен әр пәннің өзіне тән әдістері шығады. Менің әңгімем жүргізіп жүрген пәнім — орыс мектебіндегі қазақ тілі орайында болады.

Тіл дамыту ең негізгі жұмыстың бірі болып табылады. Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде оқушыларға қазақ тілінен үйретілетін сөздер, біріншіден, белгілі бір тақырыптарға, екіншіден, сөз таптарына қатысты болады, сол себептен қазақ тілі сабағы әрі тілдік, әрі әдебиеттік оқу материалдарын қамтиды. Кейбір грамматикалық түсініктемелер, жаттығу шарттары орыс тілінде берілетіндіктен, салыстырмалы грамматикаға байланысты мәліметтер де қамтылады. Қазақ тілі сабағындағы сөздік қорды дамыту жұмыстары мынадай әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асады. Ол — сұрақ-жауап, сөйлесу, әңгімелесу, әңгіме, түсінігін айтқызу, көрнекілік, аударма, кітаппен жұмыс, мәтінмен жұмыс әдістері. Әр сабақ сайын тақырыпқа сай көрнекі құралдар, түрлі суреттер, кестелер, бейнекасеталар, СД-ДВД дискілер, тақырыптар бойынша электронды оқулықтар мен сабақты көркемдеп отырса, оқушылардың сөздік қоры біршама толығады деп сенемін. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып отыр.

Жаңа технологияны, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану білім сапасын көтереді.

Мемлекеттік тілдің қоғамдағы орнын көтеру үшін бүкіл жүйе болып жұмыс істеуіміз қажет. Бала тілі шығып, балабақшаға барып, қазақ сөздерімен танысуы тиіс. Мектеп қабырғасынан күнделікті өмірдегі қолданыстағы тілді үйреніп шықса, жоғары оқу орындарында мектеп бағдарламасын қайталамай, тілдік категорияны тереңірек оқытсақ, онда болашақта орысша және қазақша тіл білетін маман даярлар едік. Қанша жазсақ та, айтсақ та ісіміз көңілге қонымды түрде оңға баспай тұр. Себебі, оқушылар тек

сабақта ғана қазақша сөйлеп, оны тәжірибеде қолданбайды, одан гөрі ағылшын тілінде сөйлегенді ұнатады.

Осындай күрделі де ауқымды мәселені шешу үшін сөздік қорды байытуға бағытталған әдістер жайлы әдістемелік бағытты ұсынып отырмын.

Себебі, сөздік қордың баюы маңызды мәселе болып қалып отыр.

Мақсаты:

- Оқушылардың сөздік қорын дамытуға арналған әдіс-тәсілдер туралы мәлімет беру;

- Әдіс-тәсілдер туралы теориялық ұғым беру;

- Әдістерді тәжірибеде қолдана білуге үйрету;

- Қазақтың байырғы сөздерін білдіру;

- Қазақша сөйлеу дағдысын дамыту;

- Жазбаша тілін дамытып, орфографиядан түсінік беру;

- Қазақ тілінің сөздік қорындағы сөздер арқылы қазақ халқын сыйлауға, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Сөздікті дамыту;

- Сөйлеу тілінің грамматикасын қалыптастыру;

- Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;

- Диалогтік сөзді қалыптастыру;

- Түсінгенін айта білу;

- Көркем шығармамен таныстыру;

- Сауатты жазуға дағдыландыру.

Тіл үйренуде ең басты міндет – оқушылардың сөйлеу тілін жетілдіру.

Сөздік қорды дамытуға бағытталған әдістердің жалпы міндеті – сөздің мағынасын дұрыс түсініп, оны өз сөзінде дұрыс қолдану.

Түсіндіру әдісі жаңа сөзді, сөз тіркесін, сөйлемдерді түсіндіруде қолданылады. Сабақ сайын үйретілетін жаңа

сөздер бойынша, яғни, сөздік жұмысында іске асады. Сондай-ақ қазақ тілі грамматикасының кейбір ерекшеліктері (әліпби бойынша қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды, дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке, ал дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді болып бөлінетіндігі, екпіннің соңғы буынға түсіп, не істейді?» сұрағына жауап беретін сөздердің сөйлем соңында тұратындығы, жалғау, жұрнақтардың жуан, жіңішке болып екі нұсқада болатындығы, «кім?» сұрағының тек адамға қойылатындығы, ма, ме, ба, бе, па, пе деген қосымшалардың бірде жалғау болатындығы, т.б.) түсіндіріледі.

Көрнекілік әдіс – сабақ сайын жүргізілетін әдіс. Басқа тілді үйретуде ең нәтижелі және жиі қолданылатын әдіс. Барлық сыныптарда түрлі суреттер мен заттарды, ойыншықтарды көрсету арқылы сөздерді үйретуге болады. Көрнекілік тақырыпқа сай көзге тартымды, яғни, эстетикалық жағынан жақсы, ірі, екі немесе үш түстен болуы керек.

Мысалы: «Ұлттық киімдер» тақырыбын өткен кезде киімдердің суретін көрсету арқылы немесе сыныпқа кәдімгі киімдерді көрсету арқылы жүзеге асып отырады. Әр түрлі тірек кестелер және сызбалармен сөздерді, сөз тіркестерін үйретуге болады. Ы.Алтынсарин натуралды әдіс туралы былай деген: «Балаға айтып түсіндіргеннен гөрі, қолымен ұстап, көзімен көріп, мұрнымен иіскеп түсіндірген сабақ ұғымды». Бұл әдісті сөздік қорды дамытуда барлық сыныптарда қолданады. Мысалы: *алма* сөзін алманы көрсету арқылы ұғындырамыз. Бұл әдіс – жеміс-жидектер, оқу құралдары, ойыншықтар, тағамдар, т.б. тақырыптарында жүзеге асады.



Сауле БЕГАЛИЕВА,
заведующая кафедры русской
филологии для иностранцев
КазНПУ имени Абая,
доктор педагогических наук.
Флора БРУЛЕВА,
профессор КазНПУ имени Абая.
г. Алматы.

СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К ОБУЧЕНИЮ В УЧЕБНИКАХ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ

Наша Республика успешно входит в мировое культурно-экономическое пространство и поэтому в свете приоритетов Болонской декларации уделяет особое внимание вопросам образования своих граждан, совершенствованию деятельности университетов. В ежегодных Посланиях народу Казахстана Президент Назарбаев Н.А. отмечает, что качество высшего образования должно отвечать самым высоким международным требованиям: «К 2015 году должна полноценно функционировать Национальная инновационная система, а к 2020 году она должна давать результаты в виде разработок, патентов и готовых технологий, внедряемых в стране».

Процесс превращения науки в непосредственную производительную силу изменил характер творчества преподавателей, старших научных сотрудников Казахского Национального педагогического университета имени Абая. Изыскания ученых педагогического университета должны отражать требования, в первую очередь, казахстанской средней школы.

На повестке дня - создание учебных программ, учебников и учебных пособий нового поколения для подрастающего поколения, для тех, кто завтра будет «двигать» нашу экономику, культуру, производство.

Понимая это, коллектив кафедры русской филологии для иностранцев, помимо своей основной деятельности – обучение иностранного контингента студентов – сумел определить новый вектор своих научно-методических исследований, создавать более 30 учебников, учебных пособий, программ, статей по русскому языку для учащихся 5-7-10-11 классов общеобразовательной школы. Это авторы школьных учебников нового поколения Брулева Ф.Г., Бегалиева С.Б., Токтарова Т.Ж., Казабеева В.А.

Коренные изменения, произошедшие в последние годы в системе образования, связаны с усилением внимания к личности учащегося, происходят значительные качественные изменения в подходах к процессу образования, в которой четко наметилась тенденция гуманизации. В настоящее время для современного ученика школы или студента вуза недостаточно простого обладания некоторой суммой знаний и умений, необходимо научить его применять эти знания правильно, продуктивно, проявляя самостоятельность и творчество.

Поэтому на смену традиционной исполнительности обучающегося должна прийти работа проблемно-исследовательского, творческого характера, способствующая осмыслению инноваций.



Учебники нового поколения XXI века по русскому языку для современной школы должны предполагать ситуацию успеха в речевом общении, которая может ожидать выпускника школы во всех областях жизни. Эта задача может быть построена на взаимосвязанной основе языковой, лингвистической, коммуникативной, лингвокультурологической подготовки. Введение этнокультурологического компонента языкового образования, связанный с культурой русского народа, его традициями, историей, искусством, а также текстовый учебный материал, раскрывающий особенности многонациональной Республики Казахстан, ее культуры, литературы, истории, современной жизни. Характер содержания – учебный материал закладывает основы воспитания чувства любви к родной земле, уважения к языкам и культурам народов, проживающих на территории Казахстана, призывает к миру и согласию между народами.

Содержание текстов способствует развитию казахстанского патриотизма и интернационализма, чувства гражданственности и человеческого достоинства.

Как в учебнике, так и в УМК изучаемые темы иллюстрируются текстами из переводной казахской художественной и публицистической литературы (произ-

ведений Абая, М.Ауэзова, А.Алимжанова, А.Нурпеисова) поэзии О.Сулейменова, М.Жумабаева. Приводятся образцы русского и казахского фольклора, речевая деятельность учащихся ориентирована на современные жанры речи: диспут, выступление, интервью, доклад, деловое письмо, сочинение, беседа.

К выпускнику школы XXI века жизнь предъявляет повышенные требования. Для полноценного существования в современном мире одной только орфографической и пунктуационной грамотности недостаточно. Необходима функциональная грамотность, которая позволит учебнику свободно пользоваться языком при любых жизненных обстоятельствах. Функционально неграмотные люди нередко оказываются беспомощными при составлении простого делового документа, инструкции, тезисов выступления, отзыва или доклада. Наряду с написанием сочинений, изложений, диктантов, учащиеся 11 класса готовятся к дальнейшей учебной и профессиональной деятельности, должны овладеть и такими нужными речевыми жанрами, как конспект, реферат, аннотация, рецензия, характеристика, свободное сочинение, деловое письмо.

Новые подходы к отбору содержания образования закономерно связаны и с технологией обучения.

Требования сегодняшних реалий обязывает каждого учащегося не только получить от педагога новую информацию, а самому добыть ее, быть постоянно в режиме поиска, быть готовым к участию в дискуссиях и диспутах разного рода. Добиться этого можно при условии серьезного пересмотра учебного процесса. Мировой опыт обучения в общеобразовательных школах показывает, что больших результатов добиваются те учащиеся, которые проявляют

самостоятельность в освоении нового материала и умеют применить знания в жизненных ситуациях.

Такой результат может обеспечить личностно-ориентированная система обучения. Идея о педагогическом сотрудничестве учителя и ученика, давно известная в науке, в полной мере может быть оправдана при переходе на новую модель образования, где доминирующая роль принадлежит учащемуся. Обучаемые осваивают новые умения. Обязанность учителя заключается в рациональном планировании урока, где он становится партнером ученика, старшим наставником. Интерактивная форма организации уроков позволит достичь желаемых результатов. В учебных пособиях предусмотрено расширение общекультурной коммуникативной компетенции.

Уместно вспомнить китайскую пословицу: «Скажи мне и я забуду. Покажи мне и, может быть, я запомню. Сделай меня соучастником, и я пойму». Современные казахстанские учебники должны нацеливать учителя на такие формы работы, которые обеспечивают высокую мотивацию. Таковы основные концептуальные положения, которые легли в основу созданных на этой кафедре учебников и учебных пособий. Это и учебники русского языка для 10-11 классов, дидактические материалы и сборники диктантов, «Рабочие тетради» и «Методические рекомендации» для учителя.





Әлия БЕКЕНҚЫЗЫ,
№22 жалпы орта білім беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Семей қаласы.

ЗӘКИ АХМЕТОВТЫҢ “АБАЙДЫҢ АҚЫНДЫҚ ӘЛЕМІ” АТТЫ ЕҢБЕГІН САБАҚТА ПАЙДАЛАНУ

Әдебиетші болу тек талантты адамның ғана үлесіне тиеді. Талант – табиғат сыйы. Шын әдебиетші сирек ұшырасса, ол адам әдебиетшілігінің үстіне нағыз ғалым болса ше? Мұның жөні мүлде басқа!

Нағыз ғалым деп отырғаным, ұлттық парасат әлеміндегі айбынды тұлға, ірі де іргелі қайраткер, халқының мерейі мен мақтанышы болған асыл азамат, әдебиетші ғалым – Зәки Ахметов.

Академик Зәки Ахметовтың қырық-елу жыл ішінде жазып, жариялаған жүзден астам ғылыми-зерттеу, әдеби-сын еңбектері, монографиялары, оқулықтары, мақалалары – қазіргі әдебиеттануға қосылған сүбелі үлес, қымбат қазына.

З.Ахметовтың үш кітабы, атап айтқанда: “Лермонтов пен Абай” (1954 ж.), “Қазақ өлеңінің құрылысы” (1964 ж.), “Қазақ поэзиясының тілі туралы” (1970 ж.) орыс тілінде жарық көрген болатын. Үш монографияның үшеуі де өлең-жырдың өзекті мәселелері туралы жазылған. Ал, өлең мәселелерін зерттеу - әдебиетші ғалымнан тек білім ғана емес, ақынға тән болмыс пен бітім талап ететіндігі аян.

Зейнолла Қабдолов “Арна” атты кітабында былай деп жазады: “Зәки – қарымды да қажырлы ғалым. Өзінің зерттеу

объектісін бетінен қарпымай, тамыр-тереңімен қопара тексереді, аса білгірлікпен, үлкен мәдениетпен, білімдіге тән әдеп-ибамен сөйледі, жазды. Толғаныстары мен талдаулары жан - жақты терең, кең”.

3.Ахметов туған әдебиетіміздің тарихы туралы, туысқан халықтар арасындағы әдеби байланыстар жөнінде, текстология мәселелеріне қатысты көлемді еңбектер жазды. Қазақ мектептері үшін орыс әдебиетінен оқулықтар даярлады.

Ал, қазақ мектептері үшін жазған «Абайдың ақындық әлемі» атты еңбегінің орны ерекше.

«Абай қазақ халқының рухани қазынасына өлшеусіз үлес қосқан ғұлама ғана емес, сонымен қатар, ол – қазақ халқының ел болуына ұлан-ғайыр еңбек еткен данагер. Абай – әлемдік ойшылдардың қатарындағы ғажайып тұлға», - деп Президентіміз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, Абайды ауызға алғанда, қазақ халқының өткен тарихы мен бүгінгі кезеңі көз алдымызға келеді. Абайдай ірі де күрделі тұлғаның жалпы дүниетанымын түсіну, оның баға жетпес қыруар әдеби мұрасын жетік білу – ұрпақтан-ұрпаққа ұласар үлкен еңбек.

Мен 10-сыныпта «Абай поэзиясы» тақырыбын өткенде Абайдың табиғат лирикасына ерекше көңіл бөлемін. Табиғат лирикасындағы ақынның ой-сезімін, жан-дүниесін терең ашуға тырысамын. Абай өз шығармаларында қысты, күзді, көктем мен жазды соны бояулармен бейнелейді. Туып-өскен жердің табиғатын асқан шеберлікпен суреттейді және пейзажды қазақ халқының көшпелі тұрмысымен, табиғат ортасымен, әлеуметтік өмірімен тығыз байланыстыра көрсетеді.

Зәки Ахметов Абайдың табиғат лирикасы туралы айта келе: «Табиғат лирикасының ішінде өзгелерден тақырыбы жағынан оқшаулау тұрған өлең – саятшылық өнерді өте көркем, келісті бейнелейтін «Қансонарда бүркітші шығады

аңға» деп жазады.

Оқушылар осы өлеңнің мазмұны бойынша жоспар құрады:

1. Қансонарда аңға шыққан бүркітші.

Қансонар сөзінің мағынасы түсіндіріледі: Қансонар – жер бетіне ең алғаш қар түскен шақ, бұл кезде аңның ізі айқын көрінеді. Қансонар – аң аулауға ең қолайлы мерзім. «Атаң өлсе сойылар, атам өлсе қойылар, маған мұндай қансонар күнде қайдан табылар?» деп аңкөс жігіт те тегін айтпаған-ау.

Тағы да ғалымның «Абайдың ақындық әлемі» атты кітабына сүйенеміз:» ... бетпе-бет айқасқа құралған драмалық оқиға. Өлеңде сол оқиға бірден басталып, саятқа шығатын қансонар дейтін, жаңа қар жауғаннан кейін аңның басқан ізі айқын көрінетін кезді күтіп жүрген бүркітші баптаған құсын алып, атына мініп, тауға қарай беттегені байқалады».

2. Бүркіт пен түлкінің бір-бірін көруі.

Қыран құстың томағасын сыпырып алып, ұшырып қоя береді. «Төмен ұшсам, түлкі өрлеп құтылар деп», бүркіт түлкіні аңдиды. Ал, түлкі болса, «ауызын ашып, қоқақтап, тісін қайрап» тұра қалды.

3. Жер тағысы мен көк тағысының адам үшін қызыл қанға батуы. Өмір үшін күрес.

З.Ахметов: ... «бүркіттің екпіндете, зуылдап келіп түлкінің үстіне түсіп, екеуі жарқ-жұрқ етіп шайқасқаны бейнеленеді, бірақ ақын бұл айқасты «екеуі адам үшін қызыл қанға батысты» деген сөздермен ғана қысқа қайырып, не болғанын, көбінесе, салыстырма көрініс-тұспалы сурет арқылы аңдатады» деп жазады.

4. Түлкі алған бүркіттің қар үстіндегі суреті.

Мұндағы мақсат – теориялық ұғымды меңгерту, яғни, шеңдестіру – антитезаға назар аударту.

Шеңдестіру – бір-біріне кереғар құбылыстарды, мән-мағынасы әр тарап ұғымдарды, түр-түсі әр бөлек нәрселерді

өзара бетпе-бет қою арқылы, бұлардан мүлде басқа бір құбылыстың, ұғымның, нәрсенің суретін, сыр-сипатын, кескін-кейіпін анықтау, аңғарту, елестету.

Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл,

Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға.

О да бүлк-бүлк етпей ме сипағанда?

Аппақ ет, қып-қызыл бет, жап-жалаңаш,

Қара шаш қызыл жүзді жасырғанда, -деп Абай атамыз жырласа, Зәки аға оны былай деп түсіндірді: «Сөйтіп, Абай қыран құстың түлкімен айқасын, аңшылықты кімді болсын баурап алатындай әсем суретке айналдырған. Біз бұл айқасты драмалы оқиға дегеніміз сондықтан. Ақын қыран құстың бетінен қайтпайтын батылдығын, түлкінің өзінен басым жауынан қаймықпайтын қайсарлығын, айлалығын сүйсіне сипаттаған».

3.Ахметовтың еңбектері мектеп бағдарламасы бойынша өтілетін тақырыптарды терең бойлау үшін аса қажет. «Өлең – сөздің теориясы» студент-филологтар, мұғалімдер үшін ең керекті оқу құралына айналып кетті.

Зәки Ахметов өмірінің соңғы кезеңдерінде «Қазақ әдебиетінің қазіргі дамуы мен дәстүрлері», «Абай жолы» эпопеясының поэтикасы атты ірі екі монография жазды. Бұлардың бірі – Қазақстандағы әдеби үрдістің ең бір өзекті мәселелерін талдайтын құнды еңбек болса, екіншісі – М.Әуезовтың бас кітабындағы көркем жүйе, сюжет пен композиция, тип пен характер жайын талдап-тексеретін терең зерттеу.

Біз, мектеп мұғалімдері, аса дарынды ғалымның жоғарыда аталған еңбектерін қазақ әдебиеті сабақтарында жиі пайдаланамыз. Өлең сөздің теориясын талдағанда, Абай өлеңдерін оқытқанда, Зәкеңнің еңбектері – таптырмайтын қазына.

АБАЙ. «ӨЛЕҢ – СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ, СӨЗ САРАСЫ...»

Сабақтың мақсаты: білімділік – ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы түсініктерін кеңейту, өлеңнің тақырыбы мен идеясын ашу арқылы сөз өнерінің құпиясына сусындату; **дамытушылық** – ақын поэзиясының тереңіне бойлату, шығармашылық қабілеттерін арттыру, тілін дамыту. Жүйелі сөйлеп, ойын нақты жеткізе білуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – оқушыларды поэзияны сүйуге баулу, патриоттыққа, адамгершілікке, сезім тазалығына тәрбиелеу, сөз өнерінің құдіретін сезіндіру.

Әдіс-тәсілдері: проблемалық, шығармашылық-ізденіс. **Көрнекілік құралдар:** ақын портреті, оқулық, кеспе қағаздар, интербелсенді тақта, ақынның шығармалары, буклеттер, бағалау парақшасы. **Ұйымдастыру формасы:** жеке-дара, топпен. **Пәнаралық байланыс:** тарих. **Түрі:** жаңа білім алу.

Сабақ барысы:

Мұғалім сөзі: -«Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз. Қазақ халқын танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс» деген Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың сөзі бүгінгі сабағымызға арқау болмақ.

Демек, бүгінгі сабағымызды халқымыздың дана да дара ұлдарының бірі – Абай Құнанбайұлының шығармашылығы

ғына арнаймыз.

- Балалар, тақтада жазылған өлеңдерді оқып, әр шумақтың мазмұнына назар аударып, ой елегінен өткізіп, бүгінгі сабақтың мақсатын анықтап көріңдер.

I бөлім.

- I. *«Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма».*

II бөлім.

- II. *«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін».*

III бөлім.

- III. *«Өмірдің алды – ыстық, арты –суық,
Алды –ойын, арт жағы мұңға жуық.
Жақсы әнді тыңдасаң ой көзіңмен,
Өмір сәуле көрсетер судай тұнық...»*

(Оқушылар өлеңді мәнерлеп оқып, өздері сабаққа мақсат қояды).

Мұғалім: - Демек, балалар, бүгін біз сабақта **«Ақын»**, **«Өлең»**, **«Тыңдарман»** деген сөздерді тірек етеміз. Ендеше, қазір сендердің үйден дайындап келген жұмыстарыңа назар аударайық.

(I топ оқушылары ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы слайдты үйден жасап, қорғайды. Абайдың бір әнінің музыкасы ойнап тұрады).

Мұғалім: - Балалар, біз Абай туралы біршама мәлімет алдық, енді, барлығымыз Абайдың **«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы»** өлеңін оқып, екінші топтың жұмысына назар салайық.

II топ. Оқушылар өлеңді мәнерлеп оқиды. **1-оқушы** «Өлең» деп жазылған қағазбен шығады. Сосын 1-шумақтан бастап, 4-шумаққа дейін оқып, өлеңге қатысты ақынның ойын ашады.

2-оқушы «Ақын» деген қағазбен шығып, 4-шумақтан бастап 8-шумаққа дейін оқып шығады. Ақындар қандай болатындығы туралы сипаттама береді.

3-оқушы «Тыңдаушы» деген қағазбен шығып, 8-шумақтан бастап соңына дейін оқып, тыңдаушының сипатын ашады.

Мұғалім: - Балалар, осы өлеңнің тақырыбы мен идеясы неде деп ойлайсыңдар? (Оқушылар шығарманың тақырыбы мен идеясын ашады).

III топ. Абайдың қазақ поэзиясына әкелген жаңалықтары туралы өз ойларын ортаға салады. Осы топ «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлеңді лирикасы, жанры, құрылысы, тілі, ажарлау тәсілі бойынша талдайды.

Мұғалім: - Балалар, енді осы өлеңнің маңызы неде деп ойлайсыңдар?

Қорытынды кезең. Әр топқа шығармашылық тапсырма:

I топ. «Өлең» деп жазылған парақша беріледі. Олар өздері кез келген тақырыпқа ойдан өлең шығарып, оқиды.

II топ. «Ақын» деп жазылған парақша беріледі. Оқушылар өз ойларын айтып, қазіргі заман ақынына сипаттама береді.

III топ. «Тыңдарман» деп жазылған парақшаға қазіргі таңда тыңдармандардың түсінік-танымдарын анықтайды.

Үй жұмысы: Міндетті деңгей: Өлеңнің 7 шумағын жаттау.

Мүмкіндік деңгейі: 4-тапсырма. Эссе жазу.

Бағалау кезеңі:

р / с	Оқушының аты-жөні	Үй тапсырмасын орындау деңгейі	Сабак барысындағы белсенділігі	Шығармашылық жұмысы	Қорытынды баға

1-бала: - Бұл өлеңді Абай 1887 жылы жазған. Ең алдымен, бұл өлеңде Абай ақындық өнер туралы, ақын шығармалары - әлеуметтік күрестің үлкен құралы екенін айтады. Сөз асылы — поэзия екенін биік бағалауымен қатар, оны төмендететін олқылықтарды да айтады. Айтушы да, тыңдаушы да надан болғандықтан, поэзияның зор қасиеті танылмай жүр дейді.

2-бала: - Бұл өлең жолдарында ақынды жағымсыз, жанын жалдаған жексұрын ақын етіп, өнер ұстап жүрудің орнына қайыршылыққа кеткен сорлылықты әшкерелейді.

Сөз өнерін жағымпаздыққа, мақтанышқа жұмсап, бай мен әкімдерді қошемет қылған ақындарды жиренішті жандардың қатарына қояды.

3-бала: - Бұл өлең жолдарында сөзін, ойын жаңаша түзелген тыңдаушыға қарата айтады. «Кеудесін керіп, көп білем деген талай надандарды кінәлап айтам. Сол үшін мені кінәлама» дейді.

Ол өзінің өлеңдері арқылы қазақ поэзиясына бұрын-соңды болмаған өзгерістер әкелді. Ол өзгерістер өлең ұйқасына, өлең тармақтарына, өлең бунақтары мен санына қатысты болды. Сондай-ақ тақырыптық, мазмұндық жағынан да, табиғат көріністерін бейнелейтін лирикаларында да, түрлі көңіл-күй, ішкі сезімді жеткізуге арналған махаббат, т.б. өлеңдерінде де Абай өз шығармашылығы арқылы қазақ поэзиясын соны да сапалы, биік сатыға көтерді.



ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ ҒАЛЫМЫ – ШОҚАН УӘЛИХАНОВ

Сабақтың мақсаты: Шоқан өмірі – үлгі, өнеге екенін оқушыларға білдіру, ұлы ғалымның шығармашылығын таныту; **білімділік** – ұлы ғалым Шоқан Уәлихановтың өмір жолымен, оның қысқа өміріндегі шығармашылығын тану; **дамытушылық** – оқушылардың іздену дағдысына сүйене отырып, олардың тарихи ойлау, зейіндік қабілеттерін үнемі жетілдіре түсу, өздігінен білім алуға, ізденулеріне жағдай жасау, ой қорытып, оны жеткізе білуге дағдыландыру; **тәрбиелік мақсаты:** оқушыларды рухани білімділікке, еңбексүйгіштікке, мәдениеттілікке тәрбиелеу.

Түрі: кіріктірілген сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, кластер құру, слайдтар арқылы баяндау. **Пәнаралық байланыс:** тарих, география, ән мен күй. **Көрнекілігі:** «XIX ғасырдағы Қазақстан» картасы, Шоқан суреті, «Шоқан саяхаттары» карта-сызбасы, слайдтар, интерактивті тақта, ұлы ғалым туралы жазылған төмендегідей ой-пікірлер:

1. *«Корпустың оқытушылары Шоқанды болашақ зерттеуші, тіпті, ғалым болуы да ықтимал деп жүрген кезде Шоқан небары он төрт-он бес жаста ғана болатын».*

(Г.Н. Потанин).

2. *«Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов шығыстану ғылымында аққан жұлдыздай жарқ етті де, жоқ болды».*

(академик И.Н. Веселовский).

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

2. Ұйымдастыру сәтінен кейін төмендегідей сұрақтар беріліп, тиісті жауаптар алынды:

- Балалар, үйге қандай тапсырма берілді? (Тест түрінде жауап алынады)

- Бүгінгі өтетін сабағымыздың тақырыбы: «Шоқан Уәлиханов – қазақтың ұлы ғалымы». Тақырыптың жоспарын дәптерлеріне жазып алуды ұсынамын.

3. Жаңа сабақ.

1. Шоқанның өмір жолдары (слайдтар арқылы):

а) арғы тегі, туып-өскен ортасы;

ә) балалық шағы;

б) білім алу кезеңі (Омбыда оқуда болған жылдары).

2. Шоқанның ғылыми қызметі (дайындалған баяндамалар):

а) Шоқан – тарихшы, саяхатшы;

ә) Шоқан – әдебиет зерттеушісі;


б) Шоқан – суретші;

в) Шоқан және музыка;

г) Шоқан – этнограф.

3. Шоқан өмірінің соңғы кезеңдері (кластер жасау):

Шоқан туралы достарының және басқа ғалымдардың пікірі.



Ата-бабамыз *«Жеті атасын білмеген – жетесіз»*,
«Жеті атасын білген ер жеті жұрттың қамын жер,
жеті атасын білмеген құлағы мен жағын жер» деп
бекер айтпаған. *Жеті атаны білу – тегін білу. Ал, «тегін*
білмеген – тексіз».

4. Қорытынды сұрақтар:

1. Шоқан қай жылы, қай жерде туып өсті?

2. Шоқанның рухани сана-сезімінің оянуына әсер еткен
кімдер?

3. Шоқан туралы қосымша қандай әдебиеттер оқыдыңдар?

- Балалар! Жеті аталарыңды білесіңдер ме? (Шоқанның
арғы аталары Абылай, Уәли, т.б. екенін, ал, өзі Абылайдың
шөбересі екенін түсіндіріп өттім).

Шәкірттердің жаңа тақырыптан алған білімдерін бекіте
түсу үшін тақырыпқа сай тест сұрақтарын беремін.

Сандар сөйлейді:

1835 жылы –

1847 жылы –

1853 жылы –

1858-1859 жылдары –

1860 жылы –

1859-1861 жылдары –

1864 жылы –

1865 жылы –

Шаталов тәсілімен тірек сигналдарын пайдаланып,
тапсырма беремін. Мәселен, «1835-1865» жазуды ұсынсам
– Шоқанның өмір жолы туралы, «музыка кілтін» көрсетсем
– «Шоқан және музыка», қылқалам мен қағазды көрсетем
– «Шоқан – суретші», глобус суреті арқылы «Шоқан –
саяхатшы» тақырыбын жан-жақты ашуды оқушыдан
талап етемін. Ауызша түрде сөзжұмбақ шешу арқылы
қорытындыланды.

Бекіту сұрақтары:

1. Шоқанның туып-өскен жері туралы не білесіңдер?
2. Ш.Уәлихановтың ғалым, саяхатшы ретінде қалыптасуына өз ортасы мен орыс мәдениеті қалай әсер етті?
3. «Шоқан өз халқының нағыз патриоты болды». «Патриот» деген сөзді қалай түсінесің?

Үйге тапсырма: «Шығыстың аққан жұлдызы» тақырыбында шығарма жазып келу, оған пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

1. С.Мұқанов. «Аққан жұлдыз». А., «Жазушы»;
2. С.Бегалин. «Шоқан асулары». А., «Жазушы», 1990;
3. Ш.Уәлиханов. «Таңдамалы». А., «Жазушы», 1980.

Бағалау.

Баяндамалар мазмұны:

1. «Шоқан – саяхатшы» (слайдтар)

Шоқан – Қазақстаннан шыққан тұңғыш саяхатшы. Қазақстанды, Шығыс Түркістанды, Орта Азияны зерттеген ойшыл, кемеңгер ғалым. 1855 жылы ол генерал Гасфорттың сапарына қатысып, Жетісу, Тарбағатай, Орталық Қазақстан, Іле Алатауын аралайды. 1856 жылы Ыстықкөлдің топографиялық суретін түсіреді. Кей сапарға Семенов Тянь-Шаньскиймен бірге барады. 1956 жылы күзде Құлжаға барып, Қытаймен сауда байланысын жақсартып, екі ел арасында келіссөз жүргізеді. 1857 жылы Уәлихановтың Алатау қырғыздарына барған сапары Қашқар экспедициясына дейін дайындық іспетті болады. XIX ғасырдың II жартысына дейін ғылымда Қашқария жөнінде ешқандай мәлімет жоқ еді. Патша өкіметі Қашқария туралы мәлімет жинап келу үшін шығыс тілін жақсы білетін, ер жүрек те батыл Шоқанды жіберді. Ол 1858-59 ж.ж. Қашқарияда болып, әлемге «Алтышаһардың немесе Қытайдың Нан-Лу провинциясының (кіші

Бұқаралық) Шығыстағы алты қаласының жағдайы туралы» деген атақты еңбегін жазды. Сол сапардан әкелінген алтын құты Дрезден көрмесіне қойылды. Қашқария мәліметтері Шоқанның дүниежүзілік география ғылымына қосқан зор жаңалығы еді. 1856-61 жылдары Шоқан Петербургте болып, қиын да қызықты өмірді бастан кешіреді. Ол мұнда орыстың озық ойлы, зиялы қауымымен араласады.

2. «Шоқан - әдебиетші, зерттеуші ғалым» (слайдтар)

Шоқан – әдебиет зерттеушісі, очеркист-жазушы. Очерк деген не? Очерк – қысқа көлемді көркем шығарма. Ғылыми зерттеу еңбек пен әдеби шығарма арасындағы туынды. Кейіпкерлері көркем әдебиеттегідей ойдан шығарылған емес, өмірде болған немесе бар адам. Шоқан 1854 жылы экспедиция құрамымен Қазақстан, Жетісу, Жоңғария, Тарбағатай, Алакөл өңірін, т.б. жерлерді аралайды. Қашқария, Ыстықкөл жаққа сапармен барады. Сонда ол «Жоңғария очерктері», «Қытай империясының батыс провинциясы және Құлжа қаласы», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Ыстықкөл сапарының күнделіктері», «Қазақ халық поэзиясының түрлері» деген бірнеше еңбек жазады. Бұл еңбектерінде жергілікті халық тарихы, әдебиеті, әдет-ғұрпы зерттеледі. Барған жерінің табиғаты мен ел тұрмысын Шоқан жазушының шеберлігімен суреттейді. Шоқан әдебиетші-ғалым ретіндегі қадамын ауыз әдебиеті ескерткіштерін жинап, жазып алудан бастайды. Ол жазып алған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ер Көкше», «Едіге» секілді жырлар орыс ғалымдарының назарын аударып, төңкеріске дейін баспадан шығады. Осы топтағы шығармасының көрнектісі – «Абылай туралы жыр». Ғалым «Тарихи аңыз-әңгімелер» еңбегінде XVIII ғасырдағы батырлар туралы қызықты деректер келтіреді. Мұнда сол дәуірдің көрнекті қайраткерлері Абылай, Бөгенбай, Жәнібек, Елшібек, Малайсары сияқты тарихи тұлғаларға

қатысты жайлар сөз болады. «Қазақ халық поэзиясының түрлері туралы» еңбегінде қазақ поэзиясының жанр, түр, өлең құрылысын зерттеген. «Қырғыз туралы жазбалар» еңбегінде тұрмыс-салт жырларын үшке бөледі. Шоқанның әдебиет саласындағы еңбектері ХІХ ғасырдағы әлемдік озық ескерткіштері қатарына қосылады.

3. «Шоқан – суретші» (слайдтар)

Бүкіл саналы ғұмырында Шоқан шығыстанушы, жалпы өнер зерттеушісі ретінде көрінуі кездейсоқтық емес. Ол өзінің қысқа ғұмырында сурет, сәулет, мүсін, сән және қолөнерге айырықша маңыз берген. Академик Ә.Марғұлан осы салалар бойынша Шоқан еңбектерін зерттеп, оның сурет жазбаларын мынадай 7 топқа жіктеді:

1. Шоқанның жас кезінде салған суреттері;
2. Ыстықкөл экспедициясы суреттері;
3. Құлжа суреттері;
4. Қашқар экспедициясы суреттері;
5. Қазақстан мен Қырғызстан мәдени және археологиялық ескерткіштерінің суреттері;
6. Қазақтардың, қырғыздардың және ұлттардың тұрмысы мен салтына қатысты суреттер;
7. Замандастарының портреттері.

Ә.Марғұлан «Шоқанның суретшілік өнері жеті жастан оянған» деген пікір айтады. Ал, Шоқанның студент кезіндегі досы Потанин «Шоқан бір ауыз сөз орысша білмейтін кезінде-ақ қаламмен сурет салуды ұнатқан» дейді. Зерттеулерге сүйенсек, Шоқанның 150-ден астам суреттері сақталған. Соның ірілері – «Алатау қырғызы», «Қашқарлық келіншек», «Тезек төре», «Мырзалар», «Салт аттылар», «Қытай мырзаларын Құлжада қабылдау», «Қалмақ Зайсаны», «Бұғы руының жоғары манабы», «Боранбай». Шоқан барған жерлерінде табиғат сұлулығын зерттеген. Мүсін өнерінен

таңбалы тастары, сәулет өнерінен «Алаша хан мазары», «Қырғыз моласы», т.б. еңбектері бар.

4. «Шоқан және музыка» (слайдтар)

Музыканы зерттеуші ғалымдар мен музыка қайраткерлері Шоқанның өмір сүрген кезеңін қазақ музыка мәдениетінің гүлдену шағы дейді. Шоқан нота таныған, орыс, Батыс Еуропа, Қазақстан және Орта Азия музыка өнерімен толық таныс болған. Өмірінің соңына дейін ән мен жырдың ортасында жүрген. Шоқанның «Қазақ музыканттары» суретті туындысының жұмбағы көп. Мұнда XIX ғасырдың орта шенінде өмір сүрген 6 бірдей музыка шеберлерінің суреттері салынған. Олар: Біржан сал, Ақан сері, Мұса, Тәттімбет, Қартқожа және Ханқожа Уәлиханов. Сонымен қатар 14 күйдің тізбесі бар «Тәңір би», «Байсал Уақ-сары батырдың сыбызғыда тартқаны», «Ханқожаның күйі», «Бағаналы баладай бақсының сарыны (Қорқыт күйі)», «Суға кетті Ер Қотан», «Балбырауын», «Ала байрақ», «Қызыл қайың», «Тарғыл бұқа», «Бес бармақ», «Қапыда өткен қарбалас», «Тайлаубайдың сыбызғыда тартқан күйі», «Қыз жылатқандай», «Баужананың қос баспасы», «Ер Шегедей еткейсің», қобызшы Ханқожаның сыбызғы мен домбырада ойнаған күйлері Шоқанды сан рет жан рахатына бөлейтін. Шоқанның әкесі Ханқожа әндерін айырықша бағалап, «Бақыт – менікі, өнер – Ханқожанікі» деген қанатты сөздер қалдырған.

Шоқан «қобыз – ойналуы өте күрделі, тартымды да әсерлі аспап» деп жоғары бағалайды. Әрі қобыз сүйемелімен айтылатын көне жырлардың қалып бара жатқанына, ата дәстүрдің тұлдырсыз қала бастағанына қынжылады. Шоқанның музыка саласындағы еңбектері жете зерттелмеген. Оны жарыққа шығару – кейінгі ұрпақ еншісі.

5. «Шоқан – этнограф» (слайдтар)

Шоқан барған елдерін жан-жақты зерттеп, оның саяси және экономикалық құрылымымен жақсы танысып, ол жерлерді ерте замандардан бері мекендеп келе жатқан халықтың тарихы мен этнографиясы жөнінде көп материалдар жинақтаған. Этнография – халықтардың шығуын, мәдени тұрмыстық ерекшелігін зерттейтін ғылым. Мысалы: Қашқарияны зерттеуде «Алтышаһардың немесе Қытайдың Нан-Лу провинциясының шығыстағы алты қаласының жағдайы туралы» еңбегінде ол Шығыс Түркістан тарихы, этнографиясы, әлеуметтік құрылысы жөнінде толық мағлұмат береді. «Қырғыздың ата-тегі», «Оңтүстік Сібір тайпаларының тарихы», «Қазақ шежіресі», «Құлжа сапарының күнделігі» еңбектерінде Батыс Қытай, қырғыз, қазақ халықтарының бастан өткізген тарихи кезеңдері мен мәдениеті жан-жақты талданады. Ғалым Орта Азия халықтарының тілін, көне мұраларын зерттеген. Петербургте болған (1859-61) жылдары ол ғылыми жұмыстарын одан әрі жалғастырады. Ағылшын, неміс, француз тілдерін жетік меңгерген. Шоқан осы тілдердегі картаны зерттейді. 1861 жылы белгілі ғалым болып танылған соң, ауруға шалдығып, елге келеді. Бірақ ағайын-туыспен келіспей, Омбыға барып сот реформасымен айналысады. 1864 жылы генерал Черняевтің экспедициясына қатысып, оларға наразы болып, Верныйға, одан әрі албан руының аға сұлтаны Тезек ауылына барады. Сонда тұрып Тезек төренің қарындасына үйленеді. Шоқан 1865 жылы көкек айында Көшентоғай деген жерде қайтыс болады. Шоқан – терең энциклопедиялық білімі бар, өз заманында ғылымда бірқатар мәселелерді жаңаша көтерген ірі ғалым.



Ләззат ҮЛЖЕБАЕВА,
Қостанай облысының
Қостанай қаласындағы
№7 орта мектептің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ МЕҢГЕРУДЕГІ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІ

Оқу процесінде оқытудың жаңа технологиясын қолдану – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Сондықтан оқушылардың білімін арттыру үшін сабақта жаңа технологияларды қолдана білу керек. Оқытудың тиімді жолдары түрлі әдістер арқылы анықталады. Бүгінгі таңда оқу процесінде оқытудың қалыптасқан негізгі әдістерімен қатар, жаңа әдістері, яғни, инновациялық әдістері жиі қолданылады.

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің ең басты мәселесі – білім сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Ол үшін қазіргі заман талабына сай қазақ тілін меңгеруде жаңа технологияларды, ұтымды әдіс-тәсілдерді пайдалану.

Білім беру саласының басым бағыты – білім сапасын арттыру деп отырмыз. Бұған қалай қол жеткізуге болады?

Бұл мақсатқа қол жеткізудің бірден-бір жолы – бұрынғыдай білім мазмұны пәндік білім жиынтығы емес, ендігі білім нәтижесі оқытудың мақсатын бірлесе шешуден, оқу әрекетін дұрыс ұйымдастыра білуден көрінбек. Біздің мақсатымыз – білімді жеке тұлғаға бағыттау, оның қабілетін, дарынын дамыту. Сондықтан өз сабақтарымда мынандай мақсаттарды көздеймін:

- 1) жан-жақты дамыған, рухани, бай тұлғаны қалыптастыру;
- 2) оқушыға оқу субъектісі ретінде өзін-өзі дамытуға, жан-жақты тануға көмектесу;
- 3) әр оқушыны өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтеру, оқыту барысында соған лайық жағдай жасау;
- 4) оқушыға білімді өздігінен меңгертудің әдіс-тәсілдерін игерту, дамыту.

Тәуелсіз Қазақстан

Сабақтың мақсаты: білімділік – өтілген материалдарын қайталау арқылы оқушылардың меңгерген білімдерін жүйелеу, бекіту, жаңа сабақты меңгерту, тақырыпқа байланысты өз ойларын айта білуге үйрету. Тапсырмалар орындау арқылы сан есім туралы алған білімдерін еске түсіруге жағдай жасау; **дамытушылық** – проблемалық жағдай туғыза келіп, оқушының ойлау, сөйлеу дағдыларын, танымдық қасиеттерін дамыту; **тәрбиелік** – патриоттық сезімдерін оятып, тілге деген құрметке тәрбиелеу.

Сабақтың міндеттері: Қазақстанның 20 жыл ішінде жеткен жетістіктерін талдай отырып, оқушылардың білім деңгейін өсіру; сөз мағынасын түсіне білу, оқу, жазу арқылы оқушының ой қорытып және оны қорғай білуіне қол жеткізу. Өз-өзіне баға бере білуіне тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: интерактивті оқыту әдісі, мәтінмен жұмыс, аударма, сұрақ-жауап, сөз тіркестер мен сөйлемдер құру, түсіндіру, сұхбаттасу, интернет желісіне шығу, іздену, деңгейлеп оқыту. **Түрі:** дәстүрлі сабақ. **Типі:** жаңа білімді меңгерту. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, бейнеролик, компьютер. **Пәнаралық байланыс:** қазақстан тарихы, қазақ әдебиеті. **Қолданылған технологиялар:** іздену, саралап деңгейлеп оқыту технологиясы.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Кезеңнің мақсаты: оқушы-

лардың зейінін сабаққа аудару.

А) Оқушылармен сәлемдесу.

Ә) Кезекшімен сұхбат.

В) Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен таныстыру.

Ойшақыру:

- Біз қай мемлекетте тұрамыз?

- Қазақстан қандай мемлекет?

- Тәуелсіз деген ұғымды қалай түсінесіңдер?

- Өзіміздің рәміздеріміз, астанамыз, Президентіміз, теңгеміз, мемлекеттік тіліміз бар.

Фонетикалық жаттығу:

Мақсаты: оқушылардың тілдерін жаттықтыру.

Отан –жерім, Отан – суым,

Отан қуат, нәр береді.

Отан – ұран, Отан – туым,

Отан мәңгі гүлденеді!

1. Оқушылар жасырылған дыбыстарды анықтайды, тілдерін жаттықтырып, мәнерлеп оқиды.

2. Осы дыбыстарға сипаттама береді.

II. Үй жұмысын тексеру. Кезеңнің мақсаты: үйге берілген тапсырмаларды дұрыс орындауын тексеру.

Қазақстан Республикасының ту мен елтаңбасы туралы әңгімелеу.

III. Жаңа тақырыпқа дайындық кезеңі:

Кезеңнің мақсаты:

1. Оқушылардың қызығушылығын мотивациялау.

- Осы үзіндіден қандай ой түйіндедіңдер?

Оқушылар «Қазақстан» тақырыбына байланысты бейнесюжет қарайды.

(Бейнесюжет бойынша ойқозғау).

Оқушыларға сабақтың проблемалық сұрағы ұсынылады.

Мақсаты: осы сұраққа жауап іздей отырып, жаңа тақырып бойынша алған білімдерін қорытындылайды, белгілі бір

мәселені шешуге, жоғары белсенділіктерін дамытып, өз пікірін айтуға үйренеді.

- Тәуелсіз Қазақстанымыздың 20 жыл ішіндегі жеткен жетістіктері қандай?

2. Жаңа сөздермен жұмыс:

Кезеңнің мақсаты: жаңа сөздермен танысып, дұрыс айтылуы мен жазылуын қадағалау және оқушылардың сөздік қорын байыту.

1) *Шаңырақ – купол юрты;*

Тұлпар – скакун;

Тік бұрышты – остроконечный;


Қыран құс – орел;

Бейне – образ, изображение;

Қалықтайтын – парящий;

Сан сырлы – различный.

2) **Мақсаты:** тілдерін, ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту.
Сөздік карта бойынша жұмыс түрін өткізу:



IV. Жаңа тақырып.

Кезеңнің мақсаты: оқушылардың білімін кеңейту, өз ойын жеткізу қасиеттерін дамыту.

Жаңа тақырыпты түсіндіру:

Оқушылар мәтінді тыңдайды (жанды дауыс).

Тәуелсіз Қазақстан

Менің Отаным – Қазақстан. Қазақстан – көп диаспоралы, егеменді, тәуелсіз мемлекет.

Оның жері кең-байтақ. Бұл мемлекет Еуразияның орталығында орналасқан. Қазақстанның табиғаты тамаша. Халқының саны 15 миллионнан асады.

Қазақстанның ұлан-байтақ даласында мол байлық бар, бұл-сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктер, пайдалы қазбалар.

Біздің еліміздің өз рәміздері бар. Олар: ту, елтаңба, гимн.

Қазақстанның бас қаласы және астанасы – Астана. Астана Сарыарқа даласында, Есілдің жағасында орналасқан.

Еліміздің тұңғыш Президенті - Н.Ә.Назарбаев. Біз өз Отанымызды сүйеміз, мақтан етеміз.

2. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді:

- Қазақстан қандай мемлекет?
- Қазақстан қайда орналасқан?
- Халқының саны қанша?
- Қазақстан немен бай?
- Қазақстанның бас қаласы қандай қала?
- ҚР тұңғыш Президенті кім?

V. Жаңа тақырыпты бекіту кезеңі:

Кезеңнің мақсаты: алған жаңа мәліметті бекіту.

1) Деңгейлік тапсырмалар орындау:

III деңгей (барлығына міндетті түрде)

Жоспар:

1. Қазақстан –көп ұлтты мемлекет.
2. Қазақстанның байлығы.
3. Қазақстанның рәміздері.
4. Қазақстанның астанасы.
5. Қазақстанның тұңғыш Президенті.

Мәтін бойынша жоспар құрастыру.

II деңгей. Диалог құрастыру.

- Қазақстан қандай мемлекет?

.....

- Қазақстан Республикасының халқының саны қанша?

.....

- Қазақстанның рәміздері?

.....

- Қазақстанның тұңғыш Президенті кім?

.....

I деңгей (шығармашылық деңгей)

Мәтінді жалғастырып, өз ойларын жеткізу.

Біздің еліміздің (орман, таулар, көлдер) көп.

Қазақстан (астыққа) бай.

Қазақстанда сирек кездесетін ... (андар, құстар) бар.

VI. Ізденушілік жұмыс.

Кезеңнің мақсаты: жаңа тақырып бойынша білімдерін кеңейту, іздену жұмысын ұйымдастыру.

Оқушылардың ізденушілік қабілеттерін дамыту мақсатында интернет желісіне шығу арқылы оқушылар берілген сұрақтар бойынша жұмыс жасайды.

Сұрақтар «Қазақстанның 20 жыл ішінде жеткен жетістіктері» тақырыбында болады.

- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі қай жылы жарияланды?

- Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті қай жылы сайланды?

- Қазақстан Тәуелсіз Республика болып қай жылы жарияланды?

- ҚР тұңғыш ғарышкері Т.Әубәкіров қай жылы ғарышқа ұшты?

- ҚР мемлекеттік рәміздері қай жылы қабылданды?

- ҚР ұлттық валютасы қай жылы айналымға енді?

- Астана қаласы қай жылы Қазақстанның елордасы болды?

- Қазақстанда қай жылы қысқы Азиада ойындары өткізілді?

Жауаптары:

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігін жариялады.

- 1991 жылы 1 желтоқсанда Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті сайланды.
- 1991 жылы 10 желтоқсанда Қазақстан Тәуелсіз Республика болып жарияланды.
- 1991 жылы ҚР тұңғыш ғарышкері Т.Әубәкіров ғарышқа ұшты.
- 1992 жылы 4 маусымда ҚР мемлекеттік рәміздері қабылданды.
- 1993 жылы 15 қарашада ҚР ұлттық валютасы айналымға енді.
- 1997 жылы Астана қаласы Қазақстанның елордасы болды.
- 2011 жылы Қазақстанда қысқы Азиада ойындары өткізілді.

VII. Грамматиканы қайталау.

Кезеңнің мақсаты: сан есімді қайталау арқылы оқушының білімдерін тәжірибемен ұштастыру.

- Сан есім деген не?
- Сан есім құрамына қарай қандай болады?
- Сан есімнің сұрақтары қандай?

2) Сан есімдерді жазылуы мен құрамына қарай ажыратылуын анықтау.

Сан есімдерді сөзбен жазып, көшіріңіздер.

Мен 6-сыныпта оқимын. Концерт 19.00-де басталады. Әкемнің жасы 45-те. Бүгін бізде 5 сабақ болды. «Алматы» қорығында құстардың 200 түрі бар. Ыбырай Алтынсарин 1864 жылы қазақ қыздары үшін мектеп ашқан.

3) Перфокарта. Қосу таңбасы арқылы сан есімдерді ажыратып, белгілеу.

Сан есімдер	Дара	Күрделі
1991		
1		
10		

1992		
4		
15		
2011		

VII. Пәнаралық байланыс.

Кезеңнің мақсаты: оқушыларды отаншылдыққа тәрбиелеу мақсатында ребусты шеше отырып, мақалды анықтап, мағынасын түсіндіру. Есте сақтау қабілетін тексеру.

4) Оқушылардың жылдамдығын, тапқырлығын дамыту мақсатында «Қазақстан» тақырыбына 8 сөз тауып, дәптерлеріне жазу, интерактивті тақтада сиямен бояу.

т	ә	у	е	л	с	і	з
у	ә	м	і	з	д	е	р
е	л	б	а	с	ы	и	т
а	о	т	а	н	и	н	с
п	қ	а	з	б	а	в	о

VIII. Өткен тақырыпты тест арқылы бекіту.

1. Қазақстан қайда орналасқан?

- а) Еуразия орталығы; ә) Еуропа; б) Еуразия;
в) Солтүстік; г) Оңтүстік.

2. ҚР туының түсі қандай?

- а) сары; ә) көгілдір; б) қызыл; в) жасыл; г) ақ.

3. Қазақстанның астанасы қай қала?

- а) Алматы; ә) Астана; б) Қызылорда;
в) Шымкент; г) Жамбыл.

4. ҚР Тәуелсіздігі қай жылы жарияланды?

- а) 1999 ж.; ә) 1992 ж.; б) 1991 ж.; в) 2002 ж.; г) 1993 ж.

5) Астана қаласы қай жылы Қазақстанның елордасы болды?

- а) 1993 ж.; ә) 1995 ж.; б) 2001 ж.; в) 1997 ж.; г) 1991 ж.

6. ҚР тұңғыш ғарышкері?

- а) Т.Бигелдинов; ә) Т.Мұсабаев; б) О.Сүлейменов;

в) Ш.Айтматов; г) Т.Әубәкіров.

7. ҚР мемлекеттік тілі қай тіл?

а) қазақ; ә) орыс; б) араб; в) ұйғыр; г) ағылшын.

8. Қазақстан халқының саны қанша?

а) 10 млн.; ә) 25 млн.; б) 15 млн.; в) 30 млн.; г) 12 млн.

IX. Сабақты қорытындылау:

Кезеңнің мақсаты: оқушылардың жаңа тақырып бойынша алған білімдерін қорытындылау.

Сабақтың басында берілген проблемалық сұраққа жауап бере отырып, сабақты тиянақтау.

X. Үйге тапсырма. XI. Бағалау.



Алмагүл БОЛАТБАЕВА,

Орал қаласындағы

№12 жалпы орта білім беретін

мектептің мұғалімі.

БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛЕРДІҢ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – Қазақстанның көне қалалары туралы алған білімдерін толықтыру, туған қаламыздың көне орындарымен танысу, бірыңғай мүшелердің тыныс белгілерінің қойылу жолдарын меңгеру; **дамытушылық** – оқушылардың сөздік қорларын молайту. Ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту, шығармашылық қабілеттерін арттыру; **тәрбиелік** – оқушылардың туған жер тарихына деген сүйіспеншіліктерін арттыру, тарихи мұраға деген қызығушылығын қалыптастыру.

Жабдықталуы: интерактивті тақта, слайдтар, БҚО картасы. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, әңгімелесу, баяндау, ой қозғау, түртіп алу стратегиясы, Венн диаграммасы, ойын.

Түрі: оқығанды қорытып, ой дамытатын сабақ.
Пәнаралық байланыс: тарих, география, қазақ тілі.

Сабақтың барысы:

1) Ұйымдастыру бөлімі: оқушыларды түгелдеу, сабаққа дайындалу.

- Балалар, мен бүгінгі сабағымызды мынадай өлең жолдарымен бастағым келіп тұр.

Сыр сандықты ашып қара, ашып қара, сырласым.

Сыр пернесін басып қара, басып қара жырласын!

Мына суретте сендер қазақ халқының ұлттық бұйымы – сандықты көріп отырсыңдар. Бұл жай сандық емес, бұл – тарихи, шежірелі сандық. Бұл сандық бізге Қазақстанның көне қалалары туралы сыр шертеді. Ендеше, балалар, осы шежірелі сандық арқылы біз тарих тереңіне үңілеміз.

2) Үй тапсырмасын «Шежірелі сандық» ойыны арқылы тексеру.

- Біз өткен сабақтарымызда Қазақстанның көне қалаларымен таныстық. Көне қалалар туралы алған білімімізді тексеру үшін сандықтағы сұрақтарға жауап берейік.

1. Түркістан қаласы қай жерде орналасқан? (Еліміздің оңтүстік аймағында).

2. Қасиетті Түркістанды қалай атайды? (Түркістанды «Екінші Мекке»деп атайды.

3. Түркістанда кімнің кесенесі бар? (Түркістанда Қожа Ахмет Иассауи кесенесі бар).

4. Жаркент қаласы қай жерде орналасқан? (Ұлы Жібек жолының бойында, Қазақстан мен Қытай шекарасында).

5. Жаркенттің өлкетану мұражайында нелер бар? (Мұражайда қызықты экспонаттар, құнды деректер бар).

6. Тайқазан қай қалада? (Түркістан қаласында).

7. Отырар қаласында кімге арналған кесене бар?
(Арыстанбаб кесенесі бар).

8. Отырарда кім дүниеге келген? (Әбу Насыр әл Фараби).

Сәйкестендіру сөздігі:

Көне	мавзолей
Қасиетті	расположен
Кесене	древний
Тарихи өлкетану мұражайы	священный
Қоныс тепкен	караван
Құнды дерек	молитвенный дом
Керуен	исторический краеведческий музей
Ғибадатхана	политический центр
Саяси орталық	ценный источник

- Сонымен, біз қандай қалалармен таныстық?

- Отырар, Түркістан, Жаркент.

- Бұлар қандай қалалар?

- Көне қалалар.

- Ендеше, біз бүгін Қазақстанның көне қалаларының бірі болып саналатын Орал қаласымен танысамыз. Осы шежірелі сандығымыз бізге Орал қаласы туралы сыр шертеді.

Мақсат қою кезеңі.

- Бүгінгі сабағымызда көне қалалар туралы алған білімімізді толықтырып, туған қаламыздағы көне орындармен, қазбалармен танысамыз.

3) Жаңа сабақ: Қазақстанның көне қалалары. Орал қаласы.

1. Сөздікпен жұмыс (сөз тіркестері, сөйлем, танымдық мәлімет):

Негізі қаланған – основан;

Ортағасырлық – средневековое;

Сәулет өнерінің туындысы – произведение архитектурного искусства;

Құнды тарихи ескерткіш – ценный исторический памятник;

Мәдени мұра – культурное наследие.

2. Мәтінмен жұмыс:

а) түртіп алу стратегиясы + білемін,?-жаңа, түсініксіз,!
-жаңа, түсінікті;

ә) мәтінді оқып, әр азат жолдан кейін картамен, слайдтармен жұмыс.

Бүгінгі күнде Қазақстанның ең көне қаласы болып саналатын Орал қаласының негізі 1613 жылы Орал өзенінің оң жағалауында қаланған. Қала Жайық өзенінің жағасында, Шағанның Жайыққа құяр тұсында орналасқан. Жайық – ежелгі түрік сөзі, мағынасы «жайлы орын» деген ұғымды білдіреді. Орал қаласының көне қала екенін дәлелдейтін тарихи ескерткіштер, жәдігерлер өте көп.

2001 жылдан бастап Орал археологиялық экспедициясымен Ә.Марғұлан атындағы археология институты Жайық қалашығын зерттеу жұмыстарын бастады. Жайық қалашығының мекені: Орал қаласының қасындағы Круглоозерное кентінің солтүстігінде, Шаған өзенінің бойында орналасқан ортағасырлық қаланың орыны. Жәнібек ауданы да – шежіреге бай өлкелердің бірі. Мұнда үш қорған табылған. Ал, Бөрлі ауданының Алғабас ауылынан бес шақырым жерде қырықоба қорғаны табылды.

Қаламызда XIX ғасырдың тарихы мен мәдениет ескерткіші болып саналатын Карев үйінің ғимараты 1900 жылы салынған. Қазір бұл үйде Ғ.Құрманғалиев атындағы облыстық филармония және Ж.Молдағалиев атындағы облыстық кітапхана орналасқан. 1832 жылы Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі ашылды. Бұл музей мектеп мұғалімі Курилиннің ұйымдастыруымен ашылған. Ал, Емельян Пугачевтің мұражай-үйі – XVIII ғасырдағы сәулет өнерінің туындысы.

Оралдың қазіргі келбетіне сән беріп тұрған ғимараттар да аз емес. Мысалы: мұсылмандар мешіті, мұз айдыны, спорт сарайы, қазақ драма театры, көптеген ескерткіштер сүйікті қаламызға сән беріп тұр.

3. Сұрақ-жауап:

- Орал қаласының негізі қашан қаланған?
- Орал қаласы қай жерде орналасқан?
- Жайық қалашығын қай жерден, кімдер тапқан?
- Ғ.Құрманғалиев атындағы облыстық филармония қай ғимаратта орналасқан?
- Өлкетану мұражайының ашылуын ұйымдастырған кім?
- Қырық оба қорғаны қай жерден табылды?
- Қаламыздағы қандай мәдени орындарды білесіңдер?

4. Ойын сәті. «Шын және жалған». Берілген сөйлемдердің дұрыс, бұрыстығын анықтау.

№	Сөйлемдер	Шын	Жалған
1.	Орал қаласы 1633 жылы салынған.		+
2.	Оралда ескерткіштер, <u>мұражайлар</u> , <u>мешіттер</u> бар.	+	
3.	Жайық қалашығы Деркөл кентінен табылған.		+
4.	Карев үйінің ғимаратында <u>филармония</u> және <u>кітапхана</u> орналасқан.	+	
5.	Орал қаласында <u>мұражай</u> да, <u>театр</u> да, <u>спорт сарайы</u> да бар.	+	
6.	Емельян Пугачевтің мұражай-үйі Отырар қаласында орналасқан.		+

5. Грамматикалық тақырып: Бірыңғай мүшелердің тыныс белгілері.

Берілген сөйлемдерден асты сызылған сөздерге тоқталып талдау.

- Бұл сөздер қандай сұрақтарға жауап береді?
- Қай сөйлем мүшесі болып тұр?
- Қай сөз табынан жасалған?
- Ендеше, ережені еске түсірейік. Бұл қандай мүшелер?



Бірыңғай мүшелердің тыныс белгілері: 1. Жалғаулық шылауларсыз байланысқан бірыңғай мүшелердің арасы үтірмен бөлінеді; 2. Бірыңғай мүшенің әрқайсысынан кейін жалғаулық шылау қайталанып келсе, үтір қойылады; 3. Бірыңғай мүшелер *мен, және* шылауларымен байланысса, шылаулар қайталанбаса, үтір қойылмайды.

6. Грамматикалық тапсырмалар: Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, қай сөйлем мүшесі екенін ажыратыңыз.

1. Түркістан - ... және ... қала. 2. Жаркент халқы ... , ... , ... айналысады. 3. Отырарда ..., ..., ... мен жұмыс істеген. 4. Жаркент қаласы ... мен ... шекарасында орналасқан.

Керекті сөздер: *тарихи, туристік, медреселер, ұстаханалар, қонақүйлер, мешіттер, егіншілікпен, мал өсірумен, саудамен, Қазақстан, Қытай.*

7. Грамматикалық тақырыпты бекіту.

1. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері дегеніміз не?

- а) іс-әрекетті, қимылды білдіретін сөз табы;
ә) сөздердің тіркесі, қосарлануы, бірігуі арқылы жасалған сөздер;

б) сөйлемдегі қызметі, тұлғасы, сұрақтары бірдей сөздер.

2. Жалғаулықсыз келген бірыңғай мүшелердің арасына қандай тыныс белгі қойылады?

а) үтір; ә) сызықша; б) қос нүкте.

3. Бірыңғай мүшелерге тән белгілерді көрсет.

а) туынды, негізгі болып бөлінеді;

ә) бір сұраққа жауап береді, бір сөйлем мүшесінің қызметін атқарады;

б) сөздердің тіркесуі, қосарлануы, бірігуі арқылы жасалынады.

4. Бірыңғай мүшелер қандай жалғаулық шылаулар арқылы байланысады?

а) себебі, сондықтан, әйтсе де; ә) әрі, мен, және, да, де;

б) бірақ, яки, ақ, ай.

5. Сөйлемдегі бірыңғай мүшелер қай сөйлем мүшесінің қызметін атқарып тұрғанын көрсет.

Отырар, Түркістан, Орал – Қазақстанның көне қалалары.

а) пысықтауыш; ә) толықтауыш; б) бастауыш.

8. Бекіту: - Сонымен, балалар, біз бүгінгі сабағымызда не туралы оқыдық? Орал қаласы қандай қала? Орал қаласының көне қала екенін дәлелдейтін нелер бар? Қала қай жерде орналасқан? Қандай мұражайлары бар? Сөйлемнің бірыңғай мүшелері деген не?

9. Сабақты қорытындылау: - Сонымен, балалар, бізге бүгін шежірелі сандық сыр шертті. Біз бұл сандықтан Қазақстанның тарихи қалалары туралы мәліметтер алдық. Енді шежірелі сандығымызды жабайық. Ол үшін мына суреттердегі ескерткіштер қай қалаға тән екенін айтып, сандыққа салуымыз керек.

10. Үйге тапсырма: «Орал қаласы» мәтінін мазмұндау. Бірыңғай мүшелердің тыныс белгілерінің ережесін жаттау, 3 сөйлем жазып келу.

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

(11-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – ғасырлар шежіресі, халық тарихы, оның әлеуметтік тіршілігі, ақыл-өнегесімен көрініс тапқан мақал-мәтелдердің қолданылу тәртібі, халықтың рухани қазынасы екендігі, ерекшеліктері, ғибраттық, өсиеттік мәні, мәтелдің ишара, меңзеу тұрғысында қолданылатындығын түсіндіру; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау қабілеттерін, танымдық ізденістерін, көркем ауызша баяндау ретін, ой алғырлығымен ойды бейнелеу нақыштарын, тіл байлықтарын қызықты грамматикалық ойындар арқылы жан-жақты дамыту; **тәрбиелік** – асыл мұрамызды құрмет тұтуға, сөйлеу тілінде тобықтай сөздің түйінін жасқанбай пайдалануға, қасиетті қызыл тіліміздің үстемдік қасиетін көтеруге тәрбиелеу.

Түрі: сайыс сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, тұжырымдау, топпен жұмыс, грамматикалық ойын.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, слайд, мақал-мәтелдер, сызбалар, кестелер.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі. Үй тапсырмасын тексеру кезеңі. Жаңа сабақ. Бекіту. Қорытындылау. Бағалау. Үйге тапсырма.

Мұғалімнің сөзі: - Балалар, үйге алдын ала берілген мақал-мәтелдердің әр түрлеріне шығармашылық дайындықтарыңызды тыңдап көрейік.

Әр топ өздеріне берілген тақырыптағы шығармашылық жұмыстарын интерактивті тақтада көрсетеді. Үй тапсыр-

масы бағаланады.

- Балалар, жұмысты әрі қарай жалғастыру үшін тақтадағы мақал-мәтелге көңіл аударайық.

Білім – қымбат, білу – қиын.

Ықыласты шәкіртке сабақтың ауыры жоқ,

Ықылассыз шәкіртке ұстаздың тәуірі жоқ.


- Балалар, бұл мақалдарды біздің сабағымыздың ұраны етіп алсақ, жаңа сабағымыз не туралы екенін аңғаруға болады. Демек, бүгінгі сабақтың тақырыбы...

- «Мақал-мәтелдер».

- Дұрыс, балалар, олай болса жаңа сабақты зейін қоя, мұқият түсініп алыңыздар. Содан соң жаңа тақырыпқа байланысты жұмыстар жүргіземіз.


Жаңа сабақты түсіндіру.

- Мақал-мәтелдер – халық даналығының, көрегендігінің айнасы, тіл байлығының алтын қазынасы. Мақал-мәтелдер – өмір шындығының көрінісі, халықтың кейінгі ұрпаққа қалдырған өсиеті, өмір сүру әрекетінің ережесі. Сан ғасырлар бойы халықпен бірге өмір сүріп келе жатқан қастерлі қазына. «Сөздің көркі – мақал» деп тегін айтылмаған. Мақал-мәтелдер аз сөзбен көп мағына беріп, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін білдіреді. Мақал-мәтелдер аз сөзбен терең мазмұнды ойды бере алады. Мақал – халықтың өмірден алған тәжірибесінің, ой-тұжырымының қорытынды жиынтығы, айқын ойды үлгі-өнеге, ақыл ретінде қысқа қайырып, көркем бейнелеп жеткізетін халықтың дана, нақыл сөзі.



Мақал-мәтелдер қосарлана айтылғанымен, екеуінің өзара айырмашылықтары бар. Сонымен қатар мақалдарда бір-біріне қарсы ұғымдар мен нәрселерді салыстыру арқылы ой-пікірді айқындай түсу тәсілі басым келеді. Мысалы: «Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді», «Ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені», «Еменнің иілгені – сынғаны» – осы мақалдардан дәлелдеу мен қорытынды пікірді байқаймыз.

Мәтел – мақалға қарағанда ойды ақырына дейін жеткізбей, топшылап, болжам ретінде түсіндіретін, сөйлем түрінде де, сөз тіркесі түрінде де келетін фразеологиялық бірлік.



Мәтел құрылысы ойды түйіндеу жағынан мақалдан өзгешерек. «Әлін білмеген – әлек», «Көппен көрген – ұлы той» деген мәтелдерде тұспал ғана бар, мағына ашық емес, қорытынды пікір жоқ.

Мұғалім: - Бүгінгі сабақта 3 топ болып жұмыс істейміз:

1-топ – «Жалын»;

2-топ – «Жігер»;

3-топ – «Дарын».

(Әр топқа мәтін, алгоритм парақшалары таратылады).

Жұмыс алгоритмі:

1. Әр топқа кесте қағаздары таратылады. «Өз жартынды

тап» ойыны бойынша мақал-мәтелдердің жартысын тауып, тақырыптарын ажыратыңыздар.

2. «Тез ойлан» ойыны арқылы мақалды тез әрі дұрыс оқыңыздар.

3. Әр топқа үлестірме қағаздар беріледі. «Кім жылдам?» ойынындағы мақал-мәтелдердің ерекшеліктерін тауып айтыңыздар.

4. «Жасырынған мақал» ойынындағы жазылған әр сөзден жаңа сөз жасап тұрған әріптерді тауып, мақалды оқыңыздар.

5. «Кім тапқыр?» ойынындағы сөзжұмбақты шешіңіздер.

6. «Кім шапшаң?» ойынындағы сұрақтарға жауап беріңіздер.

I кезең. «Өз жартыңды тап» ойыны бойынша кесте қағаздарындағы мақал-мәтелдердің жартысын тауып, тақырыптарын ажыратыңыздар.


Ықтимал жауап:

№	Мақал-мәтелдер	Мақал-мәтелдердің жартысы	Тақырып-тары
1	Туған жердей жер болмас,	Адам жақсысын жақта.	Адам
2	Елін сатып асаған,	Дұшпанмен дос болудан сақтан.	Отан
3	Ат жақсысын мақта,	Екі күн-ақ жасаған.	Достық
4	Досың дос болғанға шаттан,	Жұртқа күлкі боларсың.	Туыстық
5	Жақыныңды жат етсең,	Елі үшін өледі.	Батырлық
6	Ер жігіт елі үшін туады,	Туған елдей ел болмас.	Халық

II кезең. «Тез ойлан» ойыны.

Шеңбер бойындағы сызықтармен мақалды дұрыс әрі тез тауып оқыңыздар.

Сонда қай сөзден бастап оқуға болады? Қандай мақал шығады?



Жауабы: *Кең жерде тар отырсаң, тар жерде кең отырасың.*

III кезең. «Кім жылдам?».

Әр топқа үлестіріме қағаздар беріледі. Мақал-мәтелдердің ерекшеліктерін тауып, айтыңыздар.

Ықтимал жауап:

№	Мақал	Екеуіне ортақ	Мәтел
1	Ой нақты айтылады.	Халық ауыз әдебиет үлгісі.	Ой астарлап, жұмбақтап айтылады.
2	Мақал екі бөлімнен тұрады: бірінші бөлімде пайымдау, екінші бөлімде қорытындысы айтылады.	Авторлары болмайды.	Образдылық басым. Салыстыру, теңеу арқылы жеткізеді.
		Тұтынушылары – көпшілік.	
		Өлеңдік өрнек, ұйқаспен айтылады.	
		Қара сөзбен де айтылады.	

IV кезең. «Жасырынған мақал» ойыны.

Жазылған әр сөзден жаңа сөз жасап тұрған әріптерді табыңыздар. Сол әріптерді жалғастырып жазғанда жасырынған мақал шығады. Ол қандай мақал?

Жет – өжет;

Ара – қара;

Келі – келің;

Су – ысу;

Кен – кенез;

Тоғы – тоғызз;

Елік – ерлік;

Қылық – ықылық;

Жақ – жағаз;

Баға – балға;

Мүше – мүшел;

Аяқ – таяқ;

Ана – дана;



Кит – кит;

Ақ – ақыл;

Жеке – жеслке.

Жауабы: *Өнер алды – қызыл тіл.*

Бекіту. IV кезең. «Кім тапқыр?» ойынындағы сөзжұмбақты шешіңіздер.



1. Единство.
2. Героизм.
3. Дружба.
4. Родина.
5. Мир.

1. Знание.
2. Воспитание.
3. Семья.
4. Земля.
5. Язык.

Қорытындылау: VI кезең.

«Кім шапшаң?» ойынындағы сұрақтарға жауап беріңіздер.

1	2
3	4
5	6

1. «Тіл» туралы қандай мақал білесіз?
2. «Ерегіскен ел болмайды, Есептескен дос болмайды» мақалының мағынасын түсіндіріңіз.
3. «Ғылыммен жақын болсаң, қолың жетер, ...» мақалын аяқтаңыз.

4. Мақал мен мәтелдің айырмашылығын айтыңыз?
5. «Умный за совет поблагодарит, Дурень насмешкой ответит» мақалды аударыңыз.
6. «Теңге – тиыннан, Ынтымақ – ұйымнан» мақалының тақырыбын тап.

- Міне, балалар, мақал-мәтелдердің дәріптейтін тәрбие-лік мәні ұшан-теңіз екеніне, сіздердің өнер-білім, тіл

үйренулеріңізге мақал-мәтелдердің мәні зор екеніне көздеріңіз жеткен болар. Олай болса, аз сөйлеп, көп тыңдаған бала ғана өмірден өз сыбағасын алатынын ескертемін және үлкен ойды аядай қалыпқа сыйғызып, асқан шеберлік танытқан халық даналығы – мақал-мәтелдерді күнделікті тұрмыста да орынды қолдануға шақырамын.

Бағалау. Үй тапсырмасы: мақал-мәтелдерді жинақтаушылар мен зерттеушілер туралы реферат жазып келу; 15-беттегі 1.4-тапсырманы аударыңыздар.



Мәдина КӘКІМҚЫЗЫ,
Қостанай облысының
Қамысты ауданындағы
№1 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ТАБИҒАТТЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙМЫЗ?


Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылардың оқудағы (дұрыс, шапшаң, мәнерлеп оқу) қалыптастыру және мәтінмен, жаңа сөздермен таныстыру; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау, сөйлеу қабілетін, тіл ұстартуын жетілдіру, оларды интерактивтік тақтада жұмыс істеуге, сауатты жазуға төселдіру; **тәрбиелік** – табиғат пен адам, тұтастығын түсіндіре отырып, жеріне, еліне, өз ұлтына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Әдісі: сұрақ-жауап, ізденіс, шығармашылық. **Көрнекілігі** – интерактивтік тақта, слайдтар, тірек-сызбалар, қарындаш.

Сабақ барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

- а) Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу.
- ә) Қыс туралы көрсетілген слайд бойынша әңгімелеу.
- б) Үй жұмысын тексеру:
 - * кластерді толтыру;
 - * сұрақтарға ауызша жауап беру.



2. Сұрақтарға жауап беріңдер (Интерактивтік тақтадағы көрсетілген сұрақтар).

1. Экология неден басталады?
2. Су бар жерде не бар?
3. Су мол болса, не мол болады?
4. Барлық тіршіліктің көзі не?
5. Бұрын Қазақстанда неше сынақ полигоны болған?
6. Қазір Қазақстан қандай мемлекет?
7. Ең үлкен қай сынақ полигоны болған?
8. Семей полигоны қай жылы жабылды?
9. Бұл қозғалысты ұйымдастырушы әрі жетекшісі кім болған?

Сұрақтардың дұрыс жауабы:

1. Экология, алдымен, адамның өзінен басталады.
2. Су бар жерде- тіршілік бар.
3. Су мол болса, астық та, шөп те, гүл де жайқалып өседі.
4. Жер – Ана.
5. Үш сынақ полигоны болған.
6. Ядролық қаруға қарсы мемлекет.
7. Ең үлкен Семей сынақ полигоны болған.
8. 1984 жылы жабылды.
9. Ақын, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов.

Жаңа сабақ.

Мұғалім: - «Біз бүгін интерактивтік тақта бойынша көреміз, оқимыз, жазамыз».

- Балалар, біз табиғаттан не аламыз?

- Пайда аламыз.

А.К.Тимирязев айтқан: «Өсімдік жақсы өссе – адам да жақсы өмір сүреді».

Сөйлемді мәнерлеп оқу, аудару, көшіріп жазу.

Жаңа сөздермен танысу.

Сөздік:

ғаламшар – планета;

азайып барады – становится меньше;

ластанған – загрязнен;

қалдықтар – отходы;

қоршаған орта – окружающая среда;

ұлы заттар – вредные вещества.

Оқушылар жаңа сөздерді бірге, жеке айтады, сөз тіркесін құрастырады, фонетикалық талдау жасайды. Мысалы: *анат* сөзі.

А-дауысты, жуан, езулік, ашық дыбыс;

П-дауыссыз, қатаң дыбыс;

А- дауысты, жуан, езулік, ашық дыбыс;

Т– дауыссыз, қатаң дыбыс.

Мәтінді тақтадан кезекпен оқу, қысқаша аудару.

Бүгінде экология адамзаттың ең үлкен проблемасына айналды. Табиғи ресурстар азайып барады. Бізді қоршаған орта ластанған. Үлкен қалалардың ауасында адам ағзасына зиян көптеген ұлы заттар кездеседі.

Мысалы: күкіртті сутек, күкірткөміртек, қорғасын, сынап, т.б.

Табиғат – тірі дүние. Біз табиғаттан тек алуды білеміз. Оның бар байлығын пайдаланып жатырмыз. Ал, табиғатқа қамқорлық жасауды ұмытып кетеміз.

Табиғаты сақталған халықтар ұзақ өмір сүреді. Олардың

ұрпақтарына қалдыратын мұрасы бар.

Еуропа елдері қоршаған ортаны қорғауға көп мән береді. Орман – оттектің жер бетіндегі бірден-бір көзі. Ол – атмосфералық ауаны тазартады.

Академик К.А.Тимирязев: «Өсімдік жақсы өссе – адам да жақсы өмір сүреді» деген.

Қалай дәл айтқан сөз!

Табиғатқа келтірген зиян – өзімізге жасалған қастандығымыз. Табиғатымызды аялайық! («Экология» журналынан).

Сұрақтарға жауап беру:

- Бүгін экология неге айналды?
- Бізді қоршаған орта қандай?
- Қалалар ауасында нелер кездеседі?
- Академик К.А.Тимирязев не деген?

Дәптермен жұмыс. Сөз құрамын талдау, синтаксистік талдау жасау.


1. Табиғатты қорғау – адамның азаматтық борышы.

Сөйлемді тағы қалай айтуға болады?

«Табиғатты қорғау – адамның азаматтық борышы».

- Әр адам табиғатты қорғауы, аяуы, сақтауы керек.

2. «Қорғау» деген сөзді жіктеу.

Қорғау 

Қорытынды: Кластер құрастыру.



Үйге тапсырма: табиғат туралы 5 мақал-мәтел жаттап келу. Баға қою.

АРАЛ ТЕҢІЗІНІҢ МӘСЕЛЕСІ

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: диалог, монолог, мақал-мәтел, нақыл сөздер, қанатты сөздер және проблемалық сұрақтар қою арқылы оқушының сөздік қорын молайтып, оқушының ауызекі сөйлеу тілін дамыту; **білімділік** – мәтінді түсіне оқи отырып, мазмұнын өз сөздерімен байланыстыра айтуға жаттықтыру, сөз тіркестерін құрастыру, сұрақ қою арқылы өз ойларын жеткізе білу, грамматикалық тұлғаларды, сөз тіркесін сөйлем ішінде айыра білу, сөз құрамын анықтау, етістіктерді осы шақта, өткен шақта, келер шақта жіктеу, құрмалас сөйлемнің түрлерін ажырата білу, құрмалас сөйлемге синтаксистік талдау жасай білу; **дамытушылық** – жоғарыдағы тапсырмаларды орындай отырып, білім, білік, дағдыларын қалыптастыру; әр түрлі грамматикалық тапсырмаларды орындау арқылы сауаттылығын арттыру; оқушының ойлау қабілетін, ізгі ниетін, жақсы қасиеттерін, сөйлеу тілін, жылдам жұмыс жасау қабілеттерін дамыту; естігенін іс-әрекетте қолдана отырып, нәтиже шығаруға баулу; **тәрбиелік** – таза сөйлеуге үйрету, мемлекеттік тілге деген қызығушылығын арттыру, қоршаған ортаны сүюге, аялауға, қорғауға, мемлекеттік тілді құрметтеуге тәрбиелеу.

Типі: жаңа материалды оқып-үйрену сабағы. **Түрі:** ашық сабақ. **Әдісі:** мәтінмен, интерактивті тақтамен, үлестірмелі кәртішкелермен жұмыс, диалог құру, тыңдалым, жазылым, айтылым, оқылым, әңгімелеу, түсіндіру, қайталау.

Көрнекіліктері: Қазақстан картасы, қоршаған орта туралы көрнекі құралдар, кестелер, мақал-мәтелдер, үлестірмелі көрнекіліктер, қанатты сөздер, интерактивті тақта. **Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті, орыс тілі, география.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

а) Амандасу; ә) Сыныпты түгелдеу; б) Сұрақ-жауап.

II. Ұй тапсырмасын тексеру. Біз нешінші модульді оқып жатырмыз? Бұл модуль қалай аталады? Қазақстанның табиғаты қандай? Табиғат дегеніміз не?

Ұй тапсырмасын сұраймын.

Интерактивті тақтамен жұмыс. Слайд көрсету.

(Суреттер шығады, оқушылар суретті атайды, Қазақстанның табиғаты туралы әңгімелейді).

Өткенді қайталау. Өткен сабақтарды қайталап, түсінбегендерін түсіндіріп, жаңа сабаққа көшу, сабақ барысын, мақсатын жариялау.

III. Жаңа тақырып лексикасы: Арал теңізінің мәселесі.

Грамматикасы: Құрмалас сөйлемдерді қайталау.

Құрмалас сөйлем қаншаға бөлінеді? Салалас құрмалас сөйлем қаншаға бөлінеді? Салалас құрмалас сөйлем қалай жасалады? Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем қалай жасалады? Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем қалай жасалады? Талғаулы салалас құрмалас сөйлем қалай жасалады? Сабақтас құрмалас сөйлем қаншаға бөлінеді? Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем қалай жасалады? Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем қалай жасалады? Себеп-салдар бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем қалай жасалады? Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем қалай жасалады?

Қысқаша Арал теңізі туралы әңгімелеу (Слайдтар көрсетіледі).

- Балалар, Арал теңізінің жағдайы өте қиын. Арал теңізі мен Сырдария өзені күн сайын тартылып барады. Теңіз суы жоққа тән. Кей жерлерде су жағадан 120 шақырым қашықтады. Ауаға теңіз түбінен миллиондаған тонна тұз ұшады. Өсімдіктер мен жануарлар құрып барады. Осы аймақта тұратын адамдардың да тағдыры өте ауыр. Арал теңізінің жанындағы ауылдарда тұратын адамдар жан-жаққа кетіп жатыр. Хал нашар. Не істейміз? Бұл апатты қалай тоқтатуға болады? Аралдың суы қайда кетті? Аралды құтқаруға бола ма? Аралдың жағдайы қандай? Қане, кім айтады? (Оқушылар өз ойларын айтады).

Олай болса кітапты ашайық.

Бүгін сабақта Арал теңізінің мәселесі төңірегінде жұмыс жасаймыз.

1) Сөздік жұмысы:

мәселе – вопрос, задача, проблема;

апат – стихия, бедствия; зардап- жгучая боль, вред;

зардап шегу – пострадать; тартылу – спадать;

төмендеу – опуститься; түбі – дно;

құрып барады – исчезают; кеуіп барады – высыхает;

тағдыр – судьба; деңгей – уровень;

алыстады – отошла; жаға – берег;

келісім – соглашение, договор; кеңес – совет;

жауапкершілік – ответственность;

қиын, ауыр – тяжело; өкіл – представитель.

Осы сөздермен әр түрлі грамматикалық тапсырмаларды ауызша орындайды.

а) 2-3 сөзге ауызша фонетикалық талдау жасау.

мә-се-ле – бұл сөзде 3 буын, 6 әріп, 6 дыбыс бар;

ке-лі-сім – бұл сөзде 3 буын, 7 әріп, 7 дыбыс бар.

ә) Сөз тіркестерін құру.

Арал теңізінің мәселесі. Судың деңгейі. Келісім жасады. Кеңес құрды. Аралдың тағдыры

б) **Синонимдерін табу:** апат, зақым, зардап, залал, жағалау, жиегі, шеті, тіршілік, өмір, түбі, асты.

2. Мәтінмен жұмыс. Арал теңізінің мәселесі (Оқушылар мәнерлеп оқиды).

Арал теңізінің мәселелерін шешу үшін Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен 1993 жылы 26 наурызда Арал теңізінің мәселері жөніндегі мемлекетаралық келісім жасалды. Бұл келісім Қызылорда қаласында өтті.

1993 жылы 26 наурызда Арал теңізінің мәселелері жөніндегі мемлекетаралық Кеңес құрылды. Кеңеске Орта Азия елдері, яғни, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан кірді.

Бақылаушы ретінде Ресей Федерациясы енді. Кеңесті әр жылда аталған елдер кезекпен басқаратын болып шешілді. Алғашқы кезек Өзбекстанға берілді. Кеңес өз жұмысын Халықаралық Арал қорымен және Дүниежүзілік банкпен бірлесе отырып жүргізді.

3. Оқушының мәтінді түсінгенін тексеру. Слайд — Қазақстан картасы.

- Мынау не, балалар?
- Бұл - Қазақстан картасы.
- Қазақстан қайда орналасқан?
- Қазақстан Орта Азияда орналасқан.
- Орта Азия елдерін аташы.
- Орта Азия елдері: Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан.
- 1993жылы не құрылды?
- 1993жылы Арал теңізінің мәселелері жөніндегі Кеңес құрылды.
- Бұл Кеңес қайда құрылды?
- Бұл Кеңес Қызылорда қаласында құрылды?
- Бұл Кеңеске қандай елдер кірді?
- Бұл кеңеске Орта Азия елдері кірді.

- Кеңес мүшелері не жасады?
- Кеңес мүшелері келісім жасады.
- Не туралы келісім жасады?
- Арал теңізінің мәселелері жөнінде келісім жасады.

4) Үлестірмелі кәртiшкемен жұмыс. Слайд – Арал теңізі.

1. Көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауын қойып, мәнерлеп оқыңыз.

(тапсырма)

(дұрыс нұсқасы)

Арал теңізі	Арал теңізі
Арал қашып барады жағасы... , Мекенінен – қазақтың даласы... Ұл-қыз болып ұятқа қалдық-ау біз, Теріс бата алғандай анасы... . (С.Жекеев).	Арал қашып барады жағасынан, Мекенінен – қазақтың даласынан. Ұл-қыз болып ұятқа қалдық-ау біз, Теріс бата алғандай анасынан. (С.Жекеев).

2) Көп нүктенің орнына тиісті етістіктерді қойып жазады.

Арал теңізі апатқа Арал теңізінің жағдайы
Арал теңізі күн сайын Теңіз суының деңгейі он метр Кей жерде су жағадан 15-20 шақырым Ауаға теңіз түбінен миллиондаған тонна тұз Өсімдіктер мен жануарлар Сол аймақта тұратын адамдар жан-жаққа Бұл апатты тоқтату үшін Арал теңізінің мәселесімен айналысатын Кеңес

Жауап үлгісі.

Арал теңізі апатқа **ұшырады**. Арал теңізінің жағдайы **қиындады**. Арал теңізі күн сайын **тартылып барады**. Теңіз суының деңгейі он метр **төмендеді**. Кей жерде су жағадан 15-20 шақырым **алыстады**. Ауаға теңіз түбінен миллиондаған тонна тұз **ұшады**. Өсімдіктер мен жануарлар **құрып барады**. Сол аймақта тұратын адамдар жан-жаққа **кетіп жатыр**.

Бұл апатты тоқтату үшін Арал теңізінің мәселесімен айналысатын Кеңес **құрылды**.

3) Екі жай сөйлемнен құрмалас сөйлем құрап, синтаксистік талдау жаса.

а) Арал теңізі күн сайын тартылып барады. Теңіз суының деңгейі он метр төмендеді.

Арал теңізі күн сайын тартылып, теңіз суының деңгейі он метр төмендеді.

ә) Арал теңізі апатқа ұшырады. Теңіздің жағдайы қиындады. *Арал теңізі апатқа ұшырап, теңіздің жағдайы қиындады.*

(Бұл қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем).

VI. Сабақты бекіту:

Сөйлесім: мұғалім-оқушы, оқушы-оқушы.

- *Аралдың мәселесін шешу үшін не істеу керек?*

- Аралдың мәселесін шешу үшін табиғатты сүю керек.

- *Адам табиғатты сүйсе, не істейді?*

- Адам табиғатты сүйсе, гүлдерді жұлмайды.

- Адам табиғатты сүйсе, суды ластамайды.

- Адам табиғатты сүйсе, қоқыс тастамайды.

Рефлексия. Әр оқушы өз ойын айтады.

Табиғатты қорғау – әрбір адамның міндеті.

Мен табиғатты қорғаймын. Мен табиғатты сүйемін.

Мен табиғатты білемін. Мен табиғатты аялаймын. Мен табиғатты аяймын. Мен табиғатты сақтаймын.

VII. Үйге тапсырма: а) «Арал теңізінің мәселесі» деген тақырыпта өз ойын жазып келу; ә) жаңа сөздерді, өлеңді жаттау.



Дария САМЕТҚЫЗЫ,
Семей қаласындағы
дарынды балаларға арналған
Шоқан Уәлиханов атындағы
арнайы ерлер мектеп-лицей-интернатының
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОРЫҚТАРЫ

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – қорықтардың қажеттілігін анықтап, қорықтар кестесін толтыру арқылы жаңа мәліметтер алады, олардың орналасқан жері, жағдайы, құрылған жылы, мақсаты туралы, мекендейтін жануарлары, құстары, өсімдіктері туралы білімдерін кеңейтеді; **дамытушылық** – оқушылар өздерінің оқу, түсіну дағдыларын арттыра түседі, сөздік қорын молайтады, орысшадан қазақшаға аудару мүмкіндіктерін байқайды; **тәрбиелік** – тәртіп, сыйластық, көмек деген түсініктерді қаншалықты қолдана алатындығын байқау; жер, жер арқылы табиғат, қоғамның құндылығын түсінуге тырысады, адамзаттың өмірі табиғатпен тығыз байланысты екенін анықтайды; қорықтардың қажеттілігін дәлелдейді.

Түрі: интерактивті тақтаны қолдану арқылы, сын тұрғысынан жазу мен ойлау технологиясы бойынша өткізілген дәстүрлі сабақ. **Көрнекілігі:** слайдтар, «БББ» кестесі, қима қағаздар, географиялық карта. **Әдіс-тәсілдері:** «БББ» әдісі, оқу, аудирование, мәтінмен жұмыс, сөздікпен жұмыс, 5 жол өлең, Венн диаграммасы, ойтолғау(эссе), жеке, фронталды сұрау. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, тарих, география, биология, экология. **Бағалау:** бағалау парағы арқылы.

Сабақтың жоспары:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

2. Үй тапсырмасын тексеру (қорықтар туралы мәліметтер жинау, презентация дайындау).

3. Жаңа сабақ: ой қозғау.

4. Реализация.

5. Рефлексия.

6. Үйге тапсырма.

7. Бағалау.

Сабақтың барысы.

1. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу, түгелдеу.

2. Бүгін біз топпен жұмыс істейміз, сондықтан бір-бірімізді тексеріп, көмектесіп отыруды ұмытпаймыз. Өйткені негізгі баға топқа қойылады, содан соң жеке бағаланады.

- Үстелдерінде бағалау парағы жатыр. Әр топтың үй жұмысын бағалайсындар. Өткен сабақтағы «Марқакөл қорығы» туралы ойымызды «Қазақстанның қорықтары» деген тақырыппен жалғастырамыз. Қазақстанның қандай қорықтарын білесіңдер?

№	Қазақстандағы қорықтар	Қай жерлерде орналасқан?
1	«Барсакелмес» қорығы.	Қызылорда облысы, Арал теңізінің ортасында.
2	«Марқакөл» қорығы.	Шығыс Қазақстанда Марқакөл көлінің жанында.
3	«Ақсу-Жабағылы» қорығы.	Батыс Тянь-Шаньның Солтүстік жерінде.
4	«Наурызым» қорығы.	1930 жылы құрылған. Ол Қостанай облысында орналасқан.
5	«Алматы» қорығы.	Алматы облысының аумағында.
6	«Қорғалжың» қорығы.	Астана қаласының Солтүстік батысында.
7	«Батыс Алтай және Қаратау» қорығы.	Ол 2004 жылы ашылды. Ол Оңтүстік Қазақстан облысының жерінде.

8	«Үстірт» қорығы.	Батыс Қазақстанның аумағында орналасқан.
9	«Алакөл».	Алматы облысы, бұрынғы Талдықорған облысының аумағында орналасқан.

- Қазір әр топ тақтаға шығып, карта бойынша өздерінің қорығын тауып, үй жұмысымен таныстырады. Ал, топ оқушылары тыңдап отырып, бағалауды ұмытпайды. Соңынан бағалау парақтарын толтырып, мәлімет беруге дайындалып отырады. Енді, осы тақырыпты жалғастыра отырып, барлық Қазақстан жерінің қорығын қарастырамыз. Қорықтар туралы мәлімет аламыз, басқа қорықтардан қандай ерекшелігі бар екендігін анықтаймыз.

Бірінші тапсырма:

Білемін	Білдім	Білгім келеді

Кестенің бірінші «Білемін» деген бөлімін толтырамыз. Әр топ алдында жатқан А4 парағын толтырады, тақтаға іліп қорғайды. «Барсакелмес» қорығы туралы не білеміз?» деген сұраққа жауап берулері керек.

- Енді, екінші бөлігін толтыруға кірісеміз. Ол үшін жаңа тақырыпты бірге қарастырамыз, керек деген мағлұматтарыңды дәптерлеріңе жазып отырыңдар. (Сабакқа әзірлеген презентациядағы мәліметтермен танысамыз).

Алдарыңда жатқан парақтарға Венн диаграммасын толтырыңдар. Ал, енді, мына слайдтағы суреттерге көңіл бөліндерші. Бұл қорықтың табиғаты туралы суретті әңгіме. Не түсіндіңдер? Жауап бермес бұрын мына сөздерді қалай түсінесіңдер, соны анықтап алайық. Құм жоталар-6-ші сурет, сортаң шөл - 3-5 суреттер, сөздіктеріңе жазып алыңдар.

Мына суреттерге қарап Аралдың барлығы құм жоталар мен сортаң шөл деген ұғым туындамау керек. Әдемі жерлері де бар (Слайд көрсетіледі).

- Келесі суретке назар аударайық. Қорықтарда жануарлардың сирек кездесетін түрлері мекендейді. Қорықтың міндеті қандай? Онда жануарларды не істейді? (Қорғайды, сақтайды, зерттейді). Суретке қарап бұл қандай жануарлар екенін анықтай аласындар ма?

- Сөздік дәптерлеріңе жазып алындар.

Қарақұйрық – джайран; Ақбөкен – сайгак; Құлан – кулан.

- Мына суреттердегі жануарлардың аттары қызылмен жазылған. Неге деп ойлайсындар? (Қызыл кітапқа енгізілген).

- Мына өсімдіктер де қызыл кітапқа енгізілген, сирек кездеседі, бірақ олар Аралда бар (Слайд).

- Мына құстар – өте әдемі құстар. Аттары әр түрлі түспен жазылған, неге деп ойлайсындар? Оның мынандай сыры бар. Бұйра, алқызыл бірқазан, аққулар бұрын қорықта мекендейтін, ал қазіргі кезде олар Аралға өте сирек келеді. Осы аталған аңдар, құстар, өсімдіктер барлығы дерлік қызыл кітапқа енгізілген. Құландар басқа қорықтарға көшірілген. Құстар Аралға келмейтін болды. Неге? Неліктен? Қалай ойлайсындар? Осы сұраққа ойланып жауап беріндерші.

Арал теңізінің тартылуы себебінен оның экожүйесі өзгерді. Ішетін тұщы су қалмады. Сондықтан жануарлар көше бастады.

«Арал теңізі» сөз тіркесімен 5 жол өлең құраңдар.

Үйге тапсырма: оқушылардың шығармашылық қабілетін жетілдіру үшін бірнеше тақырыптар ұсынамын. «Табиғат және адамзат», «Барсакелместің құпиясы», «Көмек күткен табиғат» деген тақырыптарға эссе жазу. **Оқушылар білімін бағалау:** бағалау парағы бойынша әр топ өздері баға қойып шығады, соңынан сабаққа қатысуларын ескере отырып, қорытынды баға журналға қойылады.



ДОМБЫРА – АСЫЛ МҰРА

(11-сынып)

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – қазақ халқының арасында кең тараған аспабы туралы мәтінді оқып, мазмұнын айтып беру; **дамытушылық** – оқушылардың өзіндік жұмыстарын тыңдап, қосымша мәлімет алу. Слайд көру арқылы домбыраның түрлерін біліп тану. Атақты адамдардың домбыраларымен көру арқылы танысу; **тәрбиелік** – домбыра қазақ үшін өте асыл зат болғанын оқушыға жеткізу және оны қадір тұтуға баулу.

Түрі: жаңа тақырыпты меңгеру. **Әдісі:** сұрақ-жауап, оқушылардың шағын ғылыми жобаларын қорғау, интерактивтік тақтаны қолдану.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй жұмысын тексеру (сұрақ-жауап):

- Қазақ халқы қандай халық?
- Қонақты қалай қарсы алған?
- Кешке ауыл адамдары не айтқан?
- Өлеңді қандай аспаппен айтқан? (Оқушылар жауабы)
- Домбыра – қазақ халқының арасында кең тараған аспап түрі. Домбыра, оның түрлерімен және атақты адамдардың домбыраларымен слайд арқылы танысамыз. Оқушылардың өзіндік жұмыстарын тыңдау арқылы қосымша мәлімет аламыз, сұрақтарға жауап береміз.

III. Жаңа тақырыпты талдау:

Сабақтың эпиграфы: I слайд.

Домбырадай мұраны

Қастерлеуге тұрады.

Сонда жатыр даламның

Үні мен ұраны!

- Осы өлең жолында не туралы жазылған?

Домбыра – ата-бабаларымыздан қалған мұра. Оны қазақ әрқашан құрметтеп, қымбат зат ретінде ұстаған. Домбыра халықтың тарихын, өмірін, сезімін баяндаған.

II слайд (домбыра түрлері).

Қазақ дүниетанымы бойынша домбыра бойында қолөнер, орындаушылық, күйшілік секілді танымдық құндылықтар жинақталған. Адам көкірегіне нұр құятын, жамандықтан сақтайтын күшке ие аспап ретінде оған үкі, қоңырау тағып, төрге іліп қастерлейді. Басқа аспаптарға қарағанда домбыра бақсы ойыны, дуаналық, елшілік секілді діни-ғұрыптық салттарда қолданылмайды. Қазақ даласының әр өңірінде «үшем», «бүктемелі», «қоссаз», «үш ішекті» деп аталатын үлгі-нұсқалары пайда болған.

III слайд. Жаңа сөздер.

Қос ішекті – двухструнный;

Сезім – чувство;

Тиек – деревянная подставка под струны;

Перне-лад – поперечные деления на струнных инструментах;

Қарағай – сосна;

Самырсын – кедр.

1. Оқу.

2. Морфологиялық және дыбыстық талдау.

3. Синоним келтіру.

Ертеден – ежелден, көнеден;

Сезімді – сезімтал, сезгіш, сезімшіл, сезінгіш, сезімпаз.

Күнделікті өмірде – күнбе-күн, күнде, күніне, күніге;

Тарту – сыйлау.

3. Есте сақтау қабілетін дамыту.

Домбыраның түрі, құрылысы, күтімі туралы бір оқушы баяндайды (сұрақ-жауап). Слайд.

Оқулықтың 52-бетіндегі мәтінмен жұмыс:

1. Оқушылар тізбектеп оқиды, мазмұнын түсінеді.

2. Сұрақ-жауап құрастыру.

- Домбыра қандай аспап?

- Қазақ домбыра арқылы нені баяндайды?

- Домбыраның қандай бөліктері бар?

- Қандай ағаштан жасайды?

- Домбырамен не тартуға болады?

- Домбыра қандай зат?

3. Мәтінді іштей оқу.

4. Сөз қорын тексеру.

Домбыра туралы не білдік? (Алған білімдерін қорыту, дұрыс, сауатты сөйлемдер құру).

Қазақ жерінің әр өлкелерінде тұратын халық шеберлері домбыраны әр түрлі үлгіде жасаған.

Сөйлемнің түрін ажырату (жай, хабарлы, жақты, толымды, жайылма).

Сөз тіркестерінің байланысу тәсілдерін ажырату:

1. Халық шеберлері жасаған – қиысу.

2. Домбыраны жасаған – меңгеру.

3. Әр өлкелерінде тұратын – меңгеру.

4. Қазақ жерінің шеберлері – матасу.

5. Халық шеберлері – қабысу.

6. Әр түрлі үлгіде – қабысу.

Зат есім, сын есім, етістікке морфологиялық талдау.

Слайд. Домбыралардың нұсқаларымен танысу.

Оқушылар өздерінің шағын ғылыми жобаларын қорғап, сұрақ-жауап құрастырады.

Слайд. Қазақ халқының атақты адамдарының домбыралары туралы қосымша мәлімет алу (Абай, Дина

Нұрпейісова, Әміре Қашаубаев, т.б.)

- Тағы қандай ұлттық аспаптарды білесіңдер?

- Оларды қайдан көруге, естуге болады?

Слайд. Ең бірінші домбырашылар ансамблі 1934 жылы құрылған.

Домбыра туралы өлеңді оқулықтан оқу, мазмұнын түсіну.

IV. Сабақты қорыту: тест сұрақтарына жауап беру.

V. Бағалау.

VI. Үй жұмысы: «Домбыра туралы» эссе жазып келу.



Ақсұлу БОЛАТҚЫЗЫ,
Солтүстік Қазақстан облысының
Айыртау ауданындағы №1
«Саумалкөл» орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ОТАН ДЕГЕН – АТАМЕКЕН, ОТАН ДЕГЕН – ТУҒАН ЖЕР

Мақсаты: **білімділік** – оқушылардың Отан туралы түсініктерін кеңейту. Егеменді ел жетістіктерімен таныстыру; **дамытушылық** – туған елі, Отаны туралы оқушының сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілетін дамыту; **тәрбиелік** – оқушының еліне деген сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін тәрбиелеу.

Түрі: білім тексеру сабағы. **Әдісі:** сұрақ-жауап, әңгімелеу, өлеңдер оқу, сөзжұмбақ шешу. **Көрнекілігі:** бейнетаспа, суреттер, ҚР-ның Мемлекеттік рәміздері, орамал, сөзжұмбақ.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

А) Сәлемдесу.

Ә) Кезекшімен тілдесу және сабаққа даярлықтарын тексеру.

II. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.

20 жылдық Тәуелсіздік мерекесінің қарсаңында өткізілетін сабағымыздың тақырыбы: «Отан деген – атамекен, Отан деген – туған жер». Біздің мақсатымыз: өткен сабақтарда оқыған тақырыптарың бойынша алған білімдеріңді пысықтап, қорытынды жасаймыз. Әр азамат өзінің туған жерін, елінің тарихын, мәдениетін біліп өсуі керек.

III. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалады.

- Балалар, біз Мемлекеттік рәміздер туралы не білеміз? (плакат ілінеді)

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері қашан қабылданды?

2. Қазақстанның туы мен елтаңбасы қандай түсті?

1-оқушы: - Біздің Отанымыз – Қазақстан. Оның басты рәміздерінің бірі – Әнұран. 2006 жылдың 7 қаңтарында Қазақстан Республикасының жаңа мемлекеттік әнұраны қабылданды. Әнұранның сөзін жазғандар – Жүмекен Нәжімеденов пен Нұрсұлтан Назарбаев. Ал, әнін жазған – белгілі сазгер Шәмші Қалдаяқов. Әнұранды жатқа білу – әрбіріміздің парызымыз.

2-оқушы: - Көк байрағы бабамның -
Бүгінгі ұрпақ алауы.
Тірегі әке, баланың -
Қазақстан жалауы.

3-оқушы: - Қазақстан мемлекетінің туы көгілдір түсті. Тудың ортасында Күн бейнеленген. Күн – бейбітшіліктің

белгісі. Күннің төменгі жағында қыран бейнеленген. Қыран – бостандықтың белгісі. Сол жағында қазақтың дәстүрлі өрнегі бар. Тудың авторы – суретші Шәкен Ниязбеков.

4-оқушы: - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының ортасында шаңырақ бейнеленген. Шаңырақты айнала уықтар Күн сәулесіндей жарқырайды. Оның екі жағын қанатты пырақтар көмкерген. Елтаңбаның жоғарғы жағында жұлдыз орналасқан, ал төменгі жағында «Қазақстан» деген жазу бар. Елтаңбаның авторлары – Шота Уәлиханов пен Жандарбек Мәлібеков.

5-оқушы: - *Елтаңбасы елімнің
Неткен әйбат, әдемі!
Тұнығындай көңілдің
Ортада аспан әлемі.*

*Құт-береке – шаңырақ,
Орын алған ол төрден.
Қанатты қос арғымақ
Екі жақтан көмкерген.*

IV. 1. Қазақстан Республикасының картасына шолу жасайық.

6-оқушы: - Қазақстанда ірі қалалар көп. Олар – Астана, Алматы, Қызылорда, Ақтау, Ақтөбе, Шымкент, Атырау, Тараз, Қостанай, Қарағанды, Павлодар, Өскемен, Петропавл, Жезқазған. Қазақстанның жері бай. Қарағанды мен Екібастұзда көмір, Ақтау мен Маңғыстауда мұнай, Балқашта мыс, Өскеменде мырыш өндіріледі.

7-оқушы: - Мен Қазақстанда тұрамын. Қазақстан – менің атамекенім. Ол – керемет ел. Қазақстанда кең-байтақ дала, асқар таулар, мөлдір көлдер, өзендер бар. Қазақ халқы – мейірімді, қонақжай халық. Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі, мемлекеттік тіліміз. Қазақ тілі – өте әдемі, бай тіл. Мен Отанымды мақтан етемін.

Мұғалім сөзі: - Сонымен, Қазақстанның жері өте бай.

Әр қала өз байлығымен атақты.

Қарағанды, Екібастұз ----- көмірімен,
Алматы ----- алмасымен,
Атырау ----- мұнайымен,
Жезқазған ----- мысымен,
Қызылорда ----- күрішімен,
Ақмола, Қостанай ----- бидайымен.

Отан дегеніміз не?

- Отан – адамның туып-өскен жері. Қазақстанда тұратын адамдардың Отаны – Қазақстан Республикасы. Адамның кіші Отаны да болады. Ол – тұрған үйі, ауласы, көшесі, ауылы, мектебі, достары, көршілері. Отанды сүйе білген адам бақытты. Отанды сүйу отбасынан басталады.

V. Дәптермен жұмыс. Грамматикалық тапсырмаларды орындау:

1. **Киіз үй.** Отан, жер, қазақ, ел, ата-ана, кіші, отбасы, көше, тау, өзен, дала, ән.

Жуан буынды сөздер. Жіңішке буынды сөздер.

2. Қазақстан, тәуелсіздік, мемлекет, әнұран, елтаңба.

Сөздерді буынға бөліп, буын түрлерін ажырат.


3. **Сөзжұмбақ шешу.**

VI. Айтылым. Астана туралы бейнетаспа көрсету.

Астана – Қазақстан Республикасының елордасы. Ол Есіл өзенінің жағасында орналасқан. Астана – көрікті қала. Мұнда әсем ғимараттар, мұражайлар, ескерткіштер бар. Астана жылдан-жылға көркейіп келе жатыр.

VII. «Сиқырлы тақия» ойыны арқылы Отан туралы кім қандай мақал білетінін анықтайық.

VIII. Енді, «Қазақстан қандай мемлекет?» деген сұраққа жауап беру үшін кластер құрастырамыз.



IX. Ойын. «Орамал тастау». Шарты: орамал шашақтарына байланған тапсырмаларды әуен арқылы оқушылар арасында жүргізу, әуен тоқтаған кезде орамал қай балада қалса, сол бала тапсырманы орындайды немесе сұрақтарға жауап береді.

X. Тест сұрақтарына жауап беру.

XI. Қорытынды жасау үшін сұрақтар қою:

1. Биыл Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне неше жыл? 2. ҚР тұңғыш Президенті кім? 3. Қазақстан қандай мемлекет?

- Енді, Тәуелсіз Қазақстанымызға тілек тілейік, балалар!
- Ал, енді, балалар, осы тәуелсіз Елімізге ант берейік.
- Біз ант береміз, өз Отанымызды құрметтейміз, сүйеміз, қорғаймыз!

XII. Бағалау. XIII. Үйге тапсырма.



ЕЖЕЛГІ БАСПАНА – КИІЗ ҮЙ

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылар қазақ халқының баспанасы – киіз үймен танысады, сөйлеу тілін дамытады, сөздік қорын толықтырады, сондай-ақ мәтін бойынша сұрақтар құрады, септік жалғауларды ажыратуға жаттығады, қазақ тілінің әдеби тіл нормасына сай сөйлеуге үйренеді; **дамытушылық** – оқушы өз бойындағы бар білімін пайдаланып, жетілдіріп, қорытындылай біледі; өзгенің пікірін сыйлауға үйренеді; **тәрбиелік** – оқушылар бірін-бірі бағалай біледі, бір-біріне сенеді, басқалардың көзқарасын тыңдайды, сыйлайды, өз ұлтының дәстүрін қадірлейді.

Типі: жаңа сабақты меңгеру. **Оқыту формасы:** жекеше, топтық, ұжымдық. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, баяндау, түсіндіру, іздену әдістері. **Пәнаралық байланыс:** география, тарих, әдебиет. **Технологиясы:** СТО. **Көрнекіліктер:** киіз үй суреттері, интерактивтік тақта, бағалау парағы.

Сабақтың барысы.


- 1. Ұйымдастыру кезеңі:* сәлемдесу; оқушыларды түгелдеу.
- 2. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.*
- 3. Үй тапсырмасын сұрау.* 4-тапсырма, 69-бет. («Қолөнер» мәтіні бойынша төменде берілген сызбалар негізінде талғаулы салалас құрмалас сөйлемдер құрандар). 3 оқушы тақтаға шығып, талғаулы салалас құрмалас сөйлемдер жазады.

I. Қызығушылықты ояту бөлімі ассоциация стратегиясын қолдану арқылы жүргізіледі.

Топта тақырыпқа байланысты ой қозғау. Ойтүрткі салу.

«Киіз үй» сөзін естігенде алғашқы минутта қандай сөздер ойға келеді? Әркім өз ойын дәптерге жазады.

Жұптасып, топтасып білетіндерін ортаға салады, ой алмасады. Әр топтан спикер сөйлейді.



- Тағы не білгілерің келеді?

- Киіз үй туралы білімдеріңді толықтыру үшін жаңа сөздермен танысамыз.

Жаңа сөздер:

киіз – кошма; қатты соғу – здесь: сильный (о ветре);

көшіп-қонғанға – к переезду; жығылмайды – не падает;

шапшаң – быстро;

нөсер – сильный дождь;

тігу – собрать (юрту);

балшық – глина;

ыңғайлы – удобный;

шым – дерн;

қыстап шыға беру – зимовать; жамылғы – покров;

ұйытқу – трепать;

қанат – здесь: часть кереге.

- Енді, осы жаңа сөздерді сөз тіркесінде, сөйлемде қолданыңдар (ауызша).

II. Мағынаны ажырату бөлімі.

Ойтүрткі немесе түртіп алу жүйесі:

а) оқулықта 71-бетте берілген «Киіз үй» мәтінін түгел оқып шығындар.

ә) сөздікке қараңдар. Кеспе қағаз таратамын. Кеспеде V - + ? : «V» - білемін; «-» - білмеймін; «+» - жаңа мәлімет; «?» - қызықтым.

б) мәтіннің мазмұнын жұппен, топпен талқылаңдар.

Оқушыларға өздері қойылған белгілері бойынша кестелерін жұптасымен, топтасымен пікір алмасуды тапсыру.


в) әр топтан бір спикер сөйлейді.

Ұжымның жұмыс жасауын басқарамын.

1. Тез жинап, шапшаң тігуге ыңғайлы. 2. Жазда ауасы таза әрі салқын. 3. Қыста киіз үйдің сыртқы киіздерін қабаттап жауып, қыстап шыға берген. 4. Ұйытқып қатты соққан дауылдан жығылмайды, нөсерлеп жауған жаңбырдың суын өткізбейді. 5. Киіз үй осы күнге дейін бірге жасасып келе жатыр. 6. Ішкі қаңқасы (ағашы) мен сыртқы жамылғысына (киізі) қарай төрт қанат, алты қанат, сегіз қанат, он екі қанат болып бөлінеді.

Интерактивті тақтада киіз үй суреттерін көрсетіп түсіндіреді.

1-торкөз кереге; 2 – уық; 3 – шаңырақ; 4 – босаға.



Жигсо II стратегиясын қолдану.

- Әр үй тобы жұмыс тобына бөлінеді (1, 2, 3, 4).
Оқушылар жұмыс тобында тапсырмаларды бірлесіп, талқылап орындайды.

1-топтың тапсырмасы: мәтінді оқып, аударыңдар.
Мәтін арқылы он сұрақ дайындап, сол бойынша жолдасыңмен сөйлес.

Киіз үй

Киіз үй – қазақ халқының ертеден келе жатқан баспанасы. Ол көшіп-қонғанда тез жиып, шапшаң тігуге ыңғайлы. Жазда ауасы таза әрі салқын. Қыста қазақтар киіз үйдің сыртқы киіздерін қабаттап жауып, қыстап шыға берген. Киіз үй ұйытқып қатты соққан дауылдан жығылмайды, нөсерлеп жауған жаңбырдың суын өткізбейді.

Халқымыз XVII ғасырдың екінші жартысында ғана балишықтан, шымнан қыстық үй (қыстау) сала бастағанымен, киіз үй осы күнге дейін бірге жасасып келе жатыр.

Қазақтың киіз үйі ішкі қаңқасы (ағашы) мен сыртқы жамылғысына (киізі) қарай төрт қанат, алты қанат, сегіз қанат, он екі қанат болып бөлінеді.

2-топтың тапсырмасы: мәтіннен септік жалғауы бар сөздерді теріп жазып, жалғаулардың астын сызыңдар.

Ілік септігі: халқының, үйдің, жаңбырдың, ғасырдың, қазақтың.

Барыс септігі: тігуге.

Жатыс септігі: көшіп- қонғанда, жартысында.

Көмектес септігі: бастағанмен.

3- топтың тапсырмасы: «Киіз үй» сөзін септендер.

А.с. не? Киіз үй.

І.с. ненің? Киіз үйдің.

Б.с. неге? Киіз үйге.

Т.с. нені? Киіз үйді.

Ж.с. неде? Киіз үйде.

Ш.с. неден? Киіз үйден.

К.с. немен? Киіз үймен.

4-топтың тапсырмасы: мына төрт бағанға мәтіннен септік жалғаулы сөздерді теріп жазыңдар.

Ілік септігі	Барыс септігі	Жатыс септігі	Көмектес септігі
халқының үйдің жаңбырдың ғасырдың қазақтың	тігуге	көшіп- қонғанда жартысында	бастағанмен

III. Ой-толғаныс бөлімі. «Киіз үй» сөзімен 5 жолды өлең құрастыру.

Қорытындылау.

Бағалау.

Бағалау парағы бойынша оқушылар топта бір-бірін бағалайды.

№	Аты-жөні	Өз ойларын айтып, ортаға салу	Мәтін бойынша жұмыс	Тапсырмаларды орындау	Бес жолды өлең	Жалпы баға
1	Миненкова М.					
2	Қызылбаев Р.					
3	Варшавский В.					
4	Пахомова А.					

Үй тапсырмасы: «Киіз үй» тақырыбына шығарма жазу.





Гүлжиян БАЙЗОЛЛАҚЫЗЫ,
Ақмола облысының
Ақкөл қаласындағы
№2 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

БІРЛІК БАР ЖЕРДЕ - ТІРЛІК БАР

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – тақырыптың мазмұнын ашу, түсіндіру, меңгерту, оқушылардың білімдерін тереңдету; **дамытушылық** – бұрынғы және жаңа ақпаратты салыстырып, шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдыландыру, талдау жасау, пайымдау, тіл дамыту жұмыстарын жүргізу, өзіндік көзқарасын қалыптастыру; **тәрбиелік** – оқушыларды отансүйгіштікке, жерін, елін, Отанын сүйетін патриот етіп тәрбиелеу, сүйіспеншілік сезімдерін ояту, бірлікке баулу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, слайдтар, тарихи қайраткерлердің суреттері. **Пәнаралық байланысы:** әдебиет, тарих. **Түрі:** дәстүрлі сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндірмелі, баяндау, ойландыру әдістері.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

- а) оқушылармен сәлемдесу;
- ә) кезекшінің есебі;
- б) сабақтың ұранын айту.

II. Үй жұмысын тексеру.

III. Жаңа сөздермен жұмыс жүргізу:

Тұсында – во время правления;

Қоғамдық-әлеуметтік – общественно-социальные;

Төңірегінде – около;

Бекіткен – утверждённый.

Жаңа сөздермен сөз тіркесін, сөйлем құраймыз.

Кіріспе сөз. Жаңа тақырыппен таныстыру, түсіндіру.

«Бірлік пен мұрат» мәтінін мәнерлеп оқып, мазмұнын ашамыз:

- Балалар, бірлік пен мұрат сөздерінің мағынасын қалай түсінесіңдер?

- Қай ханның тұсында үш жүзге билер тағайындалды?

- Үш жүздің биі қандай мақсат көздеген?

Атақты адамдар туралы әңгімелеу (слайдтар)

Мәтінмен жұмыс.

Мәтін екі бөлімге бөлінеді. **Тапсырма:** оқушылар өздеріне тиісті мәтінді оқып, бір-біріне мазмұнын айтып беруге тырысады, кейін оқушылар бір-біріне сұрақ қойып, оған жауап береді.

Сабактың тақырыбына байланысты мақал-мәтелдермен жұмыс жүргіземін. Оқушыларға сұрақ қойылады, ал олар сұраққа мақалмен жауап беруі керек, мысалы:

- Отан неден де ыстық?

- Отан – оттан да ыстық.

- Отан неден басталады?

- Отан отбасынан басталады.

- Халықтың ортақ үйі не?

- Халықтың ортақ үйі – Отан.

- Ел бірлігі қандай қасиет?

- Ел бірлігі – асыл қасиет, т.б. мақал-мәтелдер.

Мәтіннен алынған сөйлемге синтаксистік, морфологиялық талдау жасау:

Билер ел бірлігіне ерекше мән берді және олар ел тәуелсіздігі мен тұтастығы үшін ақылын, күш-жігерлерін, мол өмір тәжірибелерін арнаған.

Есімше тұлғасында тұрған етістікті септеу: *арнаған*.

- Балалар, мәтіннің жай сөйлемінен ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдер құрандар.

- Ал, енді, ойларыңды жинақтап, білімдеріңді сынап көрейік:

«**Миға шабуыл**». Оқушыларға өткен сабақтарды қайталау, бекіту мақсатында 20 лексико-грамматикалық сұрақтар беріледі. Бұл сұрақтарға оқушылар ойланбастан жауап беруге тиісті:

- Фонетика нені зерттейді?
 - Екпін қандай буынға түседі?
 - Туда бейнеленген ою-өрнек қалай аталады?
 - Морфология нені зерттейді?
 - Есімше мен көсемшенің айырмашылығы неде?
 - Алдымызда қандай үлкен мереке келе жатыр?, т.б.
- сұрақтар.

- Балалар, мәтіннің соңғы бөлігіне назар аударыңдар:

«Қазіргі кезеңде үш бидің мақсат-мұраттары толық жүзеге асты. Еліміз тәуелсіздік алды. Халқымыз тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Адамзаттың мақсат-мұраты да – осы».

- Қалай ойлайсыңдар, қазір Қазақстан қандай елге айналды?

- Үш бидің мақсат-мұраты орындалды ма?

Әңгіме құраймыз. **«Менің елім – Қазақстан»** тақырыбында монолог тыңдау.

Ой-толғаныс. «Бірлік пен мұрат» тақырыбына 4-5 сөйлемнен тұратын шағын эссе жазу.

IV. Үйге тапсырма.

V. Қорытынды. Оқушыларға өлеңнің екі жолы беріледі, олар ұйқас келтіріп, жалғастырады:

Бірлік пен мұратқа жетеміз біз,

Жасасын ел, бірлігі жарасқан,

VI. Бағалау.

КҮН ТӘРТІБІ

Мақсаты: білімділік – «Күн тәртібі» тақырыбын тиісті мақал-мәтелдермен толықтырып, түрлі жаттығулар орындату арқылы білімін нығайту; **дамытушылық** – оқушылардың сөйлеу әрекетін, есте сақтау, шығармашылық қабілетін дамыту; **тәрбиелік** – оқушылардың өз уақытын дұрыс жоспарлауға тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ. **Көрнекілігі:** суреттер, слайд және демонстрациялық материалдар.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Оқушылармен амандасу. Сабақтың мақсатымен және міндеттерімен таныстыру.

2. Психологиялық дайындық . Қуаныш шеңбері.

II. - Индира, бүгінгі тақырыпты оқып шық (№1 слайд)

- Бұл тақырып бізге таныс па?

- Иә.

- Ендеше, осы тақырыпты әрі қарай жалғастырайық.

- Балалар, күн тәртібі туралы әңгіме жүргізіп, тапсырмаларды орындаймыз және алтын уақытты бағалап, тиынақты болуға бәріміз үйренеміз.

3. (№ 2,3 слайдтар)

- Балалар, сендер таңертең нешеде тұрасындар?

- Тұрғаннан кейін біз бір-бірімізге қандай тілектер айтамыз?

- Қайырлы таң!

- Содан кейін не істейсіңдер?

- Таңертеңгі жаттығу жасаймыз.
- Ал, балалар, таңертеңгі шынықтыру жаттығуларын орындайық.
- Балалар, шамалы күш-қуат жинап, серпіліп қалдық. Ояндық, жаттығу жасадық, ал енді не істейміз? (4 слайд).
- «Ас — адамның арқауы» дегендей, таңертеңгі тамақтануға көп назар бөлу қажет. Таңертеңгі аста қандай тағам жейсіңдер, не ішесіңдер?
- Күн тәртібінің бірінші кезеңімен таныстық. Ал, осы іс-әрекеттер бойынша сөздерді бекітейік. Интерактивті тақтаға қарап келесі сөздерді хормен айтып шығайық, есте сақтайық.

IV. Сөздік жұмысы:

Оянды —

Тұрды —

Таңертеңгі жаттығуды орындады —

Жуынды —

Тіс тазалады —

Сабын —

Сүлгі —

Тіс щеткасы —

Шаш тарады —

Айна —

V. Мұғалім: - *Шынықтырып денені,*

Тісін жуып тазалап,

Мектебіне келеді,

Міне, үлкен азамат!

- Балалар, мектеп сендерге не береді?
- Мектеп бізге білім береді.
- Дұрыс. «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнім жоқ» дегендей, мектеп, білім туралы өлеңдер оқып шығайық.

Рома: - *Мектебім, сен болмасаң*

Білімді қайдан алам?!

Ұстазым, сен болмасаң,

Кім сабақ береді маған?!

Зухра: - *Мектепке барған күнімнен*

Ылғи «бестік» аламын.

Болашағым ол менің –

Жақсы оқыған сабағым!

VI. - Балалар, бүгін мектепте кесте бойынша неше сабақ?

- 4 сабақ болады: математика, бейнелеу, орыс тілі, қазақ тілі.

- Математика сабағында не істейсіңдер?

- Математика сабағында есеп шығарамыз.

- Ал, ендеше, мына есептерді шығарып көріңдер:

$$20 * 10 = 10 \qquad 72 * 28 = 100$$

$$14 * 2 = 7 \qquad 15 * 2 = 30$$

- Жарайсыңдар. Осымен біз қосу, алу, көбейту, бөлу тапсырмаларын қайталадық.

VII. - Екінші сабақ – орыс тілі.

- Балалар, біздің елде мемлекеттік тіл-қазақ тілі. Ал, орыс тілі – қарым-қатынас тілі. Осында отырған кейбір балалардың – ана тілі. Сондықтан екі тілді жақсы деңгейде білулерің керек.

- Қазір мақал-мәтелдерді оқып аударайық.

1. *Отан – оттан да ыстық.*

Любовь к родине горячее огня.

2. *Ел іші – алтын бесік.*

Родная земля – золотая колыбель.

3. *Отан отбасынан басталады.*

Родина начинается с семьи.

VIII. - Ал, келесі сабақ – сурет сабағы. Қазір, балалар, сендер дәптерлеріңе оқу құралдарын салыңдар.

- Жарайсыңдар, маған ұнады. Сурет салғанда не пайдаландыңдар?

- Түрлі-түсті қарындаштар.
Мынау – сары қарындаш,
Мұнымен Күнді бояймын.
Мынау – қоңыр қарындаш,
Мұнымен құмды бояймын.
Мынау – жасыл қарындаш,
Мұнымен гүлді бояймын.
Мынау – көк қарындаш,
Мұнымен суды бояймын.

- Жарайсыңдар, балалар!

IX. - Ал, 4-сабақ – қазақ тілі екен.

- Рита, сен қазақ тілін үйренгің келе ме?

- Иә, мен қазақ тілін үйренгім келеді.

- Ангелина, саған қазақ тілі ұнай ма? - Иә.

- Ұнаса, келесі тапсырмаларды орындаңдар. Партада жатқан кәртішкелер арқылы жуан, жіңішке айтылған сөздерді анықтандар: *(ұстаз, білім, дыбыс, сөз, өлең, бір, төрт, баға, мәтін, қабырға, жазушы, қыз, үздік, күнделік, оқушы, тіл, гүл, терезе, тақта, есік, сабақ, ұлт, ана)*.

X. Күн тәртібімізді жалғастырайық.

- Сабақтан кейін қайда барасыңдар?

- Сабақтан кейін үйге барамыз, түскі ас ішеміз.

- Қазақтың ұлттық тағамдарын кластер бойынша қайталап өтейік (№11 слайд)

XI. Түстен кейін азырақ демалайық (Сергіту кезеңі).

- Демалу барысында ән тыңдайық. «Ән – көңілдің ажары» дегендей, «Туған жер» әнін орындайық.

XII. Күн тәртібі бойынша сабаққа дайындалайық.

- Балалар, сендер үйде жұмбақтарды жаттадыңдар. Жауабын сурет арқылы көрсетіңдер.

- Жарайсыңдар, балалар, өте жақсы. Үйге берілген тапсырманы жақсы орындадыңдар.

- Үй жұмысын жақсы орындап, ұйқыға дайындала

бастайық.

- Қайырлы түн! Жақсы жатып, жайлы тұр! Ұйықтар алдында үй ішінде осындай тілектер айтамыз.

- Міне, балалар, біз бір күнімізді күн тәртібі бойынша өткіздік. Қазір есте сақтау ережелерін оқып шығайық.

Күн тәртібін сақта! Уақытыңды үнемдей біл! Тазалықты сақта!

- Балалар, осының барлығын қолдансаңдар тәртіпті, дені сау, бақытты бала боласыңдар.

XIII. Бекіту кезеңі.

- Балалар, кластер бойынша күн тәртібін кластер бойынша бекітейік.



XIV. Бағалау кезеңі. Абай атамыз айтқан: «әдепті бала – арлы бала, әдепсіз бала – сорлы бала». Осы дана сөздермен сабағымызды аяқтаймыз.

XV. Үйге тапсырма.

ҚАРАТПА СӨЗ

Сабақтың мақсаты: 1. Оқушыларға ақпарат көздерінің бір түрі – газеттің шығу тарихы туралы толық мағлұмат беру арқылы танымдық ой-өрістерін кеңейту, қаратпа сөз туралы түсінік беру; 2. Оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, топтық жұмыс арқылы өзін-өзі көрсете білуге жағдай туғызып, оқушының дамуына жол ашу. Сөйлемнен қаратпа сөзді дұрыс тауып, оның тыныс белгілерін дұрыс қоя білуге жаттықтыру; 3. Ақпарат құралдарына деген қызығушылықтарын арттыру, жан-жақты сауатты, білімді азамат болып өсуге тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ. **Әдіс-тәсілдер:** сұрақ-жауап, жұптық жұмыс, топтық жұмыс, өзін-өзі тексеру, бірін-бірі тексеру, топтық бағалау, жоба қорғау ойыны. **Көрнекілігі:** тірек-сызба, бағалау парағы, үлестірмелі кеспелер, интерактивті тақта.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: Сұрақ-жауап арқылы елімізде болып жатқан жаңалықтарға шолу.

II. Сабақтың мақсатын, өту барысын түсіндіру.

IV. Үй жұмысын тексеру. Үй тапсырмасын оқушылар жұпта бірін-бірі тексеріп, бағалау арқылы бекітеді. Мұғалім әр жұпты тыңдап шығады. Әр оқушы бағалау парағына бағаларын қойып отырады.

1-кәртiшке.

Қазақша жауап беріңіз.	Досыңыздың жауабын тексеріңіз.
1. Как называются средства массовой информации в периодической печати?	1. Мерзімдік басылымдар бұқаралық ақпарат құралдары деп аталады.
2. Что относится к периодическим изданиям?	2. Мерзімдік басылымдарға газет-журналдар жатады.
3. Что мы узнаем из газет и журналов?	3. Еліміздегі, шетелдегі оқиғаларды, тарихи оқиғаларды, атақты адамдар жайында әр түрлі мақалаларды, теледидар бағдарламасын, ауа райын, т.б. білеміз.
4. Какие виды бывают периодической печати?	4. Орталық, жергілікті, ресми, жеке меншік, балаларға, жасөспірімдерге, спортқа, музыкаға арналған түрлері бар.
5. Какие газеты и журналы издаются в Казахстане и в Уральске?	5. «Егеменді Қазақстан», «Жас Алаш» «Қазақстан әйелдері», «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Орал өңірі», «Жайық ұстазы», «Жайық үні», т.б. газет-журналдар шығарылады.

2-кәртiшке.

Досыңыздың сұрағын тексеріңіз.	Досыңыздың сұрағына жауап беріңіз.
1. Мерзімдік басылымдар қалай аталады?	1. Периодические печати называются средствами массовой информации.
2. Мерзімдік басылымдарға нелер жатады?	2. К ним относятся газеты и журналы.
3. Газет-журналдардан нені білеміз?	3. События в стране и за рубежом, исторические факты, об известных личностях, статьи, программу телевидения, прогноз погоды и т.д.
4. Бұқаралық ақпарат құралдарының қандай түрлері бар?	4. Центральные, местные, частные газеты, газеты о спорте и музыке, газеты для подростков и детей.
5. Қазақстанда және біздің облысымызда қандай газет-журналдар басылып шығады?	5. «Егеменді Қазақстан», «Жас Алаш», «Қазақстан әйелдері», «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», местные «Орал өңірі», «Жайық ұстазы», «Жайық үні» и т.д.

V. - Балалар, өткен сабақта біз қандай модульді бастадық?

(Жауап тыңдалады. Осы сұрақты бір оқушы шығып тақтаға жазады)

Сұрақ:

- «Балалар» деген сөзден соң неліктен үтір қойылды?
- Дұрыс, балалар, орыс тілінде ол «Обращение» деп аталады, ал, қазақ тілінде «Қаратпа сөз» деп аталады.

Алдыңғы сабақта оқшау сөздердің түрлерімен таныстық. Демек, бүгін оқшау сөздің бір түрі – қаратпа сөзбен танысамыз. (Ереже интерактивті тақтадан көрсетіледі).

Қаратпа сөз – біреудің назарын өзіне аудару үшін қолданылатын сөздер. Мысалы: - Дамир, мерзімдік басылымдардың түрі, газеттің шығу тарихы туралы не білесің?

Мына сызбаға назар аударып, тыныс белгісінің қойылу тәртібі жөнінде ереже шығарыңыз:

1. ... ,
2. ... , ..., ...
3. ,

Оқушылардың қаратпа сөздің сөйлемнің басында, сөйлемнің ортасында, сөйлемнің соңында келген жағдайда қойылатын тыныс белгілері туралы ережелері тыңдалады.

VI. - Ендеше, мерзімдік басылымдардың бір түрі – газеттің шығу тарихы туралы оқулықта берілген мәтінді оқып, әңгімелейміз.

Жергілікті газеттер. Жаңа сөздермен танысамыз:

Өркендеді – получило развитие;

Қолжазба парақтары – рукописи.

Осы сөздермен оқушылар ауызша сөз тіркесін, сөйлемдер құрастырады.

VI. Топтық жұмыс. Сынып 3 топқа бөлінеді. Мәтін үш бөлікке бөлініп, әр топқа беріледі. Әр топ мүшелері мәтінді оқып, түсініп болғаннан соң, келесі топтарға әңгімелейді, осы бағытпен оқушылар мәтінді толық тыңдап болған

соң, әр топ өз мәтіндерінің бөліктерін келесі топ қалай түсінгендерін байқау мақсатында тапсырмалар дайындайды. Әр топтан топ басшылары сайланады. Топ басшыларына бағалау парағы үлестіріледі, сол бағалау парағына жұптық бағалары және топтық жұмыс бағалары қойылады.

I топ. Сұрақтар қою арқылы тексереді.

II топ. Бұрыс сөйлемдерді айтулары тиіс, келесі тыңдаған топ түзетулері тиіс.

III топ. Сөйлемдерді бастайды, келесі топтар түзетеді.

	Оқушының аты-жөні	Жұптық жұмысты бағалау	Топтық жұмысты бағалау	Қорытынды баға
1				
2				
3				

Мұғалім қорытынды бағасын өзі қояды.

VIII. Топтық жұмыс. Интерактивті тақтада жазылған сызбаны толтыру. Содан соң әр топ өз ішінде тілшілермен «Сұхбат» ойынын жүргізеді. Қай топтың ойыны, тірек сызбалары сәтті шықса, сол топ жеңеді.

Жергілікті газеттер.

IX. Жоба қорғау. Әр топ өз газеттерінің тұсаукесулерін көрсетеді (газеттің айдары, аты және безендірілуі есептеледі, дайындыққа уақыт беріледі).

X. Пунктуациялық диктант. Мұғалім мәтін ішінде қаратпа сөздері бар шағын диктант оқиды. Оқушылар диктантты жазып, тыныс белгілерін қоюлары керек. Содан соң интерактивті тақтадан дұрыс нұсқасы көрсетіледі, оқушылар өздерін-өздері тексеріп, бағалайды.

XI. Қорытынды сұрақтар.

XII. Бағалау.

XIII. Үйге тапсырма: мәтін бойынша сұхбат құрастыру, ереже.

ЗАТ ЕСІМДІ ОҚЫТУ

Мақсаты: білімділік – қазақ тіл білімінің бір тарауы – морфология, оның зерттейтін объектісі – сөз таптары болатынын, олардың құрамдық, тұлғалық, мағыналық түрлері туралы тереңірек мағлұмат беру, зат есім туралы жан-жақты білім беру; **дамытушылық** – жеке тұлғаның ой- қабілетіне әсер ету арқылы оқушылардың өздігінен жұмыс істеу әрекетін дамыту, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру; **тәрбиелік** – ұжымдылыққа, ұқыптылық пен тиянақтылыққа баулу, жақсылық пен жамандықты ажыратуға тәрбиелеу.

Пәнаралық байланыс: орыс тілі, әдебиет. **Көрнекілік:** интерактивті тақта, Абайдың: «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

II. Үй тапсырмасын тексеру:

(Бастауыш сыныптарда сөз таптары бойынша меңгерген білімдеріне сүйеніп, үйге: Абайдың: «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін жаттап, ішінен зат есімдерді теріп келу тапсырылған).

Оқушылар жазып келген зат есімдерін интерактивті тақтаға жазып шығады. *Ғылым, орын, адам, өсек, өтірік, еңбек, мал, дұшпан, талап, рақым, қанағат, іс, ғалым, тілеу, өмір, ой*, т.б.

Осы ретте тәрбиеге көңіл бөлінеді:

1. Қандай нәрседен қашық, яғни, алыс болу керек?


2. Бұларды ақын неге адамның дұшпаны деп санайды?
3. Бес асыл іс деп отырғаны не?
4. Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы келетін сөздерді не дейді?

Лексиканы да қайталап кетуге болады. Осы сұрақтарға жауап ала отырып, олардың адамдық қасиеттерін дамыту көзделді.

IV. Жаңа сабақты түсіндіру.

1. Жаңа тақырыпты қабылдауға дайындық.

Интерактивті тақта:



Сабақтың тақырыбы жазылып, мақсаты түсіндіріледі.

- Қандай заттарды атауға болады?

Оқушы интерактивті тақтаға *парта, тақта, гүл, бор,*
терезе, сынып, мектеп сияқты сөздерді жазды.

Сұрақ: - Бұл сөздер қандай сұрақтарға жауап береді?

Жауап: - Кім? Не?

Сұрақ: - Бұл сұрақтардың орысша аудармасы қандай?

Жауап: - Кто? Что?



Сабақта таяныш болатын әдіс – оқытудың сатылы ұстанымы болып отыр. Дәлірек айтсақ:

1. Зат есімнің анықтамасы;
2. Сұрақтары, оның көпше түрі болатыны, кімдер? нелер? деген сұраққа жауап беретіні де ескертіледі;
3. Тұлғасы, оның негізгі зат есім, туынды зат есім болып екіге бөлінетіні;
4. Құрамы, оның дара, күрделі болып, күрделі қос сөз, қысқарған сөз, біріккен сөз, тіректі сөздерден болатыны;
5. Мағынасының төрт түрге бөлінетіні, егер деректі болса, міндетті түрде нақты болатыны;
6. Сөйлем ішінде, көбінесе, бастауыш пен толықтауыштың қызметін атқаратыны;
7. Түрленуі, қазақ тіліндегі төрт жалғаулар (септік, көптік, тәуелдік, жіктік) арқылы түрленетінін түсіндіру.

Сонымен, зат есімді жеті жолмен сатылай талдау арқылы

оқушы ұғымына жеткіздік. Оқушыларға осы сызбаны ауызша баяндап шығу тапсырылады. Ендігі мақсат – көру, яғни есте сақтау қабілетін байқай отырып, тез қабылдаған оқушыдан сұрап, яғни, жатқа айтқызып, бір зат есімді талдатуға болады.

Мысалы:



7. Қызметі: Мен кітап (-ты) оқыдым, бұл сөйлемде толықтауыш болып тұр.

V. Жаңа сабақты пысықтау:

Оқулықпен жұмыс: жаттығу жұмыстарын орындау.

Шарты: Жалқы есімдерді тауып жаз.

Мысалы: 1. Кісі аттары: Марат, Сәуле, Айгүл, Жанар.

Мемлекет:

Ұйым, мекеме

VI. Сабақты қорыту.

- Біз бүгін қандай тақырыпты меңгердік?

- Қай қырынан таныдық?

- Жалпы есім мен жалқы есімді қалай ажыратамыз?

- Қазақ тілінде «кім?» деген сұрақ адамдарға да, жануарларға да қойыла ма?

- Ал, орыс тілінде ше?

1. Бір оқушы “Көзге елестету” сызбасын түгел қайталатып, қорытынды жасалады.

2. “Рефлексия” ойыны.

- Бүгінгі сабақ ұнады ма? Ұнаса жай ғана езу тартыңдар.

- Ұнамаса, сол қолдарыңды көтеріңдер.

- Не себепті? Себебін айтқыларың келсе, оң қолдарыңды көтеріндер.

Егер айтылатын ойлары, пікірі, ұсынысы болса, бүкіл сынып оқушылары тыңдап, қорытынды шығарылады.

VII. Үйге тапсырма:

VIII. Оқушы жауаптарын бағалау.



Махаббат ТОҚТАРБЕКҚЫЗЫ,

Семей қаласындағы

№4 орта мектептің

қазақ тілі мен әдебиеті


пәнінің мұғалімі.

ТІРЕК-СЫЗБАЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТЫП, САУАТТЫЛЫҚҚА БАУЛУ


Қазақ тілін оқытудың ең маңызды мақсаттарының бірі — оқушыларды сауаттылыққа баулу, ал тіл мен ойлау жүйесінің маңыздылығын ескерсек, тіл дамытудың маңыздылығы ерекше. Мектепте қазақ тілін оқыту барысында әр түрлі көрнекі құралдар пайдаланылады. Олар: затты табиғи түрде көрсету, суреттерді көрсету, графикалық көрнекілік (кесте, тірек-сызба), осындай көрнекілікпен қатар техникалық құралдарды пайдалану (кинофильм, теледидар, интерактивті тақта, т.б.) Техникалық құралды пайдалану — оқушының есту қабілетімен қатар көру қабілетін дамытады. Көрнекі құрал арқылы мұғалім жаңа тақырыпты түсіндіріп, сабақты бекітеді немесе өткен материалды қайталайды. Сондықтан да көрнекілікті қолданғанда белгілі бір мақсатқа жету үшін пайдалану керек.

Қазақ тілі сабағында жиі қолданылатын тиімді көрнекіліктің

бірі – тірек-сызбалар, кестелер. Кестелер мазмұнына қарай: лексикалық, морфологиялық, фонетикалық, орфографиялық, синтаксистік болып бөлінеді. Грамматикалық тірек-сызбалар қиын сөздерді үйрету кезінде өте қолайлы. Ол, біріншіден, көзбен көріп, есте сақтау қабілеттерін арттырса, екіншіден, білімге деген құштарлығын, ынтасын дамытады. Мысалы: фонетиканы өткен кезде мынадай тірек-сызбаны пайдалану тиімді.



Қазақ тілі сабағында графикалық көрнекіліктің де алатын орны ерекше.



Осындай схема арқылы оқушылардың тілдерін дамытып, сөз тіркесін және әңгіме құратуға болады.

ЕТІСТІКТІҢ ШАҚТАРЫН СӨЙЛЕТКЕН – ТІГІНШІЛЕР

Сабақтың мақсаты: білімділік – етістіктің шақтарын қайталай отырып, білімдерін пысықтау, қорытындылау. Мамандыққа байланысты сөздер мен сөз тіркестерін меңгерту; **дамытушылық** – тапсырмалар арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, кәсіби сөздік қорларын молайту; **тәрбиелік** – мамандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу, қазақ тіліне деген сүйіспеншіліктерін ояту.

Көрнекіліктер: интерактивті тақта, слайд-суреттер.
Түрі: қайталау сабағы. **Әдіс-тәсілдер:** сұрақ-жауап, аудару, көрнекілік.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушыларды, оқу құралдарын тексеру. Кезекшімен сұхбат.

2. Тіл дамыту. Оқушылар хормен айтады.

- Тіліңменен жүгірме,

Білімменен жүгір.

- Туған жердей жер болмас,

Туған елдей ел болмас.

- Ауылым-алтын бесігім.

- Отан үшін отқа түс-күймейсің (Б.Момышұлы).

3. Үй тапсырмасын тексеру.

I. Сөздік жұмысын тексеру.

(Бір оқушы сөздерді қазақша айтса, қалғандары орысша

айтады).

тігу – шить;

кесу – резать;

бұру – загибать;

үтіктеу – гладить;

ине – игла;

жіп – нитка.

пішу – кроить;

өлішеу – мерить, измерять;

қадау – пришить;

сөгу – распарывать;

қайшы – ножницы;

II. Етістіктің шақтарынан тест жұмысын алу (Интерактивті тақтадағы жауаптар бойынша оқушылар бірін-бірі тексереді, бағалайды).

1. Келер шақтың неше түрі бар?

а) 1; ә) 3; б) 4; в) 6; г) 2.

2. «Барармын» етістіктің қандай шағында тұр?

а) бұрынғы өткен шақ; ә) мақсатты келер шақ;
б) болжалды келер шақ; в) ауыспалы келер шақ;
г) жедел өткен шақ.

3. Мақсатты келер шақтың жұрнағын көрсет:

а) -ар, -ер; ә) -а, -е, -й;
б) -ған, -ген; в) -ып, -іп; г) -мақ, -мек.

4. Көпше, 3-жақта, бұрынғы өткен шақта тұрған етістікті көрсет:

а) сөйлепті; ә) көретін;
б) жүру; в) жазар; г) күлді.

5. Біз кітапты сатып ал.....

а) -ды; ә) -ыпты;
б) -ғанбыз; в) -ыпсыз; г) -арсыз.

6. «Ашу» етістігін бұрынғы өткен шақтың болымсыз түріне қой:

а) ашпайтын; ә) ашатын емес; б) ашпады;
в) ашқан жоқ; г) ашпа.

7. Аудармасын тап. «Я не писал».

а) Сен жазған жоқсың; ә) Ол жазған жоқ; б) Біз жазбадық;
в) Мен жазған жоқпын; г) Сіз жазған жоқсыз.

8. «Сендер оқыпсындар» етістіктің қай шағында

тұрғанын көрсет:

- а) 1-жақ, осы шақ; ә) 3-жақ, бұрынғы өткен шақ;
б) 2-жақ, мақсатты келер шақ; в) 1-жақ, жедел өткен шақ;
г) көпше, 2-жақ, бұрынғы өткен шақ.

9. Болжалды келер шақтың жұрнағын көрсет:

- а) -пақ,-пек; ә) -ар,-ер,-р; б) -ған,-ген;
в) -а,-е,-й; г) -атын,-етін.

10. «Келмес» етістіктің қай шағында тұр?

- а) Болжалды келер шақтың болымсыз түрі;
ә) Жедел өткен шақ, болымсыз;
б) Бұрынғы өткен шақ;
в) Осы шақ, болымсыз;
г) Күрделі осы шақ, болымсыз.

4. Қайталау сабағы. Оқушылар 3 топқа бөлінеді, әр топтың басшылары болады. Әр топтан бір оқушы шығып, мамандыққа қатысты сөздер мен сөз тіркестерін жазады. Оқытушы дұрыс жауаптарға ұпай жазып отырады.

1-тапсырма.

«Осы шақ»	«Өткен шақ»	«Келер шақ»
тігіп отыр	кигенмін	қиярсың
пішіп жатыр	өлшепті	инені сабақтар
қиып тұр	сөгіпті	оюды жапсырамын
көктеп отыр	кестеледі	жеңді пішпек
сөгіп отыр	қиғанмын	түймені қадайды
	пішті	үтіктемек
	тігіппін	өлшерсің

2-тапсырма. Слайд (Қазақ халқының ұлттық киімдері). Қарындашпен әр киімнің тұсына киімнің атын жазады.

3-тапсырма. Интерактивті тақтада әр топқа тапсырмалар жазылады.

1-топ «Осы шаққа» берілген сөйлемдерді өткен шаққа айналдырады.

Мен «Тігін шеберханасында» ұлттық киімдерді тігіп отырмын. Біз көйлектерге желбіршектерді көктеп жатырмыз. Олар ою-өрнекті тақияға жапсырып жатыр.

2-топ «Өткен шақта» берілген сөйлемдерді келер шаққа айналдырады.

Матаны қайшымен қидым. Көйлектің жағасын үтіктегенмін. Ұлттық киімдерді киіп көргенмін.

3-топ «Келер шақта» берілген сөйлемдерді осы шаққа айналдырады.

Мен бұл киімдерді «Наурыз» мерекесінде киемін. Мынау сәукеле қалыңдыққа ұнар. Біз аспаздарға арнап арнайы киімдер тікнепміз.

4-тапсырма. Интерактивті тақтада мамандыққа байланысты мақалдардың басы жазылған, әр топ кезектесіп мақалдарды аяқтайды.

1. Ағаш көркі – жапырақ, адам көркі – шүберек.
2. Түймені таға білмеген қолына ине тығады.
3. Өнерлі қол – пішуге жақсы,
Өткір қайшы – кесуге жақсы.
4. Сөйлей білмеген сөзді қор етеді,
Тіге білмеген бөзді қор етеді.
5. Ине, жібі бардың үсті-басы жыртылмайды.
6. Қол өнері-кілемде, сөз өнері-өлеңде.
7. Жеті рет піш, бір рет кес.
8. Тігіншіні инесі мен жібі асырайды.
9. Көйлекті көлеңкеге қарап пішпес.
10. Апасы киген сәукелені сіңілісі де киеді.

5. Сабақты қорытындылау.

Семантикалық карта. (Экраннан көрсетіледі)

Мысалдар	Осы шақ	Өткен шақ	Келер шақ
көрсетті		+	
киіп отыр	+		
оюлапты		+	
кестелеген			

өлшеп жатыр			
үтіктер			
тіккізіпті			
әшекейлемеген			
киер			
жинаппын			
қимақ			
сөгетін			
қарармын			
кестелеймін			
бүгіп отыр			
өлшейтінсің			
қадамақпын			
тағып отыр			
кесермін			
жапсыратын			

6. Үйге тапсырма: «Тігін шеберханасында» тақырыбына диалог жазу.

7. Бағалау. Жиналған ұпайлары бойынша бағалау.



САУАТТЫ БОЛУ – ӨЗІҢНЕН

Жетік білген дыбыстардың бар сырын,
Сөздің сұлу сөйлемдегі әр қырын
Жазары анық әрқашан да сауатты,
Көреді анық сөздің ғажап жарқылын.

Білімдіге келмесе де көңгісі,
Синтаксистен сауаттының жеңді ісі.
Бас иді оған грамматика әлемі,
Қойылды оңай барлық тыныс белгісі!

Жанар КЕРЕЙБАЙҚЫЗЫ,
Ақмола облысының
Ерейментау қаласындағы
Төлеу Шаханов атындағы
№3 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

БАЙЛАНЫСТЫРА СӨЙЛЕУГЕ ЖАТТЫҚТЫРҒАН – МЕНІҢ ДОСЫМ

(4-сынып)

Сабақтың мақсаты: 1. «Менің досым» тақырыбы бойынша сөздікті меңгерту, сурет бойынша сөйлемдер құрастыру, сұраққа жауап беру, достары туралы қысқаша әңгімелей білуге үйрету; 2. Оқушылардың сөздік қорларын молайтып, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту; 3. Оқушыларды жолдасына адал болуға тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, әңгімелеу.
Көрнекілігі: сурет, сызба, интерактивті тақта, үлестірмелі кәртішкелер, тест.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй жұмысын сұрау. Үйге берілген тапсырма: мамандық атауларын қайталау, дәрігер, мұғалім сөздерін жіктеу.

III. Өткенді пысықтау.

1. Сурет бойынша мамандықтарды қайталау.
2. Сызба бойынша сұрақтарға жауап беру.



3. Керісінше. «Мұғалім не істейді? Дәрігер не істейді? Сатушы не істейді? Аспаз не істейді? Сенің кім болғың келеді?» сұрақтарына жауап алу.

IV. Жаңа сабақтың тақырыбын, мақсатын хабарлау.

Оқушылардың ойын сабаққа бұру үшін сабақты жақсы тілектермен бастаймыз.

Сәттілік біздер тілейік,

Мен саған, сен маған.

Күндей күліп жүрейік,

Күннің нұрын төгейік,

Сен маған, мен саған.

1. Сөздікпен жұмыс.

Бойы – рост;

Үйірме – кружок;

Ақылды – умный;

Зерек – способный;

Бірге – вместе;

Ұзын бойлы – высокого роста;

Орта бойлы – среднего роста;


Адал – честный;

Тәрбиелі – воспитанный;

Қайырымды – добрый.

(Жаңа сөздерді бірінші мұғалім оқиды. Оқушылар хормен жеке-жеке бірнеше рет оқиды).

2. Жаңа сөздермен тірек-сызба бойынша сөз тіркесін, сөйлем құрастыру.



3. Сөздерді оқушылардың қаншалықты меңгергендерін тексеру мақсатымен «Күн, түн» ойынын ойнау.

4. Оқулықпен жұмыс.

Алдымен мұғалімнің сұрақтарына жауап беру.

- Сенің досың бар ма?

- Аты кім?

- Нешінші сыныпта оқиды?

- Қай мектепте оқиды?

- Қалай оқиды?

1-тапсырма. Сөйлесуді оқу.

5.2-тапсырма. Сурет бойынша әңгіме құрастыру.

6. Дәптермен жұмыс.

1 минут көркем жазу. *Тәрбиелі, ақылды.*

7. Көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды жазу.

Менің дос... жақсы оқиды. Сенің дос... қалада оқиды. Сен әдепті.... Мен тәрбиелі... Сіз зерек... .

7. Сергіту сәті. «Дос болайық бәріміз» әнін орындау.

8. 3 оқушы деңгейлік тапсырма орындайды. Қалғандары көртішкемен жұмыс жасайды. Мәтінді толықтыр, әңгімеле. (Ауызша)

Менің досым бар. Аты – (...). Ол (...) жаста. Досымның шашы (...). Көзі (...). досымның бойы (...). Ол (спорт, би, музыка, ағылшын тілі) үйірмесіне барады. Досым (волейболды, музыканы, биді, сурет салуды) жақсы көреді. Ол (жақсы, өте жақсы, орташа) оқиды. Біз (...) ойнаймыз. Ол – (...) дос.


9. Интерактивті тақтада оқушылардың суреттері. 3-4 оқушы кезекпен шығып, өзінің досын көрсетіп, досы туралы әңгімелейді.

10. Мақал-мәтелдер жарысы.

Дос туралы мақалдарды бірінші қатардағы оқушылар бастайды, қалғандары жалғастырады.

11. - Балалар, сендер шын дос қандай болу керек деп ойлайсыңдар?

Сызбаны толтыру. Сұраққа жауап беру.



12. Тест тапсырмасын орындау.

1. **Дұрыс аудармасын тап. *Мой друг.***

а) менің досым; ә) сенің досым; б) сіздің досыңыз.

2. **Мақалдың жалғасын тап. *Дос тұтқанды***

а) ақылды; ә) тәрбиелі; б) қадірле.

3. **Жалғауды дұрыс жалға. *Мен оқушы....***

а) -мын; ә) -сың; б) -сыз.

4. **Жалғауды дұрыс жалға. *Сен ақылды....***

а) -сыз; ә) -сың; б) -мын.

5. **Жуан сөзді көрсет.**

а) тәрбиелі; ә) қайырымды; б) зерек.

IV.Сабақты бекіту.

- Бүгін сабақта кім туралы айттық?

- Сенің досың кім?

- Ол қандай дос?

Жаңа сөздерді қайталау.

X. Үйге тапсырма: өз досы туралы жазу, сөздерді жаттау.

XI. Бағалау.



Болат МЕКЕМБАЙҰЛЫ,
М.Ю.Лермонтов атындағы
жалпы орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Оңтүстік Қазақстан облысы.
Түлкібас ауданы.

БАУЫРЖАН – ҰЛЫ ТҰЛҒА

Сабақтың мақсаты: Б.Момышұлының өмір жолы жайлы мәлімет беру; а) Отансүйгіштікке, батылдыққа, ерлікке, татулыққа, инабаттылыққа, парасаттылыққа тәрбиелеу; ә) Әдебиет өкілінің өзіндік табиғатын даралай, саралай отырып, ондағы дәстүр мен жаңашылдық, оның адамзат тарихымен тығыз байланысы жайындағы білімдерін қалыптастыру; б) Б.Момышұлы туралы өлең жолдарын жатқа білуге, мәнерлеп оқуға машықтандыру, тілін дамыту.

Көрнекілігі: Б.Момышұлының суреті, кітаптар көрмесі, нақыл сөздер, баспа материалдары, бейнефильм, ұнтаспа.

Сабақтың барысы:

1-жүргізуші: - Қайырлы кеш, ұлағатты ұстаздар мен білімді шәкірттер! Бүгінгі кешімізге қош келдіңіздер!

2-жүргізуші: - *Батыр ұл есімдері сақталады,
Жыр болып жүректерде жатталады.
Ғасырдан – ғасырларға аңыз етіп,
Ұрпағы мәңгі бақи мақтанады,-*

деп ақын ағамыз жырлағандай, бүгінгі кешімізді ашу үшін сөз кезегін мектеп басшысына береміз.

1-жүргізуші: - Әр кезде, әр ғасырда Халық – Анадан сол елдің есімін танытатын перзент дүниеге келеді. Бүгін біз сіздермен халқымыздың біртуар перзенттерінің бірі, халық қаһарманы, Кеңес Одағының Батыры Бауыржан ағамыз

туралы сыр толғаймыз.

1-оқушы: - Бауыржан Момышұлы 1910 жылы 24 желтоқсанда Жамбыл облысы, Жуалы ауданына қарасты Көлбастау ауылында қарапайым отбасында дүниеге келген. Әкесі – Момыш, шешесі – Разия. Әкесі жаны жомарт, көзі ашық, көкірегі ояу кісі болған. Отбасыларында төрт қыздан кейін әкесі Момыш 50-ді еңсерген шағында Бауыржан дүниеге келіпті. Тәуіржан деген інісі бір жасында қайтыс болып кеткен. Әкесінен аздап хат таныған Бауыржан көршісі Евгеньевка ауылындағы орыс мектебінде бір жыл оқып, келесі жылы Жамбыл қаласына келіп, Аса интернатында үш жыл оқып, бастауыш мектепті тәмамдады. 1921 жылы Шымкенттегі жеті жылдық мектепке түсіп, 1928 жылы бітірді. 1928 жылы оны бітірген соң, біраз жылдар мектепте мұғалім болып жұмыс істейді. Бұл – сол кездегі ең абыройлы, беделді мамандықтардың бірі. Сол кездің өзінде-ақ еңбекқорлығымен, өз қызметіне деген ынта – жігерімен, дарынымен көзге түскен жас жігітке аудандық атқару комитетінің хатшысы, милиция бастығы сияқты аса жауапты қызметтер сеніп тапсырылған.

2-жүргізуші: - 1936 жылы Б.Момышұлы әскери борышын өтеуге аттанған кезде әкесі Момыш былай деп бата берген екен:

*Ақ жүрек болып жолдасың, адалдық сені қолдасын,
Жақсылық үшін тірессең, жаныңды арың қорғасын.
Арынды болсын шабысың, алымды болсын табысың,
Найзадай болсын намысың, Ер жігітке бәрі – сын.
Қиындық көрсең – мұқалма, ауырлық көрсең – жұқарма.
Қамқоршы бол кішіге, үлкенді үлгі тұт алға!*
«Аман бол, ағаларым» әні орындалады.

4-оқушы: - Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері халық қаһарманы , қазақтың көрнекті жазушысы Бауыржан 1941 жылы даңқты генерал-майор

И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматыда жасақталған №316 атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанады. (Магнитофоннан соғыстың басталғаны туралы үзінді оқылады.) Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарады. Батыр ағамыз Мәскеу түбінде 27 рет сәтті шайқас жүргізді. 207 рет ұрысқа қатысып, 5 рет өлімнің құрсауында қалғаны, 2 рет өлімші болып жараланғаны туралы Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» кітабында жазылған.

5-оқушы: - Б.Момышұлының әскери даналығын, адами парасатын генерал Панфилов, полковник Серебряков, генерал Чистяков, армия генералы Рокоссовский, сондай-ақ Баграмян, Жуков, Василевский сияқты маршалдар жоғары бағалаған. Баукеңді бірінші рет И.В Панфилов, екінші рет полковник Серебряков Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынған. Әділетсіздіктің салдарынан Баукеңе екі ретінде де Батыр атағы берілмеді. Майдангер жазушы Әзілхан Нұршайықовтың тілімен айтар болсақ, «Баукеңнің генерал немесе маршал болуына ең күшті екі деталь жетпей қалды: жағыну мен табыну деген ...»

«Менің білімімнің, тәжірибеліктің, әй, құдай біледі, ана дүниеге керегі жоқ шығар.Енді қалған өмірімде көрген-білгенімді жастарға айтып кетейін» деп қолыма қалам алып, жазу жұмысына кірісті» дейді.

6-оқушы: - 1955 жылы Армиямен қоштасып, шығармашылыққа бет бұрады. Ол қазақ әдебиетіндегі поэзия, проза, драматургия жанрларын әскери тақырыппен толықтырды. Оның шығармаларынан ел-жерге құрмет, бірлік-берекеге қанағат, әділдікті ту етіп көтеру секілді сипаттар айқын аңғарылады. Ақындық өнер ол тумыстан бастау алады. Бауыржан Момышұлы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, «І дәрежелі Отан соғысы», «Қызыл жұлдыз» медальдарымен марапатталды. Ол атақ-даңқтан кенде адам емес. Ол Кеңес

дәуіріндегі Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен «Халық қаһарманы» деген атақ берілді.

1-жүргізуші:

- Соғыс шындық кешегі өткен,

Жеңіс шындық он есе!

Ерлік жасау мүмкін емес, ер еліне сенбесе.

Олай болса,

Ешбір ұрпақ ұмытпайды Баукеңді.

Ерлік - шындық, елдік - шындық,

Тұр екеуі теңдесе!- дегендей, назарларыңызға Нұржауова Мөлдірдің орындауында «Бейбіт күннің әр күні – ұлы жеңіс» атты әнімізді ұсынамыз.

2-жүргізуші: - 1956 жылы полковник атағымен отставкаға шыққан Бауыржан қазақ және орыс тілдерінде бірдей шығармалар жазып қалдырды. «Офицердің күнделігі», «Біздің семья», «Москва үшін шайқас», «Майдандағы кездесулер», «Ұшқан ұя», т. б кітаптары қалың оқушының іздеп оқитын шығармаларына айналды. Сонымен қатар 37 дәптер-күнделік жазған.

1-жүргізуші: - Енді, осы күнделік бетінен үзінді тыңдап көрелік.

«Баукеңнің қорқынышынан» үзінді.

«Оттан да, оқтан да қорықпаған Бауыржан едім. Кейінгі кезде қорқынышым көбейіп барады. Балаларға бесік жырын айтатын келіндерімнің азайып бара жатқанынан қорқам. Өйткені, бесік жырын естіп, ертегі тыңдап, дәстүрді бойына сіңіріп өспегеннің көкірегі көр бола ма деп қорқам. Ал көрдің қолына балта берсең, шаба салады, бақыр берсең ала салады, найза берсең, сұға салады, намыстанбай бұға салады. Мен табиғатынан, тағдырынан болған соқырлықты айтып отырғам жоқ, тауып алған

соқырлықты аитам. Егер ондай соқырлықтан жазылмасақ,
халық болудан қаламыз ба деп қорқамын!»

2-жүргізуші: - Енді, Бауыржан атамыздың жыр
дәптерлеріне үңілейік.

7-оқушы: «Соғыста».

8-оқушы: - *Мен де адаммын жаралған сүйек, еттен,
Ойым бар, көңілім бар жан тербеткен.
Ақ жалды, асау теңіз ортасында
Азды-көпті төрт-бес жыл өмірім өткен.
Аңсап, арнап алыстан келгенімде,
Рахым түсіп, кім еді мейірім еткен?
Есімде жоқ, жаратқан сол қай пенде
Піріндей қол қусырып құрмет еткен?*

1-жүргізуші: - «Бұлқынды жүрек» әні. Орындайтын
Саттархан Ләззат.

2-жүргізуші: - Бауыржан атамыз келешек ұрпақтың
нақылды, білімді болып өсулеріне зор мән беріп, артында
ұлағатты сөздер қалдырды. Қамқор болды, бата берді, өсиет
айтты. (нақыл сөздерді оқу)

1. *«Тіл дегеніміз – қай халықтың болмасын кешегі, бүгінгі
ғана тағдыры емес, бүрсүгінгі де тағдыры».* 2. *«Қуыс
кеуде болғаннан артық қорқыныш та, қорлық та жоқ».*
3. *«Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды».*
4. *«Тілекке еңбек тірек болмаса, ойға омалып, қырдан аса
алмайсың».* 5. *Именіп жүріп көрген игіліктен, Қарсыласып
жүріп көрген бейнет артық.*

1-жүргізуші: - Батырдың ұлы Бақытжан мен келіні Зейнеп
Ахметова немересі Ержан ұрпақ дәстүрін жалғастырып
келеді. Арамызда Зейнеп Ахметованың «Шуақты күндер
» атты атасы туралы жазған естелік-эссе кітабын оқыған
құрбыларымыз отыр. Сөз кезегін соларға берейік.

«Шуақты күндер», «Ержанның дүниеге келуі».

- Мен осыған дейін Бауыржан атамызды батыр, майдангер ретінде таныған едім. «Шуақты күндерді» оқи отырып, жаны таза, кемеңгер, нәзік жанды адам екенін ұғындым. Келіні Зейнеп босанғанда, түрлі-түсті раушан гүлдерін құшаққа зорға сиятындай етіп ауруханаға әкеліп, «Балам, немеремнің бауы берік болсын! Атаң», - деп хат жазуы мені қатты тебірентті.

Қазақтар келін десе, ол кісі «балам» деп еркелеткен. Бұл — үлкен жүректілік. Әрі «Балаға туған анасынан жақын ешкім болмайды. Атын өзің қойғын. Жолымды саған бердім, балам. Ал саған перзентіңнің қаншалық қымбат екенін дәлелдеудің қажеті жоқ» - деуі де батырдың ұлылығын дәлелдейді.

2-жүргізуші: - Ән: «Қазақтың жгігіттері».

1-жүргізуші: - Қасым Аманжолов Б.Момышұлының соғыстағы өшпес ерлігімен жете таныс болған. Ақынның «Бауыржан» деп аталатын өлеңі батырға деген халық махаббатын білдірген арнау іспетті.

10-оқушы: Қасым Аманжолов. «Бауыржан».

2-жүргізуші: - Аты бүкіл әлем халқына аңыз боп тараған қазақ елінің ақиық қыраны Бауыржан Момышұлының қайталанбас ғажайып сырға толы өмір жолы мен көркем туындыларына куә болдық. Ақиық ақын М.Мақатаевтың Б.Момышұлына арнаған «Ақ тұлпарым бар еді саған деген» атты өлеңін назарларыңызға ұсынамыз.

12-оқушы:

- Аға,

Саған білмеймін не айтарымды,

Қай қырыңнан білмеймін байқарымды.

Көңілдегі ой көмейге кептелді де,

Түрмесіне кеудемнің қайтарылды.

Қайтерімді білмеймін, не айтарымды.

Жасқануды білмеуші ем, жалтаруды,

Неге көңіл білмеймін аңтарылды?!

Ақ тұлпарым бар еді саған деген,

Алып ұшпай ол неге қаңтарылды?!

(Оқушылар кезекпен өлеңді жатқа оқиды).

1-жүргізуші: - 1947 жылы Бауыржан Момышұлы Красноярскіде әскери қызметте жүргенде былай деп жазған екен:

Қадірін білмейміз зой тірі кезде,

Деп жылар сорлы қазақ мен өлгенде.

Ұрпақ атар сексен мен жүздігімді

Тарихтың түпкірінен сөз келгенде.

2-жүргізуші: - Міне, батырдың өзі жазғандай, 100 жасқа толған тойы Қазақстанның жер-жерінде аталып өтіп жатыр. Бауыржан атамыз сияқты өмірі өнегелі істерге толы қасиетті тұлғаны жете біліп, оларды мәңгі есте сақтау — біздің қасиетті борышымыз. Осыны ұмытпайық, жас ұрпақ!

1-жүргізуші:

- Айтамыз біздер ақын деп

Адамды от боп лаулаған.

Ақынға керек ақыл көп,

Асаулық керек аздаған,- дегендей, сөз кезегін ауданымыздың ақыны, қадірлі қонағымыз Әбдібек Аралбайұлы атамызға береміз.

2-жүргізуші:

- Бүгін жайнап жасарсын дала біткен,

Асыр салып қуансын бала біткен.

Жүректері жарылсын қуаныштан,

Аялансын көңілі жақсы үмітпен,- дегендей, бүгінгі кешімізді қорытындылау үшін сөз кезегін қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Болат Мекембайұлы ағайымызға береміз.

Кеш мұғалімнің қорытынды сөзімен аяқталады.

Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –**
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы
ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке
қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 19.03.2012 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.
Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.
Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.
Таралымы – 2172. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**
Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,
Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және
бөлімдер.....256-06-46.

Факс.....256-13-41.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru

**Басылатын жері – «Хай Текнолоджи» полиграфиялық
кешені. Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 43.**

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,
№3, 2012 ж., 144 бет, Алматы.